

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н.Ермекова
Ж.К.Отарбекова
Г.Б.Тоқтыбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына
арналған оқулық

6



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

Шартты белгілер:



– Тыңдалым және айтылым



– Оқылым



– Жазылым



– Ереже



– Әдеби тіл нормалары



– Сұхбат



– Ойтүрткі



– Фибратты сөз



– Деңгейлік тапсырма



– Ізденімдік тапсырма



– Ойталқы



– Жағдаяттық тапсырма



– Артық болмас білгенің



– Үй тапсырмасы

Е 69 Ермекова Т.Н.
Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Г.Б.Тоқтыбаева, – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 208 бет.

ISBN 978-601-318-108-0

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің 6-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылды.

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машықтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-108-0

© Ермекова Т.Н.,
Отарбекова Ж.К.,
Тоқтыбаева Г.Б., 2018
© «Арман-ПВ» баспасы, 2018

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар!

Сендер қолдарыңа «Қазақ тілі» оқулығын алып отырсыңдар. Қазақ тілі – ана тілің, ата-бабаларыңның тілі. Ана тілін сүйген азамат елін де, жерін де сүйеді. «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ.Мүсірепов). Бойында қазақтың қаны бар, намысы бар кез келген адам бабалардан қалған асыл мұрасы – ана тілін қадірлеуге, оны көздің қарашығындай қорғауға міндетті. Себебі тіл – ұлттың белгісі, мемлекеттің айбыны.

Ана тілін арға балаған қазақ киелі сөздің қадір-қасиетін терең ұғынған. Аталы сөзге тоқтаған. Ауыз әдебиетінің бай мұралары (тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, дастандар), ұлы Абайдың шығармалары, бүгінгі әдебиетіміздің жетістіктері – бәрі тіліміздің көркем де шұрайлы, нәрлі екенін көрсетеді.

Сондай тіліміздің нәрін бойына сіңірген, ойын ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білетін, ой-өрісі дамыған, түрлі ортада еркін қарым-қатынасқа түсуге бейім тұлға ретінде қалыптасу үшін «Қазақ тілі» оқулығымен дос болыңдар!

5-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында мәдени қарым-қатынас, күнделікті сәлемдесуден бастап, киіну мен бос уақытты дұрыс өткізу, адамның сырт келбеті мен мінезі, отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер, жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі, көліктер мен жол белгілері, аспан әлемінің құпиялары т.с.с. қызықты мәліметтермен таныс болдыңдар.

6-сыныпта еліміздің көрікті жерлері, өзен-көлдері, елордасы туралы, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, Наурыз мерекесі, ұлттық және отбасылық құндылықтар, тарихи тұлғалар, белгілі спорт жұлдыздары жайында, сондай-ақ әлемнің жеті кереметі, әлемдегі ірі кітапханалар, ғылым мен технология жетістіктері туралы қызықты деректермен таныса отырып, ой-өрістеріңді дамытасыңдар, білімдеріңді кеңейтесіңдер. Жаңа сөздермен, көнерген сөздермен, терминдермен, кәсіби сөздермен таныс боласыңдар. Осы тақырыптар аясында ауызекі, ресми-іскерлік диалог құруға, пікір, эссе, сұхбат, ісқағаздарды жазуға, баяндама жасауға, көпшілік алдында сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыланасыңдар.

Термин сөздерге оқулық соңында түсінік (гlossарий) берілді.

Ендеше, ана тілі әлеміне бірге бойлайық, жас достар!


Оқулық авторлары

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР. ЛЕКСИКОГРАФИЯ

§1. Бурабай ұлттық саябағы

1. Мәтінді оқып, қолданылған тілдік құралдар арқылы стилін (көркем сөйлеу не ауызекі сөйлеу) анықтаңдар.

Қазақстанның кең-байтақ жері өлі күнге дейін сыры ашылмаған, талай құпияларды бойына сақтап келе жатқан ерекше табиғатымен танымал. Соның ішінде Бурабай ұлттық саябағындағы Оқжетпес тауының жөні бөлек. Атауының өзі ерекше. Оқжетпес туралы аңыздың бір нұсқасымен танысайық.



Бір ауылда ерекше бала дүниеге келіпті. Ол күн емес, сағат санап өседі. Он жасында оқ атса, көз жетпейтін биікке ұшып кетеді. Сондықтан оны адамдар Оқжетпес деп атайды.

Оқжетпес өзге балалар сияқты жан-жануарларды қатты жақсы көреді. Бір күні оған ата-анасы сыйлыққа пілдің баласын әкеп береді. Өмірінің соңына дейін піл оның жан досы, көмекшісі болып, ылғи бірге жүреді.

Тарихтан белгілі, қазақ елінің кеңдігіне, сұлу табиғатына, жерасты байлығына, таза ауасына, көз жасындай мөлдіреген көлдеріне, өзендеріне, жабайы жануарлардың көптігіне жаулар қатты қызыққан. Алайда Оқжетпес пілі екеуі дұшпандарды әрбір шабуыл сайын кері қайтарып отырған.

Бір күні жаулар айбарлы Оқжетпеске шабуылдап, жерін басып алмақшы болады. Ержүрек батыр ұзақ шайқасады, сенімді досы піл де оған көмек береді. Соңында Оқжетпес жеңіске жетіп, аз уақыт демалмақшы болып ұйықтап қалады. Жаулары қайта шапқанда, пілдің белгі беріп айғайлағанын да естімейді. Бір кезде оянып, шайқаса кетеді. Оқжетпес өлсірегенін сезіп, Жаратушыдан өзін жаулар келетін жолға

тасқа айналдыруын сұрап жалбарынады. Оқжетпес піл досын жоғары көтереді де, сол сәтте тасқа айналады.

Біздің ата-бабаларымыз Оқжетпес жартасы мен оның шыңындағы пілге ұқсас тас туралы аңызды осылайша баяндайды.

(Толымбек Әбдірайым)



1. Оқжетпестің ерлігіне қандай баға бересіңдер?
2. Оқжетпес неге тасқа айналуы жалбарынып сұрады?
3. Аңызды қалай аяқтар едіңдер?

Сөздердің жазылуы

Тіліміздегі сөздер фонетикалық, морфологиялық және тарихи-дәстүрлі ұстаным бойынша жазылады. Фонетикалық ұстаным бойынша сөз бөлшектері қалай айтылса, солай жазылады. Бұл сөздегі қосымшалардың жазылуында ескеріледі. Мысалы: *адамдар, ағаштар, қартқа.*

Күрделі сөз бен сөз тіркестері айтылғанда, олардың кейбір дыбысы өзгеріске ұшырауы мүмкін, бірақ жазылуда морфологиялық ұстаным бойынша түбірлері өзгермей жазылады. Мысалы: *жер-көк* (айтылуда *жер-гөк*), *қоян-қолтық* (айтылуда *қоян-ғолтұқ*).

Тарихи-дәстүрлі ұстаным бойынша қазақтың байырғы сөздері бұрын қалай жазылса, қазір де сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: *кейуана, миуа, қиуа.*



2. Оқылым мәтініндегі морфологиялық ұстаным бойынша жасалған күрделі сөз бен сөз тіркестерін жазыңдар.

Үлгі: Оқжетпес – Оғжетпес.



3. Аудиожазбадан (01. mp3) «Бурабай» мәтінінің алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжаңдар.



4. Оқылым мен тыңдалым мәтіндері бойынша жинақы мәтін жазыңдар.



5. Оқжетпес шыңы туралы Ш.Уәлиханов жинаған әңгімелердің бірін тауып, оқыңдар. Ондағы фонетикалық және дәстүрлі принциптер бойынша жазылған сөздердің ережесін түсіндіріңдер.


§2. Алтынемел ұлттық саябағы

1. Мәтінді графикалық суреттегі мәліметпен толықтырып оқыңдар, мәтінге басқа ат қойыңдар.

Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ұланғайыр еліміздің табиғаты алуан түрлі. Тауды да, тасты да, шөлді де, көлді де бір арнаға сыйғыза алған табиғаттың құдіреттілігі мен қасиетін еріксіз мойындамасқа амал жоқ!

Табиғат кешенін, археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерді, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау мақсатында ұлттық табиғи саябақтар жұмыс істейді. Соның бірі – 1996 жылы құрылған Алтынемел мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы. Өнші құм атты құмды төбені өз қамқорлығына алған Алтынемел ұлттық саябағы кезінде Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға сапарында пана болған деседі.

Өнші құм – Алматы облысының Кербұлақ ауданы жеріндегі Іле өзенінің аңғарын бойлай орналасқан Үлкен Қалқан тауы және Кіші Қалқан тауы етегіндегі құмды төбе. Алматы қаласынан 250 шақырым қашықтықта орналасқан.



Емел – (моңғол. эмэл) бел, белес, тау асулары.

Қалқан тауларынан соғатын желдің бағыты үнемі өзгеріп отыруы нәтижесінде құм түйіршіктері електеніп, бірегей құм қоспасынан тұратын төбеге айналған. Екі жақтан соққан желдің әсерінен қозғалысқа келген кезде, одан кәдімгі

сырнайdan шыққан таза ән ырғағына ұқсас әуезді дыбысты естуге болады. Шығыстан соққан желдің күші ұлғайған кезде биіктігі 150 метрлік құм таудың басына қарай шоғырланады. Осы кезде реактивті ұшақтың гүріліне ұқсайтын дыбыс естіледі. Бұл табиғат құбылысы көбіне түнде орын алады екен.

(«Қазақстан Республикасының табиғаты» энциклопедиясынан)



1. Тау жотасына не себепті «Алтынемел» деген атау берілген деп ойлайсыңдар?
2. Ғнші құм туралы бұрын естігендерің, оны көргендерің бар ма?
3. Ғнші құмның құпиясын ашқыларың келе ме?



| Бірге жазылатын сөздер | |
|--|---|
| Тұлғасы өзгертіліп барып біріккен сөздер | <i>биыл, ашудас</i> |
| <i>Еш, әр, кей, бір, қай, әлде</i> сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер | <i>ешкім, біржолата</i> |
| Терминдік мәнге ие болған атаулар | <i>сөзжасам, баспасөз, өнеркәсіп</i> |
| Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік т.б. атаулары | <i>қараторғай, сужапырақ</i> |
| Екінші сыңары <i>аралық, тану, сымақ</i> деген сөздер | <i>абайтану, халықаралық, ақынсымақ</i> |
| Бірінші сыңары – <i>фото, электр, радио, авто, авиа, аэро, кино, гидро, агро, транс, инфра, ультра, изо, гипер</i> ; екінші сыңары – қазақ сөздері | <i>аэрошана, фотосурет, ультрадыбыс</i> |
| Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар | <i>Досжан, Екібастұз</i> |
| <i>Ұлы, қызы</i> сөздері адамның тегін және әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде | <i>А.Байтұрсынұлы, Б.Момышұлы</i> |

Ескерту. *Ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар* сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа*. Адам аттарының ішінде *бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, ғали)* сияқты сөздермен жасалған есімдердің сыңарлары әрдайым бірге жазылады: *Мырзалы, Тұрсынзада, Әбдуәлі, Құлмұхамбет*. Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі -ты (-ті, -ды, -ді) қосымшалы өткен шақтағы етістік немесе -па (-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөз болса, мұндай бейнелі тіркестер қосылып жазылады: *алыпқашпа* (сөз), *жүрекжарды* (қуанышты хабар), *жолсоқты* (болу), *қағазбасты* (болу), *пышақкесті* (тыйылу), *баукеспе* (ұры).

- ✓ 2. Бірігіп жазылған сөздердің астын сызып, ережесін түсіндіріңдер.

Алтынемел әлемі

Таутеке, ақбөкендер шапқылаған,
 Бүркіті қыран болып жарқыраған.
 Сазан менен көксерке, ақмарқалар
 Кең көлінде ұландай боп шалқыған.
 Алтынемел, асуың асқақтаған,
 Әдемі ғой табиғатың тас қаптаған.
 Шынымен де, тауып қойған жерімізге,
 Лайық па атауыңа басқа ат саған.

(Нүсіп Гүлжан)

- 🔍 3. Топтарға бөлініп, Алтынемел ұлттық бағы туралы таныстырылым дайындаңдар.

1) Тарихшылар тобы; 2) географтар тобы; 3) зоологтер тобы;
 4) химиктер тобы; 7) экологтер тобы; 8) әдебиетшілер тобы.



Алтынемелдің көрнекті орындарының ішіндегі ең танымалы – Беспатыр көне қорымдары. Сыртынан қарағанда биіктігі жиырма метрлік қарапайым төбелерге ұқсайды. Ғалымдардың айтуынша, бұл жерде б.з.д. VII–III ғасырларда өмір сүрген сақ көсемдері жерленген. Қорғандарды бойлай жануарлар бейнесі қашалған 45 кесек тас тізіліп тұр.

- ❓ 4. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
1-деңгей. «Артық болмас білгенің» мәтінінен біріккен сөздерді теріп жазыңдар.
2-деңгей. Берілген түбір сөздерден біріккен сөз жасаңдар.

Ақ, ішек, ала, тас, омыртқа, зейнет, баспа, кәсіп, ит, дидар, сегіз, көз, сүт, ас, мұрын, қазан, тоқ, мойын, қашан, жол, бет, ашар, өнер, қатынас, ақы, қоректілер, сөз, еш, ара, соқыр, инфра, теке, сақал, қызыл.

3-деңгей. Орфографиялық сөздіктен бірінші сыңары *теле, радио, авто, аэро, агро, авиа, фото, кино, ультра, инфра, электр* сөздерінен жасалған біріккен сөздерді теріп, олармен сөйлем құрастырыңдар.



5. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырып, емлесін есте сақтаңдар.


Алтынемел, Қатутау, қияқөлеңді шалғындар, қысқатаалық қызғалдақтар, қосмекенді көлбақа, қарақұйрық, тауешкі, ақбөкен, сүтқоректілер.

§3. Бозжыра, Шарын шатқалдары



1. Мәтінді оқып, жергілікті халық пен ғалымдардың, саяхатшылардың пікірлеріне түсіндірме (комментарий) жасаңдар.

Кең-байтақ қазақ жері байлыққа ғана емес, сұлулыққа да тұнып тұр. Ұшы-қиыры жоқ аспанмен таласқан таулары адамзат баласын өзіне тәнті етпей қоймайды. Шетелдіктерді тамсандырған еліміздің үздік 10 өлкесінің ішінде Бозжыра мен Шарын шатқалдары бар.



Бекет ата мешітіне барар жолда кездесетін ерекше мекен – Бозжыра шатқалы. «Кез келген альпинист пен саяхатшы бұл өлкені көруге міндетті», – деп есептейді көпшілік. Себебі өлкенің көз тартарлық сұлулығы мен қайталанбас пейзажы мың құбылады. Бірнеше миллион жылдар бойы тау түзілімдерінің бұзылуынан пайда болған төрткілдер күн шұғыласымен ерекше көрінеді. Мамандардың айтуынша, жер бедерін қалыптастырудың үш түрі болады: химиялық, органикалық, биологиялық. Бұл шатқал осы үшеуінің қосындысының нәтижесінде пайда болған екен.

Алматы облысының Райымбек ауданында орналасқан Шарын шатқалы да Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі. Шарын шатқалы табиғатының әсемдігі мен көз тартар ерекше сұлулығымен белгілі. Шарын шатқалында биіктігі



150–300 метрге дейін жететін «Қамалдар аңғары», «Жалмауыз кемпір шатқалы» және т.б. құмды жарлар бар. Жергілікті халық шатқалды «Қорғанды қамалдар аңғары» деп атайды. Ғалымдардың зерттеуінше, шатқалға 12 миллион жыл болған. Әйтсе де Шарын шатқалының табиғаты жануарлар мен өсімдіктерге бай. Өңірде құстардың 103, бауырымен жорғалаушылардың 25, сүтқоректілердің 62 түрі мекендейді. Шатқалда өсетін 1500 өсімдіктің 17 түрі «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына» енген.

(«Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінен)



1. Бозжыра шатқалының пайда болуы туралы қандай ой түйдіңдер?
2. Шарын шатқалындағы жануарлар мен өсімдіктер туралы не білесіңдер?
3. Шарын шатқалының суретіне қарап, неге «Қорғанды қамалдар аңғары» деп аталғанын болжаңдар.



2. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Сыңарын тауып, дәптерге көшіріп жазыңдар.

| | | | | | |
|------|-------|------|--------|-------|---------|
| бір | барыс | ақ | тұмсық | көл | қарақшы |
| ақ | қазан | алты | бақа | суық | торғай |
| жеті | бақан | жол | сүйек | мүйіз | қу |

2-топ. Екі не үш түбірден біріккен 10–15 географиялық атау жазып, олармен сөйлем құрастырыңдар.

3-топ. Берілген мәтіннен біріккен сөздерді тауып, орфографиялық ережеге сай жазыңдар.

Шарын ұлттық бағында биологиялық алуан түрлілік жоғарғы дәрежеде. Бақтың басты көзге түсер жерлерінің бірі – Торғай өңіріндегі жалпақ жапырақты қалдық шағын орманы. Шілік тоғайларда тал, Альберт ит мұрыны, бөрі қарақаты, үш қат, ақ жапырақ, жоңғар түйме басы және тас шөптері өседі. Жануарлар әлемі де өте бай. Мұнда сүт қоректілерден түлкі, қарсақ, құм қояны, қос аяқтар, құм тышқандар бар. Қызыл кітапқа қара құйрық, тас сусары, шұбар күзен, сабаншы және өзен құндызы енгізілген.

- 3.** Жұмбақтарды шешіп, өздерің де ойдан жұмбақ шығарып көріңдер.

Бірінші түбір сөз – түс,
Екінші түбір сөз – құс.
Екі түбір сөзді қоссаң,
Шығады тағы құс.

Бірінші түбір сөз – сан,
Екінші түбір сөз – сұйық зат.
Екеуін қосып оқысаң,
Жерге қойылған ат.

- 4.** Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Орфографиялық сөздіктен қарап, жақша ішіндегі сөздерді ережеге сай жазыңдар.

(Ақ) құтан, (ақ) қурай, (ақ) құба, (ақ) аю, (ақ) бөкен, (ала) бота, (ала) бұлт, (ала) көз, (ала) қарға, (ала) бажақ.

2-деңгей. Екі сөзден құралған шөп, балық, аң, құс аттарына мысал ойлап жазыңдар.


3-деңгей. Өсімдіктердің атауларын қатыстырып, «Табиғат аясында» тақырыбында жинақы мәтін жазыңдар.

- 5.** Ғаламтор көздерін пайдаланып, Бозжыра мен Шарын шатқалдарының ерекшеліктерін салыстырып жазыңдар.

§4. Хан Тәңірі шыңы

- 1.** Мәтіндегі шыңды сипаттайтын деректерді іріктеп оқыңдар.

Тянь-Шань тау жүйесіндегі биік шың – Хан Тәңірі мәрмөрленген әктастан түзілген. Мұз жамылғысын қоса есептегенде теңіз деңгейінен 7010 м биіктікте орналасқан. Хан Тәңірі шығыс халықтарына, әсіресе түркі әлеміне ерте замандардан-ақ белгілі болған. Хан Тәңірі үш мемлекеттің: Қырғыз Республикасының, Қытай Халық Республикасының және Қазақстан Республикасының шегараларында тұр. Хан Тәңірінің ең жоғары нүктесін бағындыру үшін кемінде он төрт күн қажет.



Шыңның табиғаты да ерекше. Мұнда үшкір қырлы мұздықтар мен қарлы аумақты және түрлі түсті гүлдер мен Тянь-Шань шыршаларынан тұратын қылқанжапырақты ормандарды қатар көруге болады. Бұл ерекшелігі ежелгі Қытай жазбаларында атап өтілді.

1902 жылы неміс географы Готфрид Мерцбахер шыңды 7200 метр деп өлшейді. Кейінірек кеңес ғалымдары шыңның нағыз биіктігін анықтады. Бүгінде шың әр альпинистің сүйікті орны мен рекордтар мекеніне айналған. Мысалы, белгілі альпинист Денис Урубко 2000 жылы жылдам шығудан рекорд жасады. Ол шың басына 7 сағат 40 минутта шыққан. Ол 2001 жылы шың басына жалғыз өзі түнеп, тағы да таңғалдырды. Мұнда жалғыз жүру қауіпті екендігін ескерсек, жалғыз түнеу – нағыз жүрек жұтқан ердің ісі.

(«Жетісу» энциклопедиясынан)



1. Хан Тәңірі шыңы туралы бұрын естіген бе едіңдер?
2. Мұндағы ақ қар, көк мұз бен жасыл шырша, қызыл гүлдердің қатар тұруының себебі неде деп ойлайсындар?
3. Берілген картадан Хан Тәңірі шыңының орналасқан аумағын көрсетіндер.





| Бөлек жазылатын сөздер | |
|--|--|
| Күрделі атаулар | <i>Қазақстан Республикасы</i> |
| Күрделі сан есімдер, сын есімдер мен етістіктер | <i>он бір, көк ала, оқып отыр</i> |
| Негізгі етістігі есім сөздер мен еліктеу сөздерден болған күрделі етістіктер | <i>ән салу, жарқ етті</i> |
| <i>Еш, әр, кей, бір, қай, әлде</i> сөздері тіркескен зат есімдер | <i>еш адам, бір жұмыс</i> |
| Тұрақты тіркестер | <i>бас тарту, қол ұшын беру</i> |
| Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты, құбылысты, ұғымды атап, алдыңғысы соңғысының тегін, неге, кімге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзге заттардан ажыратылатын белгілерін білдіреді | <i>ат қора, ағаш тарақ, ұл бала, тоқпан жілік, бас сүйек</i> |

- ✓ 2. Жақшаны ашып, сөздерді бірге, бөлек не дефис арқылы жазыңдар.

Хан Тәңірі




Шыңның мен танымаймын аласасын,
 Төбе де аласа (мен) таласасың.
 Тянь (Шаньның) шашақтаулы найзасындай
 Қайсың Хан (Тәңірімен) жанасасың?
 Күн де оның баурайында дөңгелеген,
 Буалдыр, бозғыл (шөйі) перделеген.
 Бойында Хан (Тәңірінің) бұғып жатқан,
 Алапат аяныш бар жерге деген.
 Тік (түр) ол. Қырын қарап сай (салаға),
 Күн – көркі, Көк – мекені, Ай – шағала.
 Қалғымай қанша жылды өткерді екен
 Төкаппар Тянь (Шаньдағы) қайсар аға!?

(Мұқағали Мақатаев)


- ✓ 3. Оқылым мәтінінен бөлек жазылатын күрделі сөздерді теріп, кестені толтырыңдар. Мәтінде кездеспеген қатарды өздерің толтырыңдар.

| | |
|--|--|
| Күрделі атаулар | |
| Күрделі сан есімдер, сын есімдер мен етістіктер | |
| Есім, еліктеуіш сөздер мен етістіктерден құралған күрделі етістіктер | |
| <i>Еш, әр, кей, бір, қай, әлде</i> сөздері тіркескен зат есімдер | |

| | |
|---|--|
| Тұрақты тіркестер | |
| Екі зат есімнің қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіруі | |

4.  Аудиожазбадан «Хан Тәңірі» (02. mp3) мәтінін тыңдап, негізгі ойды анықтайтын сұрақтар құрастырыңдар. Мәтінге басқа ат қойыңдар.
5.  Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңдар.
6.  Орфографиялық сөздіктен бөлек жазылатын 10–15 сөз теріп алып, сөйлем құрастырыңдар.

§5. Түркістан

1.  Мәтіннен алдымен қала туралы, одан соң кесене туралы мәліметтерді іріктеп оқыңдар.

Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Бұл қала еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан. Түркістан қаласы қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Орта ғасырларда ол Орта Азия мен Қыпшақ даласы халықтарының саяси орталығы болған. Беріде Қазақ хандығының ордасы болды. Қасиетті қаланы «Екінші Мекке» деп атаған. 1903 жылы Түркістанға алғаш теміржол келген. Қазір Түркістан – тарихи және туристік қала. Түркістанға келгендер алдымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барады. Бұл кесене – сәулет өнерінің ең озық үлгісі. Кесене отыз бес бөлмеден және сегіз бөліктен тұрады. Кесененің жанында шығыс моншасы бар. Жер астында қырық төрт бөлмеден тұратын «қылуат» деп аталатын ғибадатхана салынған. Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атымен әлемге әйгілі болды.



(www.zharar.com)

1. Түркістанды неге «Кіші Мекке» деп атайды, ал Мекке қаласы туралы не білесіңдер?
2. Түркістанға келушілер неге алдымен Ясауи кесенесіне барады?



Дефис орфографиялық, **сызықша** пунктуациялық таңбаға жатады. Сондықтан дефис келген жерде кідіріс жасалмайды. Бұл – оның сызықшадан ажыратылатын басты белгісі. Екіншіден, сызықша сөйлемнің мазмұнына әсер етсе, дефис әсер етпейді. Үшіншіден, шартты түрде алғанда дефис сызықшадан қысқаша болады.

- ✓ 2. Тиісті жерге дефис қойып, қойылу себебін түсіндіріңдер.

Түркістан

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
 Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
 Тамаша Түркістандай жерде туған
 Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.
 Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
 Тұранда ер түрігім туып өскен.
 Тұранның тағдыры бар толқымалы,
 Басынан көп тамаша күндер кешкен...
 Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап сары құм,
 Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып тын.
 Болмақ па жан жануар шексіз шөлде,
 Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.
 Тұранның Тянь Шаньдай тауы қалай,
 Пар келмес Тянь Шаньға таулар талай!
 Еріксіз ер түрікті ойға аларсың,
 Көкке асқан Хан Тәңіріге қарай қарай.
 (Мағжан Жұмабаев)



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан 1396–1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи қабірінің басына тұрғызылған. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темірдің өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – Қожа Ахмет Ясауи құлпытасы.

XIX ғасырдың соңына қарай кесене тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы Қожа Ахмет Ясауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет

Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында кесене дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



3. Жоғарыда берілген ақпараттарды пайдаланып, хронологиялық кесте құрыңдар.



4. «Түркістан – тарихи және туристік қала» тақырыбы төңірегінде сұхбаттасыңдар.



5. Энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан Түркістан туралы ақпараттар тауып, авторына сілтеме жасаңдар.

§6. Сауыр-Тарбағатай



1. Мәтінді оқып, қолданылған тілдік құралдар арқылы стилін (көркем сөйлеу не ауызекі сөйлеу) анықтаңдар.

Тау іші. Ұшқан құс, жүгірген аңнан өзге тіршілік белгісі білінбейді. Жаз жәрмеңкесі тарқап, таулы өлкеге қоңыр күз қонақтаған. Аспан да, жер де сұп-сұр. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбеңдей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайлар ғана өңін бермей, төкаппар басын тік ұстап, көкке шаншыла қарап тұр. Сай-саладан құлай ағып жатқан көк қасқа бұлақтар жаздағыдай шу салып, асып-таспай, салқын сабырмен жуасып қана сырғиды. Бұл – Тарбағатай сілемдерінің бір-бірімен ұшарласа келіп, күрт көтерілген тұсы. Нардың жалғыз өркешіндей болып, көзге алыстан шалынады.

(Қабдеш Жұмаділов)



1. Сауыр-Тарбағатай табиғаты туралы не түсіндіңдер?
2. Неге «нардың жалғыз өркешіндей» дейді?



2. Күз мезгіліндегі Тарбағатайдың суретін салыңдар. Автордың сипаттауымен салыстырыңдар.

**Дефис арқылы жазылатын сөздер**

| | |
|--|-----------------------------|
| Қосарлама және қайталама қос сөздер | <i>ата-ана, қайта-қайта</i> |
| Атақ-дәреже, мамандық атаулары | <i>вице-министр</i> |
| Қосарлы айқындауыш | <i>мектеп-интернат</i> |
| Реттік сан есімдер цифрмен жазылса | <i>58-үй, 6-сынып</i> |
| -ақ, -ай, -ау, -ды (-ді, -ты, -ті), -мыс (міс) шылаулары | <i>айтқан-ды, балам-ай</i> |
| Күшейтпелі шырай | <i>сап-сары, жап-жақсы</i> |
| Ескерту. Рим цифрларынан кейін дефис қойылмайды: <i>III том, IV курс</i> . Жыл, ай, ғасыр, күннің ретін білдіретін сан есімдер араб цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: <i>21 қазан, 2015 жыл</i> . | |



3. Сөйлемдерді көшіріп жазып, дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріңдер.

Артына қайта-қайта қарап, әлдекімді ыммен шақырады (*Ф.Мұстафин*). Төбедегі қап-қара бұлт шатыр-шұтыр етіп, найзағай ойнай бастады (*Ә.Нұршайықов*). Қазақ халқы шашты ертеден-ақ жоғары бағалаған және оған байланысты атқаратын әдет-ғұрыптары бар (*С.Кенжеахметов*). Есігінің алды – түгел көк темір, қашан көрсең соны терлеп-тепшіп көтеріп жатқаны (*Н.Қапалбекұлы*).



4. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Төмендегі сөзбен берілген сан есімдерді цифрге ауыстырып, ережеге сай жазыңдар.

Бірінші мамыр, жиырма отыздан, екінші курс, жүз жиырмадай ұлт өкілдері, тоғызыншы сынып, бес-алты оқушы, жиырма бірінші ғасыр, бес жүз елу алты студент, жүз-жүзден, екіден бір, бес жарым, қырыққа жуық.

2-деңгей. Көп нүктенің орнына қажетті қос сөздердің бірін қойып жазыңдар, мақал-мәтелдерді жаттап алыңдар.

1. Жақсылықтың ... жоқ. 2. Әдептілік, ... – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы, жат – надандықтың белгісі.
3. ... көсем болар, ... шешен болар.

Қажетті сөздер: көре-көре, ар-ұят, ерте-кеші, сөйлей-сөйлей.

3-деңгей. Суреттер бойынша дефис арқылы жазылатын 6–7 географиялық атаумен сөйлем құрастырындар.



Ертеде осы тауды қазақ жерін жаулап алған қалмақтар мекен етіпті. Бірақ түнде бұл жер дамылдауға, қоныс қылуға өте жайсыз екен. Қаптаған суыр түні бойы ащы дауысымен шаңқылдап маза бермепті. Қалмақтар суырды «тарбыға», ал тауды «тай» деп атайды екен. Сондықтан осы биікті «Суырлытау», яғни «Тарбағатай» деп атап кетеді. Таудың осы атауы күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған.



5. Көркем шығармалардан дефис арқылы жазылатын сөздердің әр түріне мысал келтіріңдер.

§7. Барсакелмес қорығы туралы аңыз



1. Мәтіндегі негізгі ойды, ауызекі сөйлеу стилінде берілген сөйлемдерді анықтаңдар.

Баяғыда осы маңайда тұратын тайпалар арасында жаугершілікке тыйым болмай бара жатқаннан кейін, Ләтбай деген кісі бастаған ру адамдары құлақ естіп, көз көрмеген алыс жаққа кетіп қалуға қам жасайды. Сонда бұларға теңіздің қақ ортасындағы суы тұщы, шалғыны шүйгін, балығы мол, алуан түрлі аң-құсы бар, сексеуілі қалың ғажайып аралға өтіп кетуді ұсыншылар табылады. Бұлар мұз қатқанда күзер жасап, соның үстімен аралдың төріне жетіп алмақ болады. Сол мақсатта Изенді жартасының түбін паналап, Шолпанның тууын күтіп отырғанда, олар жаққан оттың маңайына жыртық

Күзер – мұз үстіне түскен жол.



шапанды, тесік тымақты бір ақсақал келіп, Ләтбайға қарап: «Ол аралдан қорықпаңдар, онда зұлымдық жоқ, қасқыр жоқ, адамдар жоқ. Табиғатты сақтасаңдар, аралда бақытты да ұзақ өмір сүресіңдер. Ұрпақтарың ештеңеден зәрулік көрмейді. Мыңғырған мал болады. Аң-құсты өлтірмеңдер. Аққуларға тимеңдер», – дейді. Осыны айтқан қария заматында қараңғылық қойнауына сүңгіп жоқ болады. Ләтбай оның Қыдыр екенін іштей сезеді. Ал төбеден Шолпан көрінген сәтте тайпа түгел орнынан қозғалып, мұзды көпір – күзердің үстімен тізбектеліп жүріп өтіп, аралдың қойнауына барып түседі.

Қысты осы аралда жақсы өткізген Ләтбайдың жұрты көктемге қарай тойына бастайды. Қыдыр атаның айтқандары айдай келіп, көп ұзамай олар байи бастайды. Осы ұзақ аңыздың ақыры аралдағы ағайынның баяғы қарияның өсиетін естерінен тарс шығарып, сексеуілді отап, аң-құсты қырып, аққуға ауыз сала бастауы салдарынан бір түнде маңайды түгел ордалы жыланның жалмауымен аяқталады. Аңыз бойынша, сол қырғыннан сегіз жасар бала ғана аман қалыпты.

(«Толқын» газетінен)



1. «Барсакелмес» дегенде қандай ой келеді?
2. Ләтбайдың елі неліктен өсиетті орындамады?
3. Неге аралды ордалы жылан басып алды?



Дефис арқылы жазылатын сөздер

| | | | | |
|-------------------|--|---|--|--|
| Кей одағай сөздер | Түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін <i>паша, бей, заде, оғлы</i> сынды тұлғалар | Араб халықтары есімдерімен келетін <i>әл, аш, ар, аз, әд, бен</i> сияқты элементтер | Басқы әріптермен қысқарған сөзге, %, ° таңбалары бар цифрмен жазылған сан есімге, жеке әріп түрінде алынған әріпке жалғанатын қосымшалар | Басқа тілде дефиспен жазылатын жалқы есімдер |
| <i>Мох-мох</i> | <i>Осман-паша</i> | <i>Әл-Фараби</i> | <i>ҚазҰУ-ға, 50%-ы</i> | <i>Дон-Кихот</i> |

Күрделі құрама атаулар жасайтын кейбір көмекші сөздер (ат, ас, әл) сөз басында келсе, бас әріппен, сөз ортасында келсе, кіші әріппен дефис арқылы жазылады: *әл-Фараби даңғылы, әл-Тарази кәсіпорын бірлестігі. Институт әл-Фараби даңғылында орналасқан.*

- ✓ 2. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді ажыратып, үш бағанға бөліп жазыңдар.

Абыр (күбір), авиа (апат), авиа (зауыт), авто (бекет), авто (жол), ағайын (жегжат), ағаш (үй), ағаш (тарақ), ағаш (көмір), ағып (таму), адал (ақы), адам (күн), адам (сағат), азу (ағаш), азу (тіс), айыл (тартпа), айыр (көмей), ақ (бата), ақ (бидай), ақ (бөкен), ақ (желек), ақ (жол), алма (ағаш), алма (кезек), арпа (бидай), арпа (шөп), ауыз (су), ауыз (үй), ашық (хат), аэро (сурет), аэро (флот), әзіл (ажуа), әлде (бір), әр (кез), әр (қашан), әулие (әнбие), алмалы (салмалы).



Барсакелмес – республикадағы тоғыз қорықтың ішіндегі ең ерекшесі. Ол Арал теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан. Теңіздің құрғауына байланысты судың тұздылығы нормасынан асты. Тұщы судың жоқтығы жануарлардың өмір сүруін қиындатады. 1982–1991 жылдар аралығында 260-тан астам құлан республиканың басқа қорықтарына ауыстырылып, қазіргі таңда саны көбейді.

Бүгінгі күні Барсакелмес жерін сақтап, өсімдіктерді көбейту мақсатында жұмыстар жасалып жатыр.

(wikipedia.org/wiki)



3. Қазақстанның көрікті жерлері туралы алған білімдеріңді қорытындылап, өздеріңе ұнаған аймақ туралы сипаттамалық эссе жазыңдар.



4. Дефис арқылы жазылатын он-он бес кісі есімін жазып, олардың қай тілден енгенін анықтаңдар.



5. Берілген сөздерді пайдаланып, қиялдарыңдағы Барсакелмес аралы туралы ертегі құрастырыңдар.

Үлкен-кіші, болған-мыс, ақ-қара, дау-талас, дәм-тұз, айла-әрекет, ат-арба, ата-баба, тап-таза, ұшан-теңіз.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР. ФОНЕТИКА

§1. Ұлттық құндылықтар бастауы



1. Мәтінді оқып, тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

Рухы биік, парасаты мол ата-бабаларымыздың арқасында қазақ ұлты көп нәрсеге ие болған. Олар мыналар: асты-үсті байлыққа толы ұлан-байтақ жер; ең әдемі, біртұтас бай тіл; ежелгі ұлттық әліпби (Күлтегін жазбалары); табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге бағыттайтын қазақтың ежелгі салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарымен үндескен ислам діні. Сонымен қатар қазақты қазақ еткен – атаға, руға топтасу негізінде құрылған шежірелік жүйесі.

Ұлттық құндылық дегеніміз – рухани байлық, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мақсат-мүдделер. Сондықтан оны көздің қарашығындай сақтау – бәріміздің парызымыз.

(«Мәдениет» журналынан)



1. Қазаққа тән ұлттық құндылық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Ұлттық құндылықтар қатарына өздерің қандай қасиеттерді қосар едіңдер?
3. «Көздің қарашығындай сақтау» дегенді қалай түсінесіңдер?



2. Өлеңді мәнерлеп оқып, негізгі ойды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Төрт ана

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,

Жан байлығы – салт-дәстүрі – тірегі,
 Қадамына шуақ шашар үнемі,
 Және туған тарихы...
 Төрт анасын сыйламаған халықтың
 Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
 Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!
 (Мұхтар Шаханов)



Екпін – сөйлеген кездегі белгілі бір сөздің, буынның және дыбыстың ерекше көтеріңкі дауыспен айтылуы. Екпіннің төрт түрі бар: сөз екпіні, ой екпіні, дыбыс екпіні, тіркес екпіні.

Сөз екпіні – сөздегі бір буынның көтеріңкі дауыспен айтылуы. Қазақ тілінде бұл екпіннің орны тұрақты, көбіне сөздің соңғы буынына түседі. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға ауысып отырады. Мысалы: *тіл, тілші, тілшілер, тілшілерді*.

Екпін түспейтін сөздер мен қосымшалар:

1. Көмекші сөзге (шылау, көмекші есім, көмекші етістік) екпін түспейді: *есік алды, үстел үсті, үйге дейін, сабақтан соң, келе жатыр, сөйлеп тұр* т.б.
2. Жіктік жалғауына екпін түспейді: *оқушымын, барамыз* т.б.
3. Болымсыз етістіктің жұрнағына (-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе) екпін түспейді: *айтпа, барма, жазба* т.б.
4. -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтарына екпін түспейді: *бұлбұлдай, мұздай, гүлдей* т.б.

3. Мұхтар Шахановтың өлеңіндегі 2 жолдан сөз екпінін анықтаңдар. Өлеңде екпін түспейтін сөздер мен қосымшалар бар ма?
4. Сызбада берілген сөздермен танысып, орыс және қазақ тіліндегі екпіндерді салыстырыңдар.

Орыс тілінде
 Замóк – құлып
 Зáмок – қорған
 Мúка – азап
 Мука́ – ұн

Қазақ тілінде
 Оқу
 Оқушы
 Оқушылар
 Оқушыларға



5. Суреттер бойынша жинақы мәтін жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.



6. Берілген сөздерде екпін қай буынға түскен? Екпін түспей тұрған ұқсас қосымшаларды табыңдар.

Оқушымын, айтайын, жаздай, күлме, баласың, көрелік, оқтай, барма, адамбыз, айтшы, тастай, сызба.

§2. Туған жер – тұғырым



1. Мәтіндерді түсініп оқып, ат қойыңдар. Нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар. Пікірлеріңді түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

I

Сегіз жыл бұрын француздық ерлі-зайыпты Кити мен Михаэль қазақ қызын асырап алады. Оған Оливия-Мария-Фатима деген есім береді. Оливия ес білетін жасқа жеткенде, өз елін көруге қатты құштар болды. Ата-анасы қызының бұл қалауын орындап, қызын Қазақстанға әкеліпті. «Рақмет», «Сау бол!» деген бірқатар қазақ сөздерін жаттап алған 9 жасар Оливия-Мария-Фатима бүгінде туған жерін танып-білуде.

(kaz.nur.kz)

II

...Ұшы-қиырсыз сары дала. Сары даланың бір ұшында – сары бел. Сары белдің бауыры сағым ба, әлде шалқар көл ме? Шартабақ күн төбеде. Шалқыған ыстық жер-көкте. Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел

күнсiтiп, таңдайын шөл қаңсытып, сар желiп келедi Сары-
атан. Таусылмайды сары дала, жеткiзбейдi сары бел. Сары
белдiң ар жағы – бота күнгi мекенi. Бота күнгi мекенiн боздап
iздеп келедi, жүректегi бар шерiн қозғап iздеп келедi.

(*Дидахмет Әшiмханұлы*)



1. Екi мегiндегi ортақ ой не деп ойлайсыңдар?
2. Кейiпкерлердiң әрекетiнен қандай ұқсастық байқадыңдар?

Дыбыс екпiнi – сөздегi бiр дыбыстың көтерiңкi дауыспен айтылуы:
Бә-ә-рекелдi! Жара-айсың!



2. Берiлген сөздерде дыбыс екпiнiн ажыратып жазыңдар.

Үлгi: Ғажап – Ғажа-ап!

Кiрiңiздер, ойпырай, әдемі, сұмдық, керемет, көп рақмет.



3. «Адасқан ақпараттар» кестесiнде берiлген ақпараттарды оқып,
дұрыс, бұрысын табыңдар.

| Ақпараттар | Дұрыс + | Бұрыс – |
|--|------------|------------|
| Дыбыс екпiнi – сөздегi бiр дыбыстың көтерiңкi ай- тылуы | | |
| Сөз екпiнi сөздiң бастапқы буынына түседi | | |
| Сөз екпiнi тұрақты емес | | |
| Екпiн түспейтiн сөздер мен қосымшалар болады | | |
| Сөз екпiнi – сөздегi бiр буынның көтерiңкi айтылуы | | |



4. Өлеңдi түсiнiп оқып, лирикалық кейiпкерге мiнездеме жазыңдар.
Кейiпкердiң туған жерiне деген сүйiспеншiлiгiн сипаттаңдар.

Туған жерге

Таныс өлке,

Таныс аймақ,

Таныс маң:

Анау жерде – құрбылармен алысқам,

Анау жерде – құрбы жанмен табысқам.

Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан.
Таулар өне, ұйықтап кеткен данышпан,
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.
Шабындықтар, егістіктер, тоғайлар,
Төбелердің төбесінде – көк айдар.
Ақ сағымға араласып, аулаққа,
Сағым болып бара жатыр көп ойлар...

(*Мұқағали Мақатаев*)



Бүгінгі қазақ патриотизмі мынадай ұстанымдарға сүйенуі тиіс:

- өз ұлтын, жерін, ана тілін жанындай сүйу, қорғай білу...



5. Жоғарыда берілген патриотизм ұстанымдарын өздерің жалғастырыңдар. Сөз және дыбыс екпіндерін көрсетіңдер.

§3. Тіл – халық қазынасы



1. Мәтіннің мазмұнын түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Ауыз-екі сөйлеу стиліндегі тілдік құралдарды табыңдар.

Қазақ тілі бай тіл ме?

Ұлты неміс болса да, қазақ болып кеткен көрнекті жазушы Герольд Бельгер көзінің тірісінде «...Өмірімнің 43 жылын қазақтардың арасында, қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екем. Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дарқан даласы сияқты ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл... Өлдеқалай орыс, неміс таныстарымның арасына түсе қалғанда, олардың әңгімесі қыза-қыза келгенде, маған тұтқиылдан сұрақ қоятыны бар: «Осы қазақ тілі қалай өзі ... бай тіл ме?». Бірауыз сөзбен қысқа қайырып: «Бай!», – десем, бәрібір сене қоймайтынын білем. Сондықтан сөзім дәлелді болу үшін, көптеген мысалдар келтіремін. Айталық, орыс, неміс тілдерінде тапшы келетін қазақтың мал атауларын ұзақ-сонар әңгімелеп, тізіп ала жөнелем. Атап айтқанда, жылқы, түйе, сиыр, қойға қатысты неше түрлі сөздерді тізіп шыққаннан кейін, тыңдаушыларға жымия бір қарап қойып: «Ал енді

бүркітке келейік», – деймін. Онсыз да бағанадан бері жағасын ұстауға әзер отырған кісілер: «Бүркіт?! Ол не тағы?!» – деп таңданысады. Бүркіт пен бүркітшіге байланысты біраз қазақ сөздері жадымда қалған: мәселен, балапан құс, тірнек, тас түлек, мұзбалақ, көк түбіт, томаға, тұғыр, қансоқта т.с.с. Ал осы сөздердің көбінің баламасын орыс және неміс тілдерінде қолыңызға шырақ алып іздесеңіз де, таба алмайсыз. Соған көзі жеткенде, әлгі таныстарым: «Ах, зоо! Вундербар!» немесе «Смотри-ка! Поразительно!» – дейді. Мағынасы қазекемнің «Апырай, а!» дегеніне пара-пар.

(Герольд Бельгер)



1. Үш тілді меңгерген Қазақстанның Халық жазушысы Герольд Бельгердің пікірінен не ұқтыңдар?
2. Қазақ тілінің бай екеніне өздерің қандай дәлел келтіре аласыңдар?



Тіркес екпінi – сөйлемдегі тіркескен сөздердің барлығының бір ғана екпінге ие болуы: *қыпша бел, тез жазды* т.б.



2. Мәтіннен тіркес екпінiне 8–10 мысал жазыңдар.



3. Тіл мерекесіне орай қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен сабақ беретін ұстаздарыңа 3 тілде құттықтау хат жазыңдар.



4. Ана тіліне байланысты ғибратты сөздерді оқып, өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тапқырлығы таңғалдырады (*Василий Радлов*).

«Ана тілі» дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді (*Фабит Мүсірепов*).

...Жоғалып, өшіп кеткен тілдердің қайта тіріліп келмейтіндігі белгілі. Жаңадан тіл пайда болмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі біткен. Сондықтан қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек (*Шыңғыс Айтматов*).



5. Ана тілінің адам өміріндегі маңызын «Кубизм» әдісімен талдаңдар.

Суретте: «Қазақ тілінің қазіргі жай-күйі».

Салыстыр: «Басқа тілдермен салыстырыңдар».

Болжа: «Ана тілдің болашағы қандай болмақ?»

Талқыла: «Ана тілін білмейтін ұрпақ өсіп жатыр».

Жарияла: «Қазақ тілінің болашағы зор».

Қорытындыла: «Ана тілің – арың бұл».



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Фибратты сөздерде көтерілген мәселе бойынша нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар. Тіркес екпінін анықтаңдар.
2. «Герольд Бельгер – ұлт жанашыры» тақырыбында эссе жазыңдар.

§4. Қазақтың салт-дәстүрі – ұлттық құндылығы



1. Мәтіндерді оқып, негізгі ойды анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

I

Дәстүр дегеніміз – халық пен қоғамдық ұйымдардың мінез-құлқы, іс-әрекеттерінің рухани негізі. Дәстүр (traditio – жалғастыру) – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрып, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары. Дәстүр адамдардың өмірлік қарекетін реттеудің маңызды факторы болып қызмет етіп, тәрбие негізі болып табылады.

(«Қазақ энциклопедиясынан»)

II

Ұлттың ішкі-сыртқы келбетін көрсететін сипаттарының бірі – дәстүрі. Ол да тіл сияқты ұлттың қанында, жанында, рухында жүретін, ұлт үшін аса қажетті, қасиетті нәрсе.

Әр ұлттың көрнекті, ғұлама адамдары өз халқының салт-дәстүрін жақсы білген. Дәстүрді жақсы білгендіктен, олардың шығармалары оқырмандары үшін тартымды, қызықты, халықтың көкейіне қонымды. Сондай-ақ ел басқаратын адамдарға дәстүрді жақсы білгеннің артықтығы жоқ. Халықпен тіл табысуына жақсы. Қазақ халқында дәстүр мәселесін терең меңгерген адамдар – билер болатын. Олар әдет-ғұрып, салт-сананы терең біле отырып, әділ билік жасаған.

«Дәстүр» деген ұғым – жалпы ұлт рухының негізгі бөлігі. Ұлттың мінез-құлқын, психологиясын танытатын тамаша салт-дәстүрлер сол ұлттың рухын байытып отырған.

(*Мұхтар Арын*)



1. Дәстүр дегеніміз не? «Дәстүр – тәрбие негізі» деген пікірге қосыласыңдар ма?
2. Қалай ойлайсыңдар, өз халқыңның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білу болашақ өміріңе пайдалы ма?



Ой екпіні – сөйлемдегі бір сөздің көтеріңкі дауыспен айтылуы. Ой екпіні тұрақты емес. Мысалы, *Бүгін әкем ауылға кетті. Әкем ауылға бүгін кетті. Бүгін ауылға әкем кетті.*



2. Мақал-мәтелдерден ой екпінін тауып, мағынасын жұптасып бір-біріңе түсіндіріңдер.

- Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
- Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.
- Басқа пәле – тілден.
- Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.

кезінде дүниежүзін дүр сілкіндірді. Осы оқиғадан кейін егемендік туы көтерілді.

(*Мұхтар Шаханов*)



1. Өз еліңнің тарихын білу қаншалықты маңызды?
2. Ата-бабаларымыздың ерлігі кейінгі ұрпаққа не сыйлады?



2. Тарихи оқиғалар суреттерін жылдарымен сәйкестендіріп, сұхбат құрыңдар.

1993 жыл

1997 жыл

2017 жыл

1991 жыл



3. Өлеңді жатқа жазыңдар. Өлеңдегі сөздерге сөз екпінін қойыңдар.

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта – оны біл.
Талаптан да, білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз
Болады ақыл тұл (*Шәкәрім Құдайбердіұлы*).



4. Деңгейлік тапсырманы орындандар.

1-деңгей. Мәтіннен сөз екпінін табыңдар.

Жастардың бүгінгі міндеті – оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Сондықтан жастардың жалпы назары мектепке аударылуы керек (*Ғани Мұратбаев*).

2-деңгей. Төмендегі толғаудан тіркес екпінін табыңдар.

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма:

Мен дүниені көшіріп жіберердей ентелей келіп, әжемнің иығынан сілкілей беріпші.

– Әже, әже, не... үйренгенімді айтып берейінші.

– Құлыным-ау, сабыр етші. Мен жүнімді сабап болайын. Сонан соң асықпай тыңдаймын ғой, – деді әжем еркелетіп.

Енді менің екпінім бәсеңдеп, әжемнің қасына отыра кеттім де, жүн шашып ойнай бастадым.

(Бауыржан Момышұлы)

II

Әжем менімен кішкене күнімнен сырлас. Екеуміз оңаша қалғанымызда өткен-кеткенді айтып, үш ұл, бір қызды қалай адам ғып өсіргенін әңгімелейтін. Мен әжемнің көрген бейнетіне, кереметтей төзімділігіне жаным аши отырып сүйсінемін. Сондайда қолымнан келсе, әжемді үлде мен бүлдеге орап, тырп еткізбестен төрге төрт қабат көрпенің үстіне отырғызып қойсам деп арман етуші едім. Менің осы ойымды жақсы ұғатын әжем:

– Қозым, қозым... Сенің осы айтқаныңның өзі-ақ маған үлде мен бүлде емес пе?! Айналдым сенен! Басқасы тегіс жиналып бір төбе болғанда, сен өзің бір төбе емессің бе маған?! – деп еміренетін.

(Сайын Мұратбеков)



1. Мәтіндерде қандай туыстық атаулар бар?
2. Алғашқы мәтінде кездесетін «екпін» сөзі мен тіл біліміндегі екпіннің қандай ерекшеліктері бар?
3. «Үлде мен бүлдеге орау» дегенді қалай түсінесіңдер?



2. Мәтіндердегі әжесі мен немересінің диалогін екпін қойып оқыңдар.



3. Қарттар күніне орай әжелеріңе арнап құттықтау хат жазыңдар.



4. Берілген тіркестердегі екпіннің ерекшелігін түсіндіріңдер.

1. Біздің оқушымыз – біз оқушымыз.
2. Ағашты жарма – тәтті жарма.
3. Сен мынаны көрші – ол бізге көрші.
4. Осыны жаз – қазір жаз мезгілі.
5. Оны досыңа бала – ол – біздің бала.
6. Ол үйде – үйде ол.

7. Атты кісі – ол мылтық атты.
8. Біз осында қалалық – қалалық кеңес.



5. Қазақ тіліндегі екпінге бағынбайтын қосымшаларды қатыстырып, 4–5 сөйлем құраңдар.

§7. Әке – тірегің, ана – жүрегің



1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты, көтерілген ойды анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Ата-анасын ардақ тұту, өзінің перзенттік парызын бір сәтке де есінен шығармау – жас ұрпақтың адамшылығының белгісі. Біздің дінімізде де, ділімізде де, дәстүрімізде де «ата-ана» ұғымы қастерлі де қасиетті. Қазақы отбасында ата-ана – шаңырақтың шамшырағы, отбасының ұйытқысы.

Дәстүрі мен дінін сабақтастыра білген момын халқымыз қашанда әкені шаңырақтың иесі, қамқоры, қорғаны деп таныған. Аналарымызды сол шаңырақтың алтын босағасы, киелі тұтқасы іспетті құрметтеп, қастерлеген. «Алты аға бірігіп, әке болмас, жеті жеңге бірігіп, ана болмас», – деп түйіндеген.

Ата-ананың көңіліне шаңның тозаңындай да кірбің түсіруге болмайтынын, бұл мәселенің үлкен жауапкершілікті қажет ететінін әрбіріміз түсінуіміз керек.

(baq.kz)



1. Отбасындағы ата-ананың рөлін қалай түсінесіңдер?
2. Мәтінде қазақтың қандай мінезі көрініс тапқан?



2. Екі топқа бөлініңдер.
 - 1-топ. Оқылым мәтіндегі сөйлемдерден ой екпінін табыңдар.
 - 2-топ. «Мюнстенберг» әдісімен жылдам оқи отырып, сөздердің астын сызып, шыққан сөздерге үш мысалдан келтіріңдер.

1. Ъвапорпвкодыбыслатпрпекпініара
2. тырпапктіркесаепаекпінірцн



3. Мәтін үзіндісіндегі пунктуациялық қателерді түзетіп, көшіріп жазыңдар.

Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ шырағым мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады сен жас ағашсың саған да күтім керек мен сенің қате істеріңді түзеп пайдалы іске үйретсем сен менің айтқанымды ұғып орнына келтірсең жақсы түзік кісі болып өсерсің бағусыз бетіңмен кетсең сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің деді.

(БІбырай Алтынсарин)



4. Ғаламтор көздерінен А.Еңсеповтің орындауындағы «Әке толғауы» күйін тыңдап, алған әсерлеріңмен бөлісіңдер. Күйден әке қамқорлығын сезіне алдыңдар ма?



5. «Болжау» стратегиясымен өсиет сөзді жалғастырып, диалог құрыңдар.

XI ғасырда жазылған «Қабуснама» деп аталатын ғажайып педагогикалық кітап бар. Оны Қайқаус деген ғалым 63 жасында өзінің ұлы Гиляншахқа арнап жазған екен.

– Ей, перзентім, ата-ананы құрметтеудің қажет екендігін ақыл-ой, парасат тұғырынан байқап білгейсің. Өйткені әрбір перзенттің тегі ата-ана ғой. Не үшін ата-ананы құрмет жасаймын деп ойыңа алма. Олар сен үшін ...



6. Сабақта өткен тақырып бойынша сыныптасыңа «Конверттегі сұрақ» дайындаңдар.

§8. Ұл – ұлт болашағы, қыз – ұлт намысы



1. Мәтінді оқып, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ел қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуға, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген.

Халқымыз ер баланы 12–15 жасынан бастап алдағы өмірдің ауыртпалықтарына дайындап, намысын қайрап, жүрегіне батылдықтың отын жаққан. «Аты аталмаған жігіттен аты аталған төбе артық» деп намыстандыратын, «айтсаң, үйде тұып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп тандандыратын, «өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп шамдандыратын, «ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «ерлік білекте емес, жүректе» деп қайраттандыратын, «ақыл – жастан, асыл – тастан» деп сеніміне шек келтірмейтін, «атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді» деп армандайтын еді халқымыз.

Ал қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мөпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Нәзіктік пен инабаттылықты әрбір қыздың бойына сіңіріп өсірген.

Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева «Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек» деген пікір айтқан. Ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да ерекшеленіп тұруы тиіс.

(«Қазақ газеттерінен»)



1. Халқымыз ұл балаға қандай сенім артқан?
2. Неліктен қыз баланы «ұлттың намысы» деген?
3. Мәтінде кездесетін қанатты сөздердегі екпін қандай?



2. Өлеңде екпіннің қандай түрлері кездеседі? Кестеге түсіріңдер.

| Сөз екпіні | Ой екпіні | Дыбыс екпіні | Тіркес екпіні |
|------------|-----------|--------------|---------------|
| | | | |

Мен жастарға сенемін

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!...

(Мағжан Жұмабаев)



- Қыз – әр халықтың асыл қазынасы. Ол өз халқының қанын жүрегінде сақтап, жанын болашақпен жалғастырады.
- Қыз – ұлтты ұрпақпен жалғастыратын ұлы күш.
- Қыз – үйдің көркі, қоғамның қуаты.
- Ең жақсы қыз – ерінбейтін қыз.

(Әзілхан Нұршайықов)



3. Жоғарыда берілген өсиеттерді негізге алып, қыз бала туралы «Бес-тармақ» тәсілімен «Бесжолды өлең» құрастырындар.

1-тармақ: зат есім (1 сөз).

2-тармақ: зат есімді анықтайтын сын есім (2 сөз).

3-тармақ: негізгі сөзді әрекет пен қимыл тұрғысынан сипаттайтын етістіктер (3 сөз).

4-тармақ: 4 сөзден тұратын сөйлем.

5-тармақ: негізгі атаудың баламасы болатын синоним сөз (1 сөз).



4. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетіп, көшіріп жазындар.

От басы сыйластық жарастық орнаған орта. Отбасының басты қазығы алтын діңгегі бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Өйткені бала шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осында ер жетіп тәрбие алады. Адам бойындағы ар ұят адамгершілік мәдениеттілік сияқты қасиеттер отбасында қалыптасады.



5. Екі топқа бөлініп, тапсырманы орындандар.

Үйлеріңе қонаққа қариялар келді делік. Қыз балалар қонақтарды қалай күтеді? Ал ұл балалар ше? Өз іс-әрекеттеріңді ортаға салындар.



6. «Мен қандай баламын?» тақырыбына сипаттамалық эссе (сөз саны – 100) жазындар. Ата-аналарыңа оқып беріңдер.

§1. «Жеті ғажайып» сыры

1. Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

Ел аузында сақталған көне аңыздың барлығына кейде біз «е, жай аңыз ғой» деп қарайтын әдетіміз бар ғой. Түптеп келгенде, оның бәрі бірдей қиял дүниесі емес, бір кездегі тарихи шындықтың негізінде туғанын қазір ғылым дәлелдей бастады. Осыған мысал аз емес. Айталық, XX ғасырдың басына дейін қазіргі Анатолия жеріндегі Троя деген қаланың болғанын жұрттың бәрі жай аңыз деп түсініп келген. Гомердің «Илиада» жырында аты аталатын бұл қаланы неміс археологі Шлиман көп жылдар бойы іздеп, ақыры тапты.

Осы тұста Мықыр екеуіміздің арамызда болған бір әңгіме есіме түсті.

– «Әлемде жеті ғажайып бар» деген ғой эллиндіктер. Білесің бе? – деп сұрағанымда:

– Білемін, – деді ол. Бірақ дауысы онша сенімді шыққан жоқ.

– Аташы, білсең.

– Египет пирамидалары... сонан соң...

– Иә, сонан соң...

– Александр маягі...

– Дұрыс. Сонан соң...

– Сонан соң...

Қалған бесеуін ол ақыры атай алмады. Әлгі екеуін білгеніне де мен ризалық таныттым.

– Сонан соң Галикарнас кесенесі, Родостағы алып мүсін, Артемида ғибадатханасы, Олимпиялық Зевс мүсіні мен Семирамиданың аспалы бағы, – деп қалған бесеуін санап бердім.

– Ал әлемдегі ғажайып, шынында да, осы жетеуі болған ба? Басқа ғажаптар жоқ па екен? – деп сұрады ол.

«Жеті ғажайып» – шартты түрде алынған сан. «Жеті» саны киелі саналғаны белгілі. Біздің эрамызға дейінгі III ғасырда жоғарыда аталған жеті ғажайыпты сол киелі санмен Жерорта теңізі маңын жайлаған дуалы ауыз біреу атаған. Сонымен, әлемнің жеті ғажайыбы ел-елге тарап, құлаққа сіңіп қала берген.

(Мырзабек Дүйсенов)



1. Әлемнің жеті кереметі туралы бұрын естідіңдер ме?
2. «Жеті ғажайып» аталу сырынан нені аңғардыңдар?
3. Әлемнің жеті кереметі туралы кеңірек ақпарат алғыларың келе ме?



2. Оқылым мәтінінің бірінші азатжолын орфоэпиялық нормаға сай қайта жазып шығыңдар.



3. Оқылым мәтіні бойынша талдау кестесін толтырыңдар.

| р/с | Тапсырмалар | |
|-----|--|--|
| 1 | Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңдар. | |
| 2 | Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. | |
| 3 | Негізгі ойға қосымша ақпаратты көрсетіндер. | |
| 4 | Мәтінге нақтырақ тақырып қойыңдар. | |
| 5 | Автордың тарапынан берілген пікірді білдіретін сөйлем қайсы? | |
| 6 | Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды. | |



4. Берілген сөздерді түзетіп, екі бағанға бөліп жазыңдар.

| Бірге жазылатын сөздер | Бөлек жазылатын сөздер |
|------------------------|------------------------|
| | |

Ешуақытта, ешқайда, еттұмсықты, қаламқас, мұздыбалақ, мінтағу, саражол, телеөнім, төраға, төртелі, тұрғынүй, тірексөз, азатжол, аздапқана, ақбидай.



5. «Жеті ғажайып» туралы жинақы мәтін жазыңдар. Мәтіндерінде кездесетін біріккен сөздердің қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

§2. Египет пирамидалары



1. Мәтінді түсініп оқып, детальді ақпараттарды анықтаңдар.

Дүниежүзілік мәдени дамуға үлес болып қосылатын ғажайыптарды Азия құрлығындағы жұрт та аз тудырған жоқ. Олардың мәдениеті көне және әр алуан. Бұл – өз алдына жеке әңгіме.

– Әуелі, әлемдегі жеті ғажайып туралы айтшы, – деп өтінді Мықыр. Біліп тұрғанымды аяйын ба, бұлданғаным жоқ.

– Бірінші Египет пирамидасынан бастайық.

– Оны білемін, айтпай-ақ қой, – деді ол.

– Көне, білсең айтшы, – дедім сынағым келіп.

– Бес мың жыл бұрын салынған. Дүниежүзіндегі ең әйгілі, зәулім, биік құрылыстың бірі. Египеттің билеуші-перғауындары өлген соң, өз денелерін сонда қойдырған.

– Неге? – деймін мен.

– Олар өздерін Құдайдың баласымыз деп санаған да, халық алдында өз беделін көтеріп, абыройын асыру үшін, атын шығару үшін өздеріне осындай алып, зәулім ескерткіш орнаттырған. Тағы бір себебі бар, – деп ол ойланып қалды.

– Қандай?

– Олар өлгеннен кейін адам о дүниеге барады, онда да жарық дүниедегідей тіршілік етеді деп түсінген. Сондықтан да мәйітті алтындатып, күмістетіп, қымбат тастармен безендірген. Осы байлықты тірі жандар ұрлап кетпес үшін пирамиданың ішкі құрылысын жұмбақ етіп, қиындатып салған да, саркофагін дәл ортасына, ең терең жеріне тыққан. Соның бірі – Хуфу (Хеопс), екіншісі – Джосер пирамидалары.

Содан кейін Мықыр әлгі пирамидалардың әрқайсысы екі тоннадан асатын екі миллион үш жүз мың төртбұрышты известняк тастан қаланғанын, әуелде оның биіктігі 147 метр болғанын, төбесі күйреп, қазірде аласарып 137 метрге түскенін айтты. Ешқандай механизм қолданбай, жүз мың құл жиырма жыл бойы осы құрылысты салғанын да есіне алды. Перғауынның атын шығару үшін күн айналып жерге түсетін ыстықта қаншама мыңдаған құлдардың зорығып,

саркофаг – мәйіт салынатын табыт.

известняк тас – әкті тас.

мұрындарынан қан кетіп, өмірлері үзілгенін де айтты. Ніл дариясының ар жағындағы таудан қашалған тастарды мына жазық далаға жеткізу де оңайға түспеген ғой.

– Оның идеясын кім берді, салдырған кім?

– Оны білмеймін, – деп Мықыр шынын айтты.

– Айтып отырғаның, негізінен, дұрыс, – дедім мен, – жасаған кім? Оған дейінгі дәстүрлері қандай болып еді? – деймін.

– Білмеймін.

– Ендеше, тыңда, – деймін мен. – Оған дейін египеттіктер тастан құрылыс салмаған. Шырпының қабына ұқсатып, шикі, күйген кесектен не ағаштан үй жасауды ғана білген екен. Пирамида салу идеясы, ғалымдардың болжауынша, аса дарынды Имхотептен шықса керек. Ол – үшінші әулеттің негізін салушы перғауын Джосердің замандасы. Джосер көзінің тірісінде пирамида салдырған, бірақ оның іргесі қаланған жердің асты жұмсақ болғандықтан, Имхотеп пирамиданы екінші жерден бастайды.

(Мырзабек Дүйсенов)



1. Әңгімеден не ұқтыңдар?
2. Перғауындардың сәулет өнері таңғалдырды ма?
3. Ақпарат туралы қандай тұжырым жасадыңдар?



2. Египет пирамидалары туралы мақаланың қарапайым жоспарын жазыңдар.



3. Оқылым материалынан біріккен сөздерді тауып, қалай жасалғанын талдаңдар.



4. «Мысыр пирамидалары» (03. тр3) мәтінін тыңдап, бір-біріңе сұрақ қою арқылы талқылаңдар. Пирамидалардың қандай жұмбақтары мен құпиялары ғалымдарды әлі күнге дейін таңдандырып келеді?



Эссе талаптары:

- өз көзқарасын дәлелдеу;
- нақты деректерді қолдану;
- әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- логикалық заңдылықты сақтау;
- деректерді салыстыру және қорытындылау;

- пунктуациялық, орфографиялық сауаттылық;
- ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.



5. Жоғарыдағы эссе талаптарына сай, Мысыр пирамидаларының осы кезге дейін сақталуының жұмбақ сыры туралы ғалымдардың пікірлеріне келісу-келіспеу эссесін (сөз саны – 80) жазыңдар.

§3. Семирамида бағы



1. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

– Әлемдегі екінші ғажайып Бабыл бағы саналады. Ол туралы не білесің? – деп екінші әңгімеге ойыса бердім.

– Бабыл деп отырғаның Вавилон ба? – деп сұрады Мықыр.

– Вавилон деп отырғаның – Бабыл, – дедім мен күліп. – Көне жазбаларда солай жазылған. Кейін еуропалық тарихшылар «Вавилон» деп атап, тарихқа осылай еніп кетті.

– Вавилон – Евфрат өзенінің шығыс жағалауындағы қала. Оның жасы Египет пирамидасынан әлдеқайда кіші, көне жазбаларға қарағанда, онда тіреулермен тұрғызылған аспалы бақ болса керек. Кезінде ірі мәдениет орталығы болған, – деді Мықыр.

– Тағы?

– Осы, – деді ол иығын көтеріп.

Вавилон (Бабыл) біздің эрамызға дейінгі I мыңжылдықтардың орта тұсында ірі қалаға айналған. Ол кезде гректер де қала салуға шұғыл кіріскен еді. Бір кездегі ірі державаның орталығы саналған Вавилонды парсы басқыншылары басып алады. Одан кейін Македония билеушісі, әйгілі қолбасшы Александр Македонский биледі. Бірақ ол Вавилонды қиратқан жоқ, себебі парсылардан жантүршігерлік қорлық көрген халық Македония билеушісіне елші жіберіп, өздерін азат етуін сұрады. Бұл – біздің эрамызға дейінгі 331 жыл. Вавилон қаласы бұрынғы сәулетінен едәуір айырылып қалған еді, бірақ Александр Македонский оның осы сән-салтанатының



өзіне-ақ қайран қалды. Египет (Мысыр), батыстағы Карфаген, Италия мен Испания жерлерін жаулап, бүкіл әлемді өз табанының астына басқысы келген Александр Македонский қатты ауырып, жаны қатты қысылған бір сәтінде:

– Мені аспалы баққа алып барыңдар, – деп өтініпті дейді. Бұл бақ оның өзі туып-өскен Македонияның табиғатын есіне түсірсе керек-ті.

Аспалы бақты салдырған Вавилон патшасы Навуходоносор өзінің жас әйелі Амисті жанындай жақсы көрген екен. Жас ханым Вавилонның ыстығы мен тозаңына тұншыққандай болған соң, ол өз туған елі Мидияның жасыл желекке бөленген қырқалы аймағын есіне түсірсін деп, осы аспалы бақты салдырыпты. Қаншама математик, инженерлер, құрылысшылар бастарын қатырып, осы ғажайып құрылысқа кіріскен. Қаншама құлдардың тері мен қаны төгілді. Адамзат тарихында бұл махаббатқа орнатылған ғажап белгінің символы болып, Вавилон қаласына көрік, сән беріп, атын әлемге жайды. Бірақ тарихта жаңылысып, бақ атауын одан екі ғасыр бұрын өмір сүрген ассириялық Семирамида патшайымның атауымен атап кеткен.

(Мырзабек Дүйсенов)



1. Аспалы бақтың әлем ғажайыптарының бірі саналуының себебі не?
2. Аспалы бақтың кейінгі тарихын білесіңдер ме?



2. Оқылым мәтіні бойынша қарапайым жоспар құрыңдар.



3. Оқылым мәтіні бойынша деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей:

| | |
|----|--|
| 1. | Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазыңдар. |
| 2. | Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. |

2-деңгей:

| | |
|----|--|
| 3. | Мәтіндегі негізгі ойға қосымша ақпараттарды атаңдар. |
| 4. | Мәтіндегі азатжолдардың байланысы бар ма, өз ойларыңмен дәлелдеңдер. |

3-деңгей:

| | |
|----|---|
| 5. | Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңдар. |
| 6. | Мәтіндегі біріккен сөздерді тауып, түбірлерін анықтаңдар. |



Аңызға айналған ғажайып

Навуходоносор Семирамида бағының тезірек бітуін көздеп, құрылысшыларды аямай асықтырады. Құйған кірпіштерінің технологиясын дұрыс сақтауға құрылысшылардың мұршасы жетпейді. Осы асығыстық пен немқұрайдылықтың салдарынан бақтың кірпіштері уақыт тезіне шыдамады, су тасқыны кезінде қала құлап, күйреп қалды. Сөйтіп, әлемдегі ғажайыптың көзі жоғалып, ел аузында аңыз болып аты ғана сақталып қалды...

Александр Македонский өлісімен, империясы да тарап, жеке-жеке патшалықтарға бөлініп кетті. Мұның Вавилон қаласына да әсері болмай қалған жоқ, әрине. Әлемнің «кіндігі» болу бұл қаланың тағдырына жазылмапты. Сөйтіп, бұрынғы атақ-даңқы көмескі тартып, ондағы тіршілік те бірте-бірте қожырай бастайды.

(Мырзабек Дүйсенов)



4. Егер сәулетші болсаңдар, қандай ғажайып сәулет ескерткішін орнатар едіңдер? Әлем ғажайыптарының қатарына енуі үшін қандай ерекшелігі болуы керек? Жобасын сызыңдар.



5. Аспалы бақтың шын мәнінде болған-болмағаны әлі күнге дейін талас тудыруда. Өздерің ақпарат жинап, осы туралы келісу-келіспеу эссесін жазыңдар.

§4. Артемида ғибадатханасы



1. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Ертедегі Шығыс мәдениеті тарихында айрықша орын алатын қалалардың бірі – Иония гректерінің қаласы Эфес. Осы қаланың әлемге кең танылуының бір себебі – Артемида ғибадатханасына байланысты болса керек. Ғибадатхана біздің эрамызға дейінгі VI ғасырдың орта кезінде салынды. Архитекторы Херсифрон еді. Ғимараттың сыртқы, ішкі сән-салтанаты жайында ертелі-кеш жазылған



кітаптарда есеп жоқ. Бұл ғибадатхананың аты әйгілі болуына Геростраттың септігі тиген. Өмірінде есте қаларлықтай ештеңе істемеген, мансапқор Герострат деген кісі өз атын тарихта қалдырғысы келіп, орны толмас зұлымдыққа барған ғой. Жүз жыл бойы көрген кісінің көзіне қуаныш, жүрегіне ләззат, ақылына жылу берген ғимаратты осы Герострат өртеп жіберді. Бұл біздің заманымызға дейінгі 356 жыл еді.

Эфес тұрғындары мансапқор жауыз Геростраттың мұндай әрекетке не үшін барғандығын білгеннен кейін, енді оның атын атамауға, біржола ұмытуға шешім қабылдапты. Сөйтіп, атаққұмар жауыздан кек алмақшы болады. Бірақ сол мансапқордың аты Герострат екенін біз де біліп отырған жоқпыз ба?..

(Мырзабек Дүйсенов)



1. Не себепті Эфес қаласының аты әлемге жайылды?
2. Автордың айтпақ ойы қандай?
3. Геростраттың әрекетін қалай бағалайсыңдар? Осыған байланысты қазақта қандай мәтел бар?



2. Негізгі ақпараттарды пайдаланып, мәтінге қарапайым жоспар құрыңдар.



3. Әлемдік тарихи маңызы бар ескерткіштерді сақтаудың жолдары туралы «ПОПС формуласы» бойынша өз ойларыңды жазыңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Өйткені ...».

Үшінші сөйлем: «Тағы да бір айта кетерлігі, ...».

Соңғы сөйлем: «Қорытындылайтын болсам, ...».



4. Екі сөзден құралған қала, ескерткіш аттарын тауып жазыңдар.



Әлемнің жеті кереметтерінің бірі – Эфестік Артемида ғибадатханасының іргетасы Түркияның Измир қаласындағы Селжүк жерінде орналасқан.



5. Орфографиялық сөздіктен бөлек жазылатын 10–15 сөз теріп алып, сөйлем құрастырыңдар.

§5. Салтанатты Галикарнас



1. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда Карияны билеген Мавсол патша египеттік фараондар секілді тірі кезінен бастап ақ өзіне мазар салуды қолға алды. Галикарнас қаласында тұрғызылған бұл кесенені салуға ең атақты сәулетшілер мен мүсіншілерді алдырады. Мавсол патша дүние салған соң, кесене салуды оның әйелі Артемисия патшайым жалғастырады. Құрылыс біздің заманымызға дейін 350 жыл бұрын аяқталды. Оның сыртқы бейнесі сол кездегі үздік сәулет үлгілерінің біріне жатады. Кесене 3 қабаттан тұрады. Бірінші қабат мәрмәр жалатылған кірпіштен салынған. Екінші қабатта 36 бағана бар. Жоғары бөлігінде 4 атты арбада отырған Мавсол патша мен оның жұбайының мүсіні орналасқан.



Кесененің атағы жер жарғаны соншалық – ғалымдар оны ерте замандағы жеті кереметтің қатарына қосады. XVIII ғасырда кесене жер сілкінісінен қирайды. Түріктер осы жерді иемденген соң, мұнда қазіргі Бодрум бекінісі салынады. 1857 жылы қазба жұмыстары жүргізіліп, кесене орнынан Мавсол мен Артемисияның және олар отырған арбаның мүсіні табылады. Қазіргі таңда бұл ескерткіштер Британ ұлттық мұражайында сақтаулы.

(*massaget.kz*)



1. Кесененің тарихынан қандай әсер алдыңдар?
2. Ғажайып ескерткіштің жер сілкінісінен құлауы қандай ой салды?



2. Оқылым мәтініне қарапайым жоспар құрыңдар.



3. Оқылым мәтіні негізінде 4–5 сөйлем жазып, жеке сөздердің және бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесін түсіндіріңдер.



Мавсолдың атына байланысты шыққан «Мавзолей» сөзі қазірге дейін «үлкен кесене» дегенді білдіреді.



4. Екі топқа бөлініп, постер дайындаңдар, оны қорғаңдар.

1-топ. Галикарнас кесенесі неге әлемге танылды?

2-топ. Кесененің сақталмауының себебі не?



5. Қосымша әдебиеттерден бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді тауып, үш бағанға бөліп жазыңдар.

| Бірге жазылатын сөздер | Бөлек жазылатын сөздер | Дефис арқылы жазылатын сөздер |
|------------------------|------------------------|-------------------------------|
| | | |

§6. Родостағы алып мүсін



1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты ашу үшін қосымша, детальді ақпараттарды анықтаңдар.

Родос аралындағы Гелиостың алып мүсіні қалай салынды? Біздің жыл санауымызға дейінгі 304 жылы Александр Македонский державасының мұрагері Деметрий Полиоркет Кіші Азия жағалауына тиіп тұрған шағын аралдың тұрғындарын ұзақ уақыт қоршауға алады.

Родостықтарды тізе бүктіру үшін Полиоркет сол кездің ең жетілген әскери техникасын қалаға әкеледі. Шапқыншылардың мақтан тұтары «гелеополит» деп аталатын аттамалы көпірі мен тас атқыш, қамал бұзғыш қарулары еді. Мыңдаған жауынгерлер жабылып жүріп темірмен қапталған гелеополитті өрең қозғайтын.

Деметрий сәтсіз шабуылдан соң, кейін шегінуге мәжбүр болады да, гелеополитті аралдың жағасына тастап кетеді. Міне, осы құрал қалаға қыруар пайда келтіріп қана қоймай, даңққа да бөлейді. Қалаға ағылып келіп жатқан саудагерлер гелеополитті қомақты қаржыға сатып алады. Одан түскен қаржыға тұрғындар Родостың желеп-жебеушісі – Күн Құдайы Гелиостың мүсінін орнатуға келіседі.

Он екі жыл бойы жасалып жатқан мүсінді ешкім көре алмайды. Өйткені төңірегіне үйілген топырақ биіктетіліп отырған. Кейін бос топырақ алынғанда ғана родостықтар өздерінің желеп-жебеуші Құдайын көріп, басындағы нұр шашқан төжіне тамсана қарайды.

Жарқыраған Құдай мүсіні Родосқа келе жатқан жолаушының көзіне қиырдан шалынатын. Алайда жарты ғасыр өткенде Родосты қиратқан аса зор жер сілкінісі алып мүсінді де құлатқан. Мүсіннің ең осал жері қос тізесі болып шығады. Осыдан «балшық аяқты мүсін» деген мәтел қалған.

(*wikipedia.org*)



1. Ескерткіштерді қалай сақтауға болатыны туралы ойларыңды ортаға салыңдар.
2. Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, қорытынды жасаңдар.



2. Оқылым мәтінінің соңғы азатжолын орфоэпиялық нормаға сай жазыңдар.



Мүсінші Харестің қолынан шыққан Күн Құдайы Гелиостың алып мүсіні әлемдегі теңдесі жоқ ескерткіштердің бірі болған. Родос тұрғындары Гелиосқа айрықша табынған. Күн Құдайы аралды өз қолымен теңіз түбінен алып шыққан деген де аңыз бар. Биіктігі 36 метр мүсінді салуға 13 тонна қола мен 8 тонна темір пайдаланылған екен. Ескерткіштің екі аяғының арасынан үлкен желкенді кемелер еркін өтетін болған. 977 жылы Родос аралын жаулап алған арабтар 56 жыл тұрып қираған мүсіннің бөлшектерін бір бай көпеске сатып жібереді.



3. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәтін бойынша аналитикалық талдау жасаңдар. Сұрақтарға жауап жазу арқылы өз ойларыңды еркін білдіріңдер.

| | |
|------------|--|
| Сандар | Мәтіндегі сандық деректер қандай мақсатта қолданылған? |
| Атаулар | Мәтіндегі атаулардың мәтінді танытуға көмегі қандай? |
| Ақпараттар | Бұл ақпараттар не үшін қажет? |

| | |
|-------------|---|
| Табиғат | Ғажайып Гелиос мүсінін қоршаған ортамен, табиғатпен қалай байланыстырар едіңдер? |
| Әрекеттер | Мәтіндегі адамдардың әрекеттерінен қандай әсер алдыңдар? Мәтіндегі жаман әрекеттер сендерге әсер етті ме? |
| Көзқарастар | Өз тұжырымдарың қандай? |



4. Гелиостың қираған мүсінін сатып жібермей, қалпына келтіріп, сақтап қалуға болар ма еді? Ойларыңды ортаға салып, талқылаңдар.



5. Гелиостың алып мүсіні туралы энциклопедиялар мен газет-журналдардан мәлімет жинап, сілтемесін көрсетіңдер.

§7. Зевс мүсіні



1. Мәтінді түсініп оқып, негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтаңдар.

Ежелгі Грекиядағы Олимп тауында Зевс Құдайға арнап орнатылған ескерткіш, Зевстің алтын мүсіні – «әлемнің жеті кереметінің» бірі. Ескерткішті б.з.д. V ғасырда өмір сүрген белгілі афиналық мүсінші Фидий сомдаған. Ежелгі гректер Құдайлардың Құдайы деп сенген Зевске арнап ақ мәрмәрдан зәулім сарай тұрғызған болатын. Фидий мүсінді осы сарайдың ішіне орнатқан. Биіктігі 17 метр Құдай мүсіні сарай төбесіне сәл-ақ тимей тұрған. Зевс отырған тақ түгелдей алтын және піл сүйегінен жасалған. Негізі ағаштан істелген Құдай мүсінінің беті, қолы, аяғы және ашық төсі піл сүйегімен шебер қапталған. Мүсіннің белден төмен бөлігі гүлдермен, жұлдыздармен, әртүрлі хайуанаттар бейнесімен көркемделген алтын жамылғымен жабылған. Зевс бір қолына жеңімпаздық Құдайы Ника бейнесін, екінші қолына басына қыран қондырылған балдақ ұстаған. Бұл заттар алтын мен піл сүйегінен жасалған



еді. Ал Зевстің басына таза алтыннан өрілген тәж кигізілген болатын. Ежелгі гректер: «Ең үлкен бақытсыздық – Зевс Құдайдың алтын мүсінін көрместен бұрын өліп кету», – деп есептеген. Сондықтан да ес білген әр адамға бұл бейнені көру арман болған. Б.з. V ғасырында Зевс мүсіні Грекиядан Константинопольге (қазіргі Стамбұлға) көшіріліп, сонда өртте қалып, жоқ болды. Бірақ оны көрген адамдардың жан-жақты суреттеп, сипаттап қалдырған көптеген қолжазбалары арқылы Зевстің алтын мүсінінің қандай болғанын көзге елестетуге болады.

(*wikipedia.org*)



1. Осындай мүсіндер қазір бар ма?
2. Осы ескерткіш туралы тағы нені білгілерің келеді?



2. Екі топқа бөлініп, қарсы топқа төменде берілген мәселелерге қатысты сұрақтар дайындаңдар. Ой картасын сызып, ойларыңмен бөлісіңдер.

1-топ. Пирамидалардан басқа құндылықтардың сақталмау себебі туралы екі сұрақ.

2-топ. Құндылықтарды сақтау үшін жасалатын шаралар туралы екі сұрақ.



3. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Әлем ғажайыптарының барлығы дерлік бірнеше ғасырлардан кейін қирағаны, кейбірі жойылып кеткені қандай ой салады? Қазақстанда ғажайып құрылыстар, табиғат ғажайыптары жеткілікті. Олардың да бірнеше жылдардан кейін жойылмасына кім кепіл? Оларды сақтап қалу үшін қандай ұсыныстарың бар? Осы туралы толғамдарың мен ойларыңды жинақтап, Мәдениет министріне хат жазыңдар.



4. Өздерің жазған хаттағы бірге, бөлек және дефис арқылы жазылған сөздердің емлесін түсіндіріңдер.



Эссенің құрылымы:

1. Кіріспе. Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесін тезис түрінде көрсету.

2. Негізгі бөлім. Тақырыпқа сәйкес теория, фактілер, идея, ақпараттар, параллельдеу, аналогия, ассоциация, теңеу, сұрақтар қою т.б. қолданып, дәлелдеу (аргументация).
3. Қорытынды. Жалпылау мен аргументтердің логикалық қорытындысы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».




5. Әлемнің жаңа жеті кереметі туралы ізденіп, солардың бірі туралы сипаттамалық эссе жазыңдар. Біріккен және дефис арқылы жазылатын сөздерді кірістіруге тырысыңдар.

§8. Александрия шамшырағы



1. Мәтіндегі шамшырақты сипаттайтын мәліметті іріктеп оқыңдар.

Александр Македонский Александрия қаласының негізін б.з.д. 332 жылы қалады. Алғашында бұл балықшылар тұратын шағын ауыл болатын. Кемелер оның жағасындағы жартастарға жиі соғылып, апатқа ұшыраған. Сол себепті шамшырақтың (маяк) қажеттілігі туады. Б.з.д. 229 жылы Александрияның мұрагері Птолемей Сотер жақын жердегі Фарос аралында шамшырақтың құрылысын бастайды. Бұл 20 жылға созылады.



Александрия шамшырағын тұрғызған книдтік сәулетші Сострад кейінгі ұрпаққа өз атын қалдырғысы келіп, шамшырақтың мәрмәр қабырғасына: «Книдтен шыққан Декстифонұлы Сострад теңізшілердің амандығы үшін құтқарушы Құдайларға бағыштайды», – деп жазған. Бірақ патшаның қаһарынан қорқып, жазудың үстін сылап, бетіне әміршінің атын жазған. Уақыт өте келе сылақ түсіп қалып, ел сәулетшінің өз атын білді.

Александрия шамшырағы – өз заманындағы өнер мен ғылымның ғажайып үлгісі. Биіктігі 120 метр шамасындағы

үш қабатты мұнараның бірінші қабаты орасан зор әктастан тұрғызылған. Екінші қабат сегіз желдің бағытына қарай орналастырылған сегіз қырлы мұнарадан тұрады. Гранит колонналардан тұратын үшінші қабатта зәулім шамшырақ орнатылған. Төбесі күмбезбен жабылып, үстіне теңіз Құдайы Посейдонның 7 метрлік қола мүсіні қойылған. Бұрама баспалдағы арқылы алауға жанармай беріліп тұрған. Темір айналарды шебер қолдану нәтижесінде алау оты бірнеше есе үлкейіп, өте алыстан көрінетін болған.

(wikipedia.org/wiki)



1. Александрия шамшырағы қандай мақсатта салынды?
2. Неге шамшырақты «Жеті кереметке» қосады?
3. Александрия шамшырағы туралы бұрын білетіндерің бар ма?



2. Орфографиялық сөздіктен қарап, жақша ішінде берілген сөздерді бөлек, бірге не дефис арқылы жазыңдар.

Сары (арқа), Бура (бай), еш (уақытта), Хан (төңірі), шек (ара), киім (кешек), ер (тұрман), жоғары (төмен).



3. Оқылым мәтініне қарапайым жоспар құрыңдар.



4. «Александрия шамшырағы» мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жұпта кезекпен жауап беріп, сұхбаттасыңдар.

| | |
|-------------|---|
| Сандар | Мәтінде қандай сандар айтылады? |
| Сөздер | Мәтінде қандай тірек сөздер бар? |
| Адамдар | Бұл мәтін кімдерге арналған? |
| Сезімдер | Шамшырақтың сипаты қалай әсер етті? |
| Табиғат | Мәтіннің табиғатқа қатысты қандай тұстары бар? |
| Әрекеттер | Шамшырақ қалай салынды? |
| Дыбыстар | Қалалар мен қорғандар туралы қандай өндерді білесіңдер? |
| Көзқарастар | Шамшырақты сипаттаңдар. |



5. Ғаламтор көздері мен энциклопедиялардан жаңа дәуірдің жеті кереметі туралы мәлімет жинап, хабарламалық эссе жазыңдар.

IV

АСТАНА – МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР
ОРДАСЫ. ЛЕКСИКА

§1. Астана келбеті – ұлт келбеті

1. Мәтіндегі Астананың келбеті туралы мәліметтерді іріктеп оқыңдар.

Бұрынғы Ақмола қаласын Астана қаласы деп атау туралы шешімнің де орынды болғандығы сөзсіз. Әдемі естіледі, әлемнің барша халықтарының тілдерінде оңай айтылады. Сондықтан болар, Астана дүниежүзіне тез танылды. Астанаға 1999 жылы ЮНЕСКО шешімі бойынша «Бейбітшілік қаласы» деген атау берілді, арнайы медальмен марапатталды.

Қазіргі уақытта қалада көптеген заманауи сәулетті құрылыс жобалары іске асырылып жатыр, қала күннен күнге көркейіп, өз келбетін көз алдымызда өзгертуде. «Астана-Бәйтерек», «Отан-Ана», «Қазақ елі» монументтері, «Хан Шатыр», «Думан» сауда және ойын-сауық орталықтары, алаңдар мен көшелердегі декоративті мүсіндер, салтанатты «Ақорда», сәулеті келіскен сол жағалау, келбеті өзгеше «Бейбітшілік пен келісім сарайы» сынды ғажайыптары бар сұлу шаһар – Астананың көркіне көзің тоймайды.

Қалада әр жыл сайын түрлі халықаралық форумдар, көрмелер, конференциялар, музыкалық шаралар және фестивалдар өтеді.

Ұлттық реңдегі көрнекті орындар мен монументтер, ерекше сәулетті ғимараттар, мәдениет және ойын-сауық орталықтары, мұражайлар, театрлар мен галереялар, сауда орталықтары, жасыл желекке оранған аллеялар, түрлі халықтардың ұлттық дәмханалары – осының барлығын әлемнің ең жас қаласы – Астанадан көруге болады.

(«Ана тілі» газетінен)

1. Неліктен Астана «Бейбітшілік қаласы» деп танылды?
2. Қалада түрлі іс-шаралардың өтуінің себебі неде?
3. «Ұлттық реңдегі көрнекті орындар» дегенді қалай түсінесіңдер?



Неологизм – (гр. *neos* – «жаңа», *logos* – «сөз») – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар. Олар тілге алғаш енген кезде жаңа сөздер болады да, уақыт өте келе жалпы қолданыстағы көп сөздің біріне айналады. Мысалы: *зымыран, ұжым, елтаңба, мәзір, тұғыртас, ермексаз* т.б.

- ✓ 2. Берілген неологизм сөздерді пайдаланып, Астана қаласы туралы 6–7 сөйлем жазыңдар.

Елорда, зияткер, өркениет, инфрақұрылым, пайыз, мұхитбақ, кешен, нысан, саябақ.



- «Шөктіру» деген сөз бұрын түйені еріксіз жатқызуды білдірді, ал қазір ол геология термині болып та есептеледі.
- «Желі» деп бұрын тек бие байлау уақытында құлындарды тізіп байлап қою үшін қазыққа керілген арқанды ата-са, қазір тау жынысын білдіретін атау және ғаламторға қатысты термин болып қалыптасып отыр.



3. Жоғарыдағы мәліметтер негізінде мағынасы ауысқан, мағынасы кеңіген не мағынасы тарылған сөздерді тауып, түсінік беріңдер.



4. Берілген неологизмдер қолданысқа енді ме? «Иә/жоқ» деп жауап беріңдер.

| Неологизмдер | Иә | Жоқ |
|-----------------------|----|-----|
| жемқорлық (коррупция) | | |
| әмбебап (универсал) | | |
| меңгерік (руль) | | |
| әйгіленіс (симптом) | | |
| ауани (виртуалды) | | |
| жанұя (семья) | | |
| аялдама (остановка) | | |



5. Қолданыстағы неологизм сөздерге 7–8 сөйлем құрап жазыңдар.

§2. Астана – болашақтың қаласы

1. Мәтінді оқып, тілдік құралдары арқылы стилін (ауызекі сөйлеу, көркем сөйлеу) ажыратыңдар.

«Елорда», «Ару Астана» – мадақ етіп, жырға қосарлық шынайы тақырып. Сар даланың төрінде әсем қала бой түзеді. Иә, астанасын жаңғыртқан мемлекеттер баршылық. Алайда бас-аяғы бес жылда жаңа астанаға қоныс аудару тарихта болмаған жаңалық екен. Біздің ел жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа осындай ерлікпен енді.

Тәуекел – ердің қадамы. Астананы көшіру туралы сөз қозғалғанда бірі сеніп, бірі сенбеген. Алайда алғашқы керуен Ақмолаға бет түзеді. Ақмола атауының өзгеруімен өңірге жаңа леп келді. Астанада зәулім ғимараттар салынды, Сарыарқаға сән кірді.

Астана – болашақтың қаласы. Ол – өнер, білім мен мәдениеттің, ғылымның ордасы. Ол – саяси, әлеуметтік, қоғамдық диалог, іскерлік пен озат жетістіктер алаңы.

Сәулетті кешендердің келбеті сан алуан. Ұлттық ұстаным мен бүгінгі заман өрнектерін астастырған – Ақорда, өмір ағашы – «Бәйтерек», «Астана-Арена» спорт кешені мен «Хан Шатыр», Тәуелсіздік сарайы мен «Конгресс Холл» – барлығы да бірін-бірі қайталамайтын туындылар. Атақты тұлғалар мен қайраткерлердің ескерткіштері Астананың сәнін арттыра түседі. Зиялылық пен мәдениеттің рухын асқақтатып тұрған Астана – арман мен қиял әлемі.

Елбасы: «Бұл – ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулеттік, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, көпұлтты және көпдінді халқы бар әсем де мейірлі Астанамыз», – деген еді. Елін бақытты болашаққа бастаған, өз ұлтын шын сүйетін перзент – Президенттен артық кім тауып айтар?!

(«Әссе әлемі» оқу құралынан)

1. Елімізді бүкіл әлемге танытуда Астананың рөлі қандай?
2. Қалай ойлайсыңдар, бұрынғы атауын өзгертудің дұрыс шешім екенін уақыт дәлелдеді ме?
3. Неге Астананы «болашақтың қаласы» дейміз?



Неологизмдер, негізінен, мынадай жолдармен жасалады:

- 1) сөздік қор мен сөздік құрамдағы түбір сөздерге түрлі жұрнақтарды қосу арқылы: *ұш-ақ, зият-кер* т.б.
- 2) жалқы есімдерді жалпы есімге айналдыру арқылы: *абайтанушылар, еуропалықтар* т.б.
- 3) екі сөзді біріктіру арқылы: *келіссөз, жолсерік, мұражай, шипажай, мүшелтой, төлқұжат* т.б.
- 4) кейбір неологизмдер сөз тіркесінен де жасалады: *шаруа қожалығы, нарықтық қатынас, шағын кәсіпкерлік* т.б.

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғалы бері жаңа қолданысқа ие болған сөздер күн санап көбейе түсуде. Мысалы: *сынып, ұлан, заңгер, әуежай, жәрдемақы, оралман, зейнетақы, дереккөз* т.б.

- ✓ 2. Неологизм сөздерді қатыстырып, тақырыпқа қатысты 7–8 сөйлем жазыңдар. Неологизм сөздердің жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

- 🗨️ 3. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер. Ресми сөздер мен дайын тіркестерді орынды қолданып, диалогке қатысыңдар.

1. Егер сәулетші болсаңдар, Астана қаласында қандай ғимарат салар едіңдер?

2. Оқылым мәтіндегі Астана туралы ой толғанысқа қандай пікір қосар едіңдер?

- 📝 4. Емле ережелеріне сүйеніп, пунктуациялық қателерді түзетіндер.

Елордамыз менің шығармашылығымға жаңа тыныс жаңа леп әкелді бас қала болғаннан кейін ақын ағаларымыз қоныс аударды әдеби ортаның жаңа әлемі қалыптаса бастады Қазақстан Жазушылар одағының филиалы ашылды енді бас қаламыз экономиканың ғана орталығы емес әдебиет пен руханияттың да ордасына айналды көптеген жоғары оқу орындары бой көтерді жан-жақтан таланты тас жаратын жастардың басы жиналды қайтадан қыран құстай түлеуіме ақын болып танылуыма осының әсері тиді елордаға жас ақындар көптеп келген соң бір-бірімізбен шұрқырасып табыстық бір өлең жазсақ, соны оқуға асықтық...

(Қалқаман Сарин)



5. Неологизм сөздерді қолданып, Астананың туған күніне орай құттықтау хат жазыңдар.

§3. Халықаралық Астана әуежайы



1. Мәтінді түсіндірме (комментарий) жасап оқыңдар. Нұрсұлтан Назарбаев атындағы Халықаралық Астана әуежайына қатысты ақпаратты «Кластер» әдісімен талдаңдар.

Нұрсұлтан Назарбаев атындағы Астана әуежайы – Қазақстандағы халықаралық әуежай. Ол Астана орталығынан 14 км қашықтықта орналасқан. Әуежай өз тарихын 1931 жылдан бері бастайды. Сол жылы бірінші әуе алаңы құрылып, 1948 жылдан бастап ауыр ұшақтарды қабылдай алатын болды. 1956 жылдан бастап әуежай тәулік бойы жұмыс істей бастады.

Астана қаласының бас жоспары бойынша 2030 жылға дейін күніне 1200 адам, жылына 7 миллион жолаушыға қызмет көрсететін жалпы аумағы 1000 шаршы метр тағы бір халықаралық әуежай салынады. Әуежай шамамен қаладан 35 шақырым қашықтықта орналасады. Оның құрылысы Көкшетау тасжолы бойында орналасқан Аршалы аймағында бой көтереді. Қазіргі әуежай ішкі бағыттармен жұмыс істеуге көшетін болса, жаңа әуежай халықаралық бағыттарға қызмет көрсететін болады.

Астана халықаралық әуежайы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен аталатын болды. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 20 маусымдағы қаулысы «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды.

(www.astanaairport.kz)



1. Астана әуежайының тарихы туралы қандай ақпарат білесіңдер?
2. Әуежай мен вокзалдарға елге еңбегі сіңген тұлғалардың атын беру қай елдердің тарихында бар?
3. Елбасының Астана қаласының өсіп, өркендеуіне қосқан үлесі қандай?



Әрбір тілдің сөздік құрамында жалпыға ортақ сөздермен қатар ғылым мен техниканың, өндіріс пен шаруашылықтың жеке бір саласына ғана тән арнаулы сөздері де болады. Тілдің лексикасында ғылым мен техниканың алуан түрлі саласына қатысты қолданылатын мұндай сөздерді **термин сөздер** дейміз. Қазақ тілінде, негізінен, мынадай ғылым терминдері кездеседі:

- 1) математика терминдері: *аксиома, синус, радиус, косинус, котангенс, биссектриса, коэффициент* т.б.
- 2) физика терминдері: *вольт, ампер, энергия, амплитуда, оптика, атом* т.б.
- 3) химия терминдері: *катализ, ерітінді, аммиак, озон, бром, йод, сульфат* т.б.
- 4) география терминдері: *материк, циклон, оазис, меридиан, архипелаг, климат* т.б.
- 5) спорт термині: *бокс, зілтемір, акробат, спартакиада, стадион, теннис* т.б.
- 6) қоғамдық-саяси терминдер: *демократия, реформа, кодекс, конституция* т.б.
- 7) әдебиет пен өнер терминдері: *театр, сатира, опера, драма, эпос, дирижер, режиссер* т.б.
- 8) лингвистика терминдері: *лексикография, стилистика, фонема, морфема* т.б.
- 9) медицина терминдері: *терапевт, хирургия, диагноз, рентгенолог, фармацевт, процедура, препарат* т.б.
- 10) биология терминдері: *ботаника, микроб, гибрид, ядро, биосфера, цитоплазма* т.б.
- 11) әскери терминдер: *команда, офицер, штаб, миномет, тактика, маневр, артиллерист* т.б.

Мұнан басқа да өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының түрлі салаларына қатысты толып жатқан терминдер кездеседі.

Бір тілдің шеңберінде қолданылатын терминдерді түгелдей жинақтап, жүйелейтін ғылымды **«терминология»** деп атайды.

- ✓ 2. Ережедегі ғылым мен техниканың түрлеріне қатысты өздерің білетін терминдерді жазыңдар.

3. Термин сөздерді табыңдар.

Астана халықаралық әуежайының ұшу-қону жолағы қайта жаңартылып, жолаушы терминалы қолданысқа берілгеннен кейін, 2017 жылы жолаушыларды өткізу мүмкіндігі 3 млн-нан 7 млн-ға дейін артады.

Жаңа терминалда 25 тіркеу орны жұмыс жасап, 3 конвейер жүк беру қызметін атқарады. Көші-қон мәселесі бойынша 24 жерден ақпарат алуға мүмкіндік туады. Жаңа терминал жылына 4 млн жолаушыны өткізеді.

«Астаналық әуежайды одан әрі дамыта түсу ірі жобалардың қатарына енгізілді. Ол «Нұрлы жол» және «100 нақты қадам» бағдарламалары аясында жүзеге асырылады», – дейді «Airport Management Group» басқарушы компаниясының бас директоры Клод Бадан.

(«ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметі)

4. Оқылым мәтінін негізге ала отырып, «Болашақтың әуежайы» тақырыбында «Бір минуттық эссе» әдісімен көзқарастарыңды білдіріңдер.

| Бүгінгі білгеніңнің ең маңыздысы қайсы? | Қай сұрақтар сен үшін түсініксіз? |
|---|-----------------------------------|
| | |

5. Қосымша ресурстарды пайдаланып, ұшақтағы жолаушыларға арналған нұсқаулық жазып, термин сөздердің сөйлемдегі қызметін көрсетіңдер.

§4. Ел қуаты – елорда экономикасы

1. Мәтіннен Астана экономикасының дамуы туралы деректерді іріктеп оқыңдар.

Елорда мәртебесіне ие болуы Астананың экономикалық дамуына қуатты серпін берді. Қала экономикасының қарқынды дамуы көптеген инвесторлар үшін тиімді болып отыр. Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары. Еуразия құрлығының

ортасында орналасуы Астананы экономикалық тұрғыдан қолайлы көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналдырды.

Шаһардың өнеркәсіп өндірісі, негізінен, құрылыс заттарын, азық-түлік өнімдерін шығару мен машина жасау ісі төңірегіне шоғырландырылған. Астана Қазақстанда құрылысқа қажетті металл бұйымдарын, бетон және бетоннан жасалған құрылыс заттарын шығару жөнінен алдыңғы орынды иеленеді.

Қаланың ірі кәсіпорындары қатарында «Целиноград» вагон жөндеу зауытын, «Цесна-Астық» концерннің, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жолаушылар вагонын құрастыру зауытын, «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауытын айтуға болады.

Қала Қазақстандағы ірі бизнес орталығының біріне айналды. Кәсіпкерлік мәдениеті қарыштап дамып келеді. Астанада 128 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді.

Елорда құрылыс ауқымы жөнінен елде көш бастап тұр. Астана мәртебесін алғалы бері қалада 10 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Астана құрылысына жүздеген отандық және шетелдік құрылыс компаниясы қатысты.

Астананың сәулеткерлік тұжырымдамасын жасау барысында елордада батыс пен шығыстың мәдени дәстүрлері үйлесім тапқан ерекше еуразиялық стиль қалыптастыру идеясы негізге алынды. Астаналық бас жоспардың авторы белгілі жапон сәулеткері Кисе Курокава болды.

(ҚР Президентінің ресми сайты)



1. Астанадағы ірі кәсіпорындар қала экономикасының дамуына ықпал ете ме?
2. Елорданың дамуы елімізге қаншалықты қажет?



2. Оқылым мәтінінде кездесетін термин сөздерді теріп жазыңдар.



3. Берілген термин сөздердің қатесін тауып, түзетіп жазыңдар.

Актсия, эканомика, дипозит, дифференциал, жал ақы, инновация, меңшік, патенд, вальюта, жалпыұлттықөнім, бюджет.



4. «Елорда ел экономикасының локомотивіне айналды» бейнежазбасын (www.youtube.com) көріп, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының ашылуы туралы не ойлайсыңдар?

2. «Астана халқының 1/3 бөлігі – кәсіпкер» деген ақпарат сендерге қандай ой салды?

3. Өздерің тұратын елді мекенде экономиканың қай саласын дамытар едіңдер?



5. Ғылым салаларында кездесетін терминдер қатарын толықтырыңдар.

| |
|---|
| Лингвистикалық терминдер: фонетика, ... |
| Әдебиет және өнер терминдері: поэзия, ... |
| Математика терминдері: алгебра, ... |
| География терминдері: глобус, ... |



6. «Астана – экономикасы шарықтаған қала» тақырыбында сипаттамалық эссе жазыңдар.

§5. «Бәйтерек» монументі



1. Мәтінді оқыңдар. Қолданылған тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

«Бәйтерек» – Астанадағы архитектуралық құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі замануи қаланың көркем бейнесін аша түскендей.

Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген зәулім «Бәйтеректің» биіктігі – 97 м (Астана қаласының елорда мәртебесіне ие болған жылға байланысты таңдалған), диаметрі – 27 м. Металдан, әйнек пен бетоннан жасалған бұл «теректің» ұшар басында алтын шар орналасқан. Күннің шапағына шағылысып, әртүрлі түске құбылып тұратын «хамелеон» әйнегінен жасалынған шардың диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна, ауданы – 1553 м². «Бәйтерек» монументі осындай

алып шардың ең биікке көтерілуі бойынша әлемдік рекордқа ие болды.

«Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады. Жерасты бөлігі – ұлттың тамыр жаюы, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерінің нышандарын білдіреді. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Осынау ғаламат шардың панорамалық залынан Астананың бүгінгі сәулетін тамашалауға болады. Панорамалық залдың ортасында 17 жапырақтан тұратын, 17 түрлі әлем діндері өкілдерінің қолы қойылған ағаш глобус орналасқан. Ал қасында Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының ізі бар. «Егер алақанға қолды қойып, арман-тілек тілесе, орындалады» деп айтылады.

Астананың орталығында көкке бой созып тұрған «Бәйтерек» – қазіргі Қазақстанның нышан-символы, қазақ халқының қайта өрлеуі мен түлеуінің, мемлекеттігінің, биіктік пен тереңдіктің, кеңдіктің белгісі, дарқандықтың көрінісі іспетті.

«Бәйтерек» – халықтың ең көп баратын демалыс орны.

(wikipedia.org/wiki)



1. Елорданың ең көрнекті ғимаратының ерекшелігі неде?
2. Неліктен «Бәйтерек» құрылыс кешенін «Қазақстанның нышан-символы» деп атайды?
3. Бәйтеректі қандай туындылардың қатарына қосады?



Кәсіби сөздер. Қазақстанның кәсібі мен шаруашылығының түрі өте көп. Қазақ халқы – малшылық пен егіншілікті ежелден кәсіп еткен ел. Республикамыздың бір өңірінде балық, енді бір жерінде күріш, бір өңірінде марал өсірсе, ал енді бір аймағында бау-бақша мен жеміс-жидек өсіруді кәсіп етеді. Осыған байланысты белгілі бір кәсіппен айналысатын аймақтарда сол кәсіпке лайықты сөздер мен сөйлемдер пайда болады. Бұл сөздер мен сөйлемдерді шаруашылықтың осы түрімен тікелей айналысатын адамдар ғана біліп, өзара түсінісе алады.

Кәсіпке байланысты қолданылатын қазақ тіліндегі мұндай кәсіби сөздерді шамамен төмендегідей топтарға бөлуге болады:

- 1) бау-бақша, суармалы егіске байланысты кәсіби сөздер: *атыз, қарық, оман, күләбі, нәк, алқор, әңгелек, кемпір қауын* т.б.
 - 2) балық шаруашылығына байланысты сөздер: *жылым, сүзекі, бүркеніш, қаяз, азна, қарма, шөктірме* т.б.
 - 3) мақта шаруашылығына байланысты сөздер: *көсек, күнжара, қозапая, көсектеу, қауашақ қоза, шит егу, сүдігер айдау* т.б.
- Осы тәрізді шаруашылықтың түр-түріне байланысты сөздер тізімін бұдан әрі жалғастыра беруге болады.

- ✓ 2. Мәтіндерден терминдер мен кәсіби сөздерді тауып жазыңдар. Олардың қай салаға қатысты екенін дәлелдеңдер.

I

Қандай мәтін болса да, алдымен, оның мазмұнын түсіну қажет. Сөздің нақтылы мағынасын мәнмәтінде ғана байқауға болады. Себебі жеке тұрғанда бір мағына беретін сөз кейде сөйлем ішінде басқа мағына береді. Қазақ тілінде мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Бұл ана тіліміздің синтаксистік ерекшелігіне байланысты.

II

Киімді үйде пішіп тігу үшін сантиметрлік лента, қағаз, қарындаш, сызғыш пен тіктеуіш, дөңгелек формалы лекало сызғышы, қайшы, түйреуіш, мата түстес жіп пен түсі басқа көктеу жібі, оймақ, түрлі нөмірлі инелер, ені – 30–40 см, ұзындығы 80–100 см картон қажет.

III

Ұсталар қолданатын «тарақ балта» (жүзі кедір-бұдыр балта), «керме ара» (жүзінің ортасында тірегіші бар ара), «шербек» (үлкен ара), «аталғы» (ойық жүзді шот), «тышуыр» (бұрап тесетін құрал), «пәрбі» (шойын тескіш), «аттіс» (темір қысатын құрал) деген сөздерді көп адам түсіне бермейді. Сол сияқты етікшілер ғана қолданатын «созан» (ине), «ұштық» (созанға өткізілген қысқа жіп), «пардоз келтек» (етіктің тігісін жатқызатын таяқша) деген сөздерді де екінің бірі біле бермейді.



3. Сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетіндер.

Астана қаласының негізгі нышаны оның визитті карточкасы ретінде неліктен бәй терек таңдалып алынды. Жалпы бәйтерек ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Ежелгі түркі сөзі «бәй» «үлкен», «алғашқы» деген ұғымдарды ал «терек» (парсы тілінде – дарақ) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек «Бәйтерек» екісөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады. Мәнінің идеясында самұрық құс туралы ежелгі қазақ аңызы жатыр.

(wikipedia.org/wiki)



4. Қазақстанға келген туристерді «Бәйтерек» монументіне шақыруға арналған хабарландыру құрастырып жазыңдар. Терминдер мен кәсіби сөздерді қолданыңдар.

§6. Астана – бейбітшілік қаласы



1. Мәтіндерді оқып, олардың құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажыратыңдар.

Астана – ынтымақтастық және келісім ордасы

Астана – әлемдегі ең жас елорда. Ол – ТМД аймағындағы ең қауіпсіз қалалардың бірі. Астанада қазір 120 этнос өкілдері ортақ мақсат идеясында еңбек етуде. Қалада 30-ға жуық ұлттық-мәдени орталық жұмыс істейді. Әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдері құрылтайын өткізетін «Бейбітшілік және келісім сарайы» да осы Астанада орналасқан.

Қазақстанның жаһандық брендіне айналған бас қаламыз – шығыс пен батыс өркениетін жалғайтын алтын көпір. Астананың халықаралық дәрежедегі зор беделі мен саяси салмағына қаламызда тұрақты түрде өтіп келе жатқан жаһандық басқосулар дәлел бола алады.

(«Алматы ақшамы» газетінен)

Аңыз қала

Керегесі күмістей,
Саябағы пүліштей.
Жолы сымдай тартылған,
Шаңырағы алтыннан.

Керуен-керуен кебеже,
Астанама тоқташы.
Еуропаға терезе,
Азияның қақпасы.

Үкі таққан қала бұл
Күннің алтын нұрынан.
Жаратылған қала бұл
Айдың асыл жырынан...

(Бауыржан Жақыл)



1. Екі мәтіндегі ортақ ойды анықтаңдар.
2. «Еуропа», «Азия», «жаһандық» сөздерінің мәтіндегі мағынасын ашыңдар.



2. Пунктуациялық ережелерді ескере отырып, мәтінді көшіріп жазыңдар.

Астана ұлттық байлық. Ол жалпымызға ортақ табыс. Елорда халықты тұтастыруға біріктіруге қызмет етуі тиіс. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өз еңбектерінде ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады ал оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның елордасы Астана қаласы деп жазған.



- 1998 жылы ЮНЕСКО шешімімен Астана «Бейбітшілік қаласы» атанып, медальмен марапатталды.
- Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді.
- Астана – әлемдегі суық астаналардың қатарында. Ұлан-Батор қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық.
- Әлемдегі екі астана атауы «Астана» деген мағына береді. Олар: Сеул және Астана қалалары.

3. «Артық болмас білгенің» айдарын әлем елдерінің астаналары туралы қызықты деректермен толықтырыңдар.
4. Өздерің жазған қызықты деректерге термин және кәсіби сөздерді қатыстырыңдар.
5. Астана қаласына арнап 2 шумақ өлең шығарып көріңдер.

§7. Астана мұхитбағы

1. Мәтінді оқып, ондағы мәліметтерді ауызекі сөйлеу стилінде әңгімелеңдер.

ТМД елдері ішіндегі алғашқы мұхитбақ Астана қаласында ашылды. Бұл – мұхиттан 3 мың шақырымнан аса қашықтықта жатқан әлемдегі жалғыз океанариум. Мұхитбақтың сыйымдылығы – 3 миллион литр. Мұхит суын әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы пайдаланылған. Әлемнің әр түкпірінен теңіз жануарларының жүзден аса түрінің 2 мыңнан аса данасы әкелінген. Мұнда арнайы жасалған 11 шақырымдық құбырлар, 34 күшті сорғы, 6 құм сүзгісі, судың химиялық құрамы мен мөлдірлігін қамтамасыз етіп тұратын су тазартқыш мұхитбақ мекендеушілерінің тіршілік етуін қамтамасыз етіп тұрады. Мұхитбақ үлкен аквариумнан және әртүрлі көлемдегі он бір аквариумы бар екі көрме бөлімінен тұрады. Мұхитбақтың ең қызықты бөлігі – үлкен аквариум. Оның түбінде жылжымалы жолмен жабдықталған 70 метрлік әйнек өткел бар. Әйнегінің қалыңдығы – 7 см. Осы суасты өткелі арқылы теңіз түбімен жыртқыш акулалардан қолсозым қашықтықта серуендеп жүре аласыз. Мұнда мұхитбақтың ең үлкен мекендеушілері – акулалар, алып теңіз алабұғасы және басқа да балықтарды көріп тамашалауға болады.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)



1. Астана қаласында ашылған мұхитбақтың ерекшелігі неде?
2. Мұхитбақты мекендейтін балықтардың өмір сүруі үшін жасалған жағдай сендерге қандай ой салды?
3. Мұхитбаққа келушілерді таңғалдыратын өткел туралы не білесіңдер?



2. Оқылым мәтіні бойынша бір-біріңнен «Үш қадамды сұхбат» алыңдар.

1. А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.



Аквариум (лат. *aquarium* – суқойма) – су жануарлары мен өсімдіктерін өсіруге және зерттеуге арналған шыны ыдыс. Оның кейбір түрін «дельфинарий», «океанариум» деп те атайды. Олардың пішіні мен құрылысы әртүрлі болып келеді. Аквариумдар балықтардың табиғи жағдайына сәйкес жабдықталып, онда өсімдіктер де өсіріледі. Әдетте арнаулы құралмен аквариумға ауа жіберіліп, суы мезгіл-мезгіл ауыстырылады.

Аквариумда ғылыми-зерттеу жұмыстары да жүргізіледі. Мысалы, гамбузия балығын жерсіндіру аквариумда зерттелді, соның нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында гамбузия өсірілетін болды.

(wikipedia.org/wiki)



3. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтінді түсіндірме (комментарий) жасау арқылы оқып, «Тамаша идеялар» әдісімен түсіндіріңдер.

2-деңгей. Мәтін мазмұнындағы деректерді «Кластер» әдісімен топтастырып, бірнеше тілге аударыңдар.

3-деңгей. «Ақпаратты сүзіп алу» әдісімен энциклопедиялардан аквариум туралы мәлімет жинақтап, ой бөлісіндер.



4. Қазақстанның жеті кереметі туралы мәлімет жинаңдар. Термин және кәсіби сөздерді анықтаңдар.



5. Белгілі бір тақырып аясында диалог (сөйлем саны – 15) құрастырыңдар. Шарты: мәтінде кәсіби және термин сөздер болсын.

§8. Қазіргі заманғы өнер мұражайы



1. Мәтінді түсіндірме (комментарий) жасап оқындар.

Астана қаласындағы Қазіргі заманғы өнер мұражайы 1980 жылы 2 қазанда ашылған. Отыз жылдан астам өнердің дамуына атсалысып келе жатқан мұражайдың жеке коллекциясында төрт мыңнан астам көркем шығарма жинақталған.

Мұражай негізгі үш зал мен қосымша көрме залынан тұрады. Небәрі тоғыз ғылыми қызметкер Қазақстан, Ресей, Украина, Өзбекстан, Грузия, Армения, Латвия, Литва, Эстония және Тәжікстан суретшілерінің шығармаларымен жұмыс жасайды. Мұражайда үш жастан тоғыз жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-студия жұмыс істейді.

Қазіргі заманғы өнер мұражайы қаладан алшақ жерлердегі балабақша, мектептер мен әскери бөлімдерде жылжымалы көрме ұйымдастыру тәжірибесін бірнеше жыл бойы жүзеге асырып келеді. Жыл сайын мұражайға 70 мың адам келеді, мыңнан астам іс-шара өткізіледі.

(Айжан Байтанова)



1. Мұражайға баруды және ондағы экспонаттарды тамашалауды ұнатасыңдар ма?
2. Әлемдегі қандай атақты мұражайларды білесіңдер?






Лувр (Louvre) – Париж қаласындағы сәулет ескерткіші, өнер мұражайы. XVIII ғасырдың 2-жартысында Лувр патша сарайы болудан қалып, патшаның жеке көркемсурет коллекциясын сақтау ордасына айналды. 1791 жылы Конвент декреті негізінде Лувр «ұлттық көркемсурет мұражайы» мәртебесін алып, 1793 жылы 8 қарашадан халыққа қызмет көрсете бастады. Мұражай 6 бөлімнен тұрады: шығыс мәдениеті, көне Мысыр жәдігерлері, грек-рим жәдігерлері, мүсіндеме, кескіндеме және сурет, қолданбалы безендіру өнері.

(wikipedia.org)



2. Жоғарыда берілген екі мәтіннен терминдер мен кәсіби сөздерді табыңдар.

-  3. Қосымша ресурстарды пайдаланып, әлемдегі бірнеше мұражайды «Торлы диаграмма» әдісімен сипаттаңдар.
-  4. Ресми сөздер мен терминдерді қолданып, «Мұражайға саяхат» тақырыбында диалог жазыңдар.
-  5. Өз дәлелдеріңді келтіре отырып, «Егемен еліміздің мәдени өмірінде мұражайлардың атқаратын рөлі қандай?» деген сұрақ төңірегінде хабарламалық эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.

§9. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры

-  1. Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар.

Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры 1991 жылы Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашылған. Театрдың ұйымдастырушысы, көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақып Омаров болды. Алғашқы қойылымды да өзі сахналады. Театр өзінің алғашқы жұлдесін 1996 жылы Уфа қаласында түркітілдес мемлекеттер арасында өткен Халықаралық «Туғанлық» театр фестивалінде алды. Онда Ш.Құсайыновтың «Алдаркөсе» музыкалық комедиясы лауреат атанды. 1996 жылы театрға КСРО Халық Әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері Қалибек Қуанышбаевтың есімі берілді. 2011 жылы 14 желтоқсанда театр ұжымына «Мемлекеттік академиялық театр» мәртебесі берілді.

Театр көптеген жетістікке қол жеткізді. 2010 жылы қаңтар айында Тегеран қаласында өткен Халықаралық театр фестивалінде Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» драмасы үздік деп танылды. 2014 жылы V Орталық Азия мемлекеттерінің Халықаралық театр фестиваліне Ж.Ануйдың «Жалын жұтқан Жанна Д'Арк» драмасымен қатысып, бас жұлдені иеленді. 2015 жылы Өскемен қаласында өткен XXIII республикалық

театрлар фестиваліне В.Ежовтың «Бұлбұлдар түні» пьесасының негізінде сахналанған «Тыраулап ұшқан тырналар» атты лирикалық драмасымен қатысып, «Үздік режиссерлік шешім» номинациясына ие болды.

(wikipedia.org/wiki)



1. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры қай жылы қандай қойылыммен ашылды?
2. Театрдың жетістіктері туралы қандай мәлімет білесіңдер? Өзара ой бөлісіңдер.
3. Мәтіннен театрға қатысты терминдерді анықтаңдар.



Жергілікті (диалект) сөздер деп тілде жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын сөздерді айтамыз. Мысалы: *сіріңке – кеуірт, күкірт, шырпы, оттық, ши, шақпақ; шылапшын – лөген, жам, кірлен, шылаушын, самар; күрке – балағаш, балаған, шайла, шабыра, кепе, аткүрке, қапын, лапас, жаппа* т.б.

Жергілікті сөздердің шағын аймақты ғана қамтитын бөлігі «жергілікті сөйленіс» («говор») деп аталады. Мәселен, Қазақстан жағдайында жергілікті (диалект) сөз екі-үш облыс көлемінде жерді қамтыса, жергілікті сөйленіс (говор) бір облысты ғана немесе екі-үш аудан көлемінде жерді қамтиды.

- ✓ 2. Берілген сөздерді бағандарға бөліңдер.

| | Неологизм | Термин сөз | Диалект сөз | Кәсіби сөз |
|----------|-----------|------------|-------------|------------|
| ауқат | | | | |
| желі | | | | |
| алым | | | | |
| қармақ | | | | |
| несие | | | | |
| бөдірен | | | | |
| фонетика | | | | |
| сүргі | | | | |



3. Төмендегі пікірлерді «Қос жазба күнделігін» толтыру арқылы түсіндіріңдер.

| Пікірлер | Түсіндірме (комментарий) |
|----------|--------------------------|
| | |

Санасы бос адамның алдында ойнағанша, бос орындықтың алдында ойнаған жақсы (*А.Гиннесс*).

Театр – дайын драматургияны қойып беру емес, ондағы оқиғалардың неге олай болғаны жайында ойландыру (*Т.Зудзуки*).



Еліміздің батыс өңірлерінің тұрғындары «не зат» (не?), «нән» (үлкен), «құрттай» (кішкентай), «мана» (бағана) және т.б. жергілікті сөздерді жиі қолданады. «Сым» (шалбар), «дарбыз» (қарбыз), «ашық-машық» (топса), «тұқым» (жұмыртқа) деген сөздерді оңтүстікте естисіз. Ал «әйдік» (үлкен), «дөкей» (мықты), «тақ» (орындық) секілді сөздерді жиі қолданатын адамды кездестірсеңіз, солтүстік өңірдің тұрғыны болуы ғажап емес.



4. «Артық болмас білгенің» айдарындағы мәтінді негізге ала отырып, төмендегі екі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіңдер.

1. Жергілікті (диалект) сөздерді қолдану дұрыс емес деп санаймын. Әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу керек.
2. Жергілікті (диалект) сөздерді қолданудың еш оғаштығы жоқ. Бұл сөздер де тіліміздің бай екенін көрсетеді.



5. Ғаламтор мен қосымша әдебиеттерден театр туралы ақпараттарды жинап, емле ережелеріне сүйеніп, редакциялаңдар. Сілтемесін көрсетіңдер.

§10. Қазақ ұлттық өнер университеті



1. Мәтінді оқып, түсіндірме (комментарий) жасаңдар.

Қазақ ұлттық өнер университеті – Астанамен бірге өсіп-өркендеп келе жатқан оқу ордасы. Осындай өнер және білім

ордасын құру көкейімде көптен жүрген жобам болатын. Бірақ бұл ойым Астанада жүзеге асады деп әсте ойламаппын. Елбасы болашақ өнер шаңырағын Алматыда емес, жаңа Астанада ашу қажеттігін айтты. Міне, осылайша мемлекет басшысының қолдауымен университетіміздің іргетасы елордада қаланды. Оқу орны 1998 жылы бұрынғы Чайковский атындағы №1 музыка мектебі мен Ақмоланың музыка колледжінің базасында құрылды. Әрине, ұлт өнерінің үлкен шаңырағын көтеру жеңіл болмады. Білікті мамандардың тапшылығын шешу, оларды орналастыру, білім ордасына керекті құрал-жабдықтар мен музыкалық аспаптардың жетіспеушілігі, оқу аудиторияларының аздығы, қаражат тапшылығы біраз қиындықтар туғызды. Тәжірибе алмасу үшін шетелдік музыканттарды шақыру міндеті де алдымызда тұрды. Осындай күрделі кезеңде Елбасының сенімі мен қамқорлығы жанымызға демеу болды. Қашанда өнерге қолдауын аямаған Президентке алғысымыз шексіз.

Бізге оқуға түскен адам алғашқы білімін мектептен алып, содан кейін колледжде шыңдап, әрі қарай бакалавриатта жалғастырады. Мұндағы мақсатымыз – орындаушылық өнер мен ғылыми-ағартушылық білімді қатар оқыту, жан-жақты, білімді жастарды даярлау. Бұл шәкірттер арасында бәсекелестікті туғызып, өнер жолында биік табыстарға жетуге жетелейді. Оның нәтижесін көріп те жүрміз. Оқу орнымыздан қанат қаққан талай шәкіртіміз сенімімізді ақтады. Жыл сайын шәкірттеріміздің шетелдерде өтетін халықаралық конкурстарда топ жарып, жүлдегер атануы – мақсатымыздың орындалып, үмітіміздің ақталғаны.

Қазір түлектеріміз Астанада ғана емес, республиканың түпкір-түпкірінде жұмыс істейді, кейбіреулері шетелдерде оқуын жалғастырып жатыр.

Білім ордасы Астанамен бірге көркейіп, дамып келеді. Қайнаған тыныс-тіршіліктің орталығына айналған бас шаһар бізге де құтты мекен болды. Біз алда әлі талай биіктерді бағындыруға талпынатын боламыз. Ең бастысы, Қазақ ұлттық өнер университеті қай жағынан да Астананың мәртебесіне сай болуы керек. Міне, басты мақсатымыз да осы.

(Айман Мұсақожаева,

Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры)



1. Қалай ойлайсыңдар, неліктен Елбасы өнер ордасын Астанада ашуды ұсынды?
2. Болашақ өнер адамының орта, арнайы орта және жоғары білімді бір оқу орнынан алуы қаншалықты тиімді?
3. Осындай үлкен оқу ордасынан білім алған адам қандай маман болып шығуы тиіс?



2. Оқылым мәтінін сұхбатқа айналдырып жазыңдар. Авторға 4–5 сұрақ қойып, жауабын мәтіннен алыңдар.



3. Берілген қанатты сөздерді негізге алып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымын жасаңдар.

Өзінің байсалдылығынан айырылған адамдарды түзетуге, қызба адамды қалпына түсіруге, байсалды адамды ылғи да бір қалыпта ұстауға музыканың құдіреті әбден жетеді (*Әбу Насыр әл-Фараби*).

Музыка жас адамның ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі (*Ахмет Жұбанов*).



4. Топқа бөлініп, қазіргі қазақ музыкасы тақырыбында пікір таластырып, ойталқы өткізіңдер. Ресми сөздер мен терминдерді орынды қолданыңдар.

1. Мен дәстүрлі өнерді ұнатамын. Қазақ музыкасы дәстүрлі әннен бастау алады.
2. Мен эстрадалық әндерді ұнатамын. Бұл әндердің болашағы зор.



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. «Өнерім – өмірім» тақырыбында өздеріңе ұнайтын өнер қайраткері туралы жинақы мәтін жазыңдар. Терминдер мен кәсіби сөздерді қолданыңдар.
 2. Ойталқыдағы пікірлерге келісу-келіспеу себептеріңді айқын көрсете отырып, эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Жергілікті сөздер мен сөйленістерді кірістіріңдер.

§11. Астана циркі



1. Мәтінді оқып, ойларыңды «Кластер» әдісімен түсіндіріңдер. Мәтінде көтерілген мәселені талдап, бір-біріңнен сұхбат алыңдар.

Қазақ цирк өнері – сахналық-эстрадалық өнер саласы. Өз бастауын көшпелі өмір салтынан, малшаруашылығымен байланысты тұрмыс-тіршілігінен алады. Ат құлағында ойнап өнер көрсету, айтар ойды ыммен білдіріп, түрлі дене қимылдарымен жұртты күлдіру, салдық құрып, ел аралау, қуақы, әзіл-әжуа сөздермен көпшілік көңілін көтеру т.б. салт-жораларда цирк өнерінің алғашқы нышандары көрініс берді. Мініс атын тек көлік ретінде пайдаланып қоймай, шабандоздар оған сан алуан қозғалыс-жүрістер (бөгет пен ордан секіру, артқы екі аяғымен тік тұру, бір орында шыр айналу, жорғалау, аяңдау, бұлкілдеп, желе жортып жүру т.б.) жасатқан. Шауып келе жатып, ат үстінен найза, қылыш, шоқпар сермеп, садақ тарту, қарсыласымен жекпе-жекке түсіп, алысып тартысу, жау оғын дарытпау үшін оқыс еңкейіп, атының бауырына түсу, жерге түсіп кеткен құралын ат үстінен еңкейіп, іліп алып кету т.б. соғыс өнерінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді меңгеру жаугершілік замандағы ел қорғаны ерге тән қасиет еді. Осыған орай ат үстінде орындалатын қимыл-жаттығулар қалыптасып, олар «Аударыспақ», «Теңге ілу», «Көкпар» т.б. ұлттық ойындардың негізін қалады. Қазіргі цирктегі ат ойындары өз бастауын осы ұлттық ойындардан алады.

Халық балуандарды, ауыр салмақ көтеретін алып күш иелерін аңыз-әңгімелерге арқау етті. Өзі жерде жатып, үстіне тақтай төсеп, сонымен түйе жүргізетін, ауыр заттарды көтеріп, бұлшық ет ойнататын, белдесіп күш сынасатын өнерпаздар әр аймақта болған. Қойны-қонышынан қас қағым сәтте әртүрлі заттарды (орамал, жұмыртқа, балапан т.б.) шығарып, жұртты таңғалдыру секілді ойын түрлері де ерте заманнан қалыптасқан. Бұлар цирк өнерінің алғашқы нышандарын білдіреді.

Астана циркі – ерекше үлгіде салынған бірегей құрылыс. Цирк аренасы цирк өнерінің барлық талаптарына сәйкес жабдықталған: мұнда акробаттарға арналған ұшу қондырғысы,

лазерлік шоуға арналған жабдықтар, мұзға айналу қабілеті бар тасымалдық манеж бар.

(wikipedia.org/wiki)



1. Қалай ойлайсыңдар, цирк өнерінің көптеген түрлері қазақ халқында бұрыннан болған деп батыл айта аламыз ба?
2. Ата-бабаларымыз қазіргі цирк өнерінің қандай түрлерімен айналысқан?



2. Термин сөздер мен кәсіби сөздерді қатыстырып, цирк қойылымы туралы хабарландыру жазыңдар.




Қазіргі сайқымазақтар (клоундар) ежелгі грек қалаларында өнер көрсеткен. Оларды «буфондар» деп атаған. Ежелгі Римде циркті «стадион» деп атаған. 1700 жылдары Еуропада «цирк» деген атауды аттардың қойылымдарында пайдаланған. Филипп Астлей 1770 жылдары Лондонда ат өнерінің қойылымдарын көрсеткен. Құрамы аттар, жабайы аңдар, акробаттар және сайқымазақтардан тұратын сол көшпелі цирктер 1800 жылдары әйгілі бола бастады.

(*Нұрлан Құмар*)



3. Суреттердегі цирк өнерінің кәсіби атауларын емлеге сай жазыңдар.



4. Энциклопедиялар мен балаларға арналған газет-журналдардан басқа мемлекеттердегі цирк өнері туралы ақпарат жинақтап, өзара ой бөлісіңдер.



5. Берілген кәсіби сөздерді пайдаланып, 6–7 сөйлем құрап жазыңдар.

Цирк аренасы, клоунада, акробатика, жонглерлік өнер, иллюзионизм, трюктер.

§1. Үш жүздің төбе биі – Төле би

1. Мәтінді түсіндіріп оқып, стилін анықтаңдар.

Төле би мен Тайкелтір

Төле бабамыз өзінен кейінгі талай **би-шешендерді** тәрбиелеген ұстаз болыпты. Бұған Тайкелтір шешенді қалай баулығанын дәлел етсек те жеткілікті. Тайкелтір **шешен** жас кезінде жоғалған бір тайлағын іздеп, кездейсоқ Төле бидің үйіне тап болады.

- Ассалаумағалейкүм!
- Уағалейкүмассалам! Кімнің баласы боласың?
- Айдаболдың баласымын.
- Балам, атың кім?
- Тайкелтір.
- Әкең саған болмас ат қойғаны қалай?

– **Тақсыр**, әкем мен жақсы болсам, ата-бабаға атақ-абырой, ат келтірсін, жаман болсам, тай келтірсін деп қойған болар.

Төле би он екі жастағы баладан мұндай жауап күтпеген еді. Баланың тайсалмай жауап беріп тұрғанын ұнатып, қалың қабағын көтеріп тесіле қарапты.

– Балам, бір шаруамен жүрсің бе? Жай ел қыдырып, бел жазуға шықтың ба?

– Бір тайлағым ауа жайылып, желдеп кетіпті, соны іздеп, Шу бойындағы қалың елді сүзіп келемін.

– Балам, тайлағың табылар. Құдай айдап, ойда жоқ жерде біздің үйге кез болдың. Осында қонып, әкеңнің **сыбағасын** жеп кет. Әкең досым еді, ол Шудың аяғын, мен Шудың басын жайлап жатушы ек. Көптен қатыса алмай жүрміз.

- Шүкір, ата, сіз ұйғарсаңыз, қонайын, – дейді бала.

Төле бидің **бәйбішесі** қымызын сапырып, алдын Төлеге ұсынып, екінші **тостағанды** балаға бергізеді, одан соң қымыз төрде жағалай отырған ақсақалдарға беріледі. Төле бидің жас балаға сонша ілтипат көрсеткені, адам тіл қата алмайтын Төлеге баланың тақылдап жауап беруі шалдарға шаншудай тиіпті. Бірақ Төледен батып ешкім ештеңе айта алмайды.

Қымыз ішіліп, дастарқан жиналған соң қонақтарды күтіп жүрген орта бойлы дембелше жігіт бір **сарбасты** босағадан көлденеңдетіп: «**Бата** беріңіздер», – дегенде, төрде күнімен қымыз алып отырған **ақсақалдар** ыңғайланып қолдарын көтере береді. Қонақ бала батаға қол көтермейді.

– Балам, неге қолыңды жаймайсың?

– Мен бұл қойдың батасына қол көтермеймін, – дейді Тайкелтір байыппен.

Шалдар «неге, неге» десіп қалады. Тайкелтір күле сөйлеп, былай жауап береді:

– Қой сіздерге арналса, баталарыңызды беріп, сойғыза беріңіздер. Ал егер маған арнап әкелінген мал болса, батасын өзім беремін. Әлгінде Төле атамның «өкеңнің сыбағасын жеп кет» деген сөзі бар еді, мен бұл қойдың кімнің сыбағасы екенін түсінбей отырмын.

Төрде отырған қаба сақал қара шал не айтарын білмей, сасқалақтап біресе Төлеге, біресе жанындағыларға жалтақтап қарай береді.

– Өзің бір тақылдаған пәле екенсің!

– Ата, мен пәле емес, баламын.

Бағанадан үндемей сөз сарынын байқап отырған Төле Тайкелтірдің мына сөзінен тосылып, былай дейді:

– Иә, Тайкелтір балам дұрыс айтады. «Өкеңнің сыбағасын жеп кет», – дегенім рас. Айдаболдың осы дастарқаннан жылда жеп жүргені **тоқты-торым** емес, қыста – бие, жазда құлын, тай болатын. Бар! Қойды қоя бер де, жылқыдан бір құлын алып кел!..

(wikipedia.org/wiki)



1. Мәтіннен қандай салт-дәстүрлерді аңғардыңдар?
2. Тайкелтір неге батаға қолын жаймады?
3. Тайкелтірдің қабілеті байқалатын жуық жауапты көрсетіндер.

| | |
|--------------|---------------|
| А) Сыйлылығы | С) Жалқаулығы |
| В) Даналығы | Д) Еркелігі |



Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамдағы әртүрлі өзгерістер тілдің сөздік құрамына да әсерін тигізеді. Өндіріс үдерісінде жаңа сөздер пайда болып жатса, кейде кейбір сөздер қолданыстан шығып қалып жатады.





Қолданыстан шығып қалып, тарихи шығармаларда ғана кездесетін, мағынасы көмескі сөздерді **көнерген сөздер** дейміз. Көнерген сөздер екі топқа бөлінеді:

- 1) архаизмдер;
- 2) тарихи сөздер (историзмдер).

Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отыратын, ескіріп, пайдаланудан біржола шығып қалған сөздер **архаизмдер** деп аталады. Мысалы: *отарба (пойыз), аэроплан (ұшақ), жасақ немесе қол (әскер), жатақ (отырықшы), қосын (ұйым)* т.б.

Кейбір сөздер өздері атайтын заттар мен құбылыстардың ескіріп жоғалуымен байланысты сирек қолданылады немесе қолданылудан мүлдем шығып қалады. Көнерген сөздердің бұл түрі **тарихи сөздер (историзмдер)** деп аталады. Мысалы: *қорамсақ, шабарман, сауын айту, сұлтан, ояз, барымта, малай, күң, құл, бай, болыс* т.б.

Көнерген сөздер көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылады. Көнерген сөздердің кейбіреуі тілден мүлдем шығып, қолданудан қалып жатса, кейбіреуі тілімізге қайта оралып жатуы да мүмкін. Мәселен, *бесік құда, жарыс қазан, сәукеле, шапан, мырза, ханым, сарбаз, қазы, бикеш* сияқты сөздер тілімізге қайта оралып, қолданылып жүр.

- 
2. Оқылым мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер көнерген сөзге жата ма? Егер көнерген сөз болса, оның қай түрі?
- 
3. Оқылым мәтініне қарапайым жоспар құрыңдар.
- 
4. Ғаламтор мен газет-журналдардан Төле би туралы ақпарат жинап, авторына сілтеме жасаңдар.
- 
5. «Би-шешендердің сөздері — халықтық тәлім-тәрбие құралы» деген тақырыпқа дәлелдемелік эссе (сөз саны – 90) жазыңдар. Эссенің құрамында көнерген сөздердің қай түрінің көбірек қолданылғанына назар аударыңдар.

§2. Абылай хан

1. Екі мәтінді салыстыра оқындар, қолданылған тілдік құралдар арқылы стилін анықтаңдар.

I

Қазақтың ұлы ханы Абылайдың арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Әз Жәнібек, одан соң Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда, інісі Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жау шақ келтірмейтін батыр болып, «Қанішер Абылай» атаныпты. Осы Абылайдан Көркем Уәли, одан Әбілмансұр туады.

Әбілмансұр «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Жаман тымақ, жалбыр шапанына, өсіп кеткен шашына қарап, Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет сұлтанның жылқысын да бағады. Бұл, Шоқан Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек.

Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, қазақтың ұлы ханы 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. 1730–1733 жылдар аралығында болған бір ұрыста жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың батыры Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» ат қойған Әбілмансұр ұрыстан соң «Орта жүздің сұлтаны» деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды. Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанды.

Әбілмәмбет хан өлген соң, Абылай таққа отырып, қазақтың ханы атанады.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

II

Жиырмаға жетпеген жас Әбілмансұр Есіл бойындағы Атығай-Қарауыл деген елге келіп, Дәулеткелді байға жылқышы болып жүріпті.

Бай бәйбішесіне айтыпты:

– Өзге жалшыдай көрме, мұны күте гөр! Бойында қасиеті бар екен.

– Қалайша?

– Алты күн, алты түн аш жүрсе де, өз қолымен бір ас құйып ішпейді. Жарты аяқ ас ішсе де, сарқытын біреуге бермей, ішпейді. Жерге бір отырмайды. Дәнеме таба алмаса, киімін шешіп, астына салып отырады... Өзі ұйықтап жатқанда, үсті жап-жарық болып тұрады, жанып тұрған шамшырағы болса керек, – дейді екен.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



1. Абылай хан туралы бұрыннан білетіндеріңді айтыңдар.
2. Мәтіндерде қазір сирек қолданылатын, тек көркем шығармаларда кездесетін сөздер бар ма?



2. Мәтіндердегі көнерген сөздерді қатыстырып 5–6 сөйлем құрастырыңдар. Көнерген сөздердің түрлерін ажыратыңдар.



Абылай қаһарлы хан болумен қатар, дарынды күйші ретінде де белгілі. Абылай хан – «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Майда жел», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы.



3. «Артық болмас білгенің» айдарындағы мәліметті пайдаланып, «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбында сұхбаттасыңдар. Шынайы өмірмен байланыстырыңдар.



4. Берілген ақпараттарды негізге алып, Абылай ханға мінездеме жазыңдар.



5. Құрамында көнерген сөздері бар мақал-мәтелдер мен өлең жолдарын тауып жазыңдар.

§3. Бала Абайдан дана Абайға дейін



1. Аудиожазбадан (04. mp3) халық ақыны Нүрпейіс Байғаниннің «Абайға айтарым» өлеңінің алғашқы екі шумағын тыңдап, негізгі ойды болжаңдар. Өлеңге басқа атау беріп көріңдер. Өлеңдегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырыңдар.

2. Мәтінді тыңдалым мәтінімен салыстырып, тақырыптық, мазмұндық, тілдік, жанрлық айырмашылығын анықтаңдар.

Бала Абай

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей уезі) Абай ауданында (бұрынғы Шыңғыстау болысы) дүниеге келеді. Ауыл молдасынан оқып жүрген кезінде-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін Семей қаласындағы 3 жылдық медреседен білім алады. Медресенің үшінші жылында «Приходская школаға» түсіп, орысша сауатын ашады.

Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбиесінде болды. Шешесі Ұлжан да ақылды ананың бірі болған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы балаларының ішінде Абайдан көп үміт күтеді. Билікке баулу мақсатында оны оқудан ерте шығарып алады. Ел ісіне, ел билігіне жастай араласқан Абай тез есейеді. Әке тапсырмасымен ел аралап, ел ішіндегі әңгімелер мен билердің шешендік сөздеріне құлақ салып, жадына тоқып өседі.

Абай араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары – Низами, Қожа Хафиз, Науаи, Физули т.б. ақындардың өлеңдерін жаттап өседі. Кейін ол орыс тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Некрасов т.б. шығармаларымен танысады. Соның арқасында дүниетанымын кеңітіп, білімін шыңдайды. Оқи жүріп, білімін толықтыра жүріп, қырықтан асқан шағында ақындыққа біржола бет бұрды.

Ұлы ақын 1904 жылы қайтыс болды. Сүйегі Жидебай деген жерге қойылды. Қазір сол Жидебайда ақынның өзі тұрған үйде әдеби-мемориалдық мұражайы бар.

(«Абай Құнанбаев» библиографиялық көрсеткішінен)

1. Абай өзге тілдерді неліктен үйренді деп ойлайсыңдар?
 2. Абайдың өміріне қатысты басқа қандай дерек айта аласыңдар?
 3. Оқылым мәтінінен көнерген және қолданысқа қайта енген сөздерді тауып, кестеге жазыңдар.

| Көнерген сөздер | Қолданысқа қайта енген сөздер |
|-----------------|-------------------------------|
| | |



Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ (*Ахмет Байтұрсынұлы*).

Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс (*Нұрсұлтан Назарбаев*).

Орыстар үшін – Пушкин, ағылшындар үшін – Шекспир, грузиндер үшін Руставели қандай ұлы құбылыс болса, Абай да қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс (*Кайсын Кулиев*).



4. Абай Құнанбайұлының қанатты сөздерінен өздеріңе ұнағанын жаттап алыңдар.

- Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, білгені, көргені көп болған адам білімді болады.
- Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
- Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – ақыл...
- Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...
- Адам баласына адам баласының бәрі – дос.



5. Абай туралы пікірлерді, Абайдың даналық сөздерін негізге алып, екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Мен таныған Абай» тақырыбында хабарламалық эссе (сөз саны – 70) жазыңдар. Эссе жазу барысында көнерген сөздердің қолданылуына мән беріңдер.
2. Абайға қатысты мәліметтер жинап, тек қана көнерген сөздерден тұратын «Кластер» құрыңдар.

§4. Ұлбике ақын



1. Мәтінді оқыңдар. Мазмұнын, тілдік ерекшелігін алдыңғы тақырыптағы мәтінмен салыстырыңдар.

Ұлбике Жанкелдіқызы – қазақтың ақын қызы, майталман айтыскер, жезтаңдай әнші, домбырашы. Тал бойына

алуан түрлі өнер дарыған ару Ұлбике – ойы ұшқыр, өлеңі сұлу, кісілік парасаты өрелі ақын.

Бірде Майлықожа ақын Ұлбикеке әзілдеп: «Түсімде алтын зеренге қымыз құйып отыр екенсің», – депті. Сонда Ұлбике:

Басыма салып жүрмін желегімді,
Үш-төрт жыл біле алмадым дерегіңді.

Мүттәні теріс оқыған зәлім қожа,

Тауып бер көнегім мен зеренімді, – деген екен.

Ұлбике бұл сияқты ұтқыр уәждердің небір тамаша үлгілерін жүрген жерлерінде маржандай шашып отырған. Сол мол мұрадан бүгінгі ұрпаққа жеткені – мың шумақтай өлең.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



1. Ұлбике сынды қазақтың ақын қыздарынан кімдерді білесіңдер?
2. Өздерің білетін қазіргі айтыскер ақын қыздарды атаңдар.
3. Ұлбикенің Майлықожаға қайтарған жауабы туралы өз ойларыңды айтыңдар.

Көнек – түйенің терісінен жасалатын ыдыс.

Зерен – ағаштан жасалған қымыз, шұбат құятын сәнді ыдыс.

Мүттә – (араб. «мәддә» немесе «тәфсір») құран тарауларының мазмұнын түсіндіретін кітап.



2. Мәтіннен көнерген сөздерді тауып, мағынасын ашыңдар және түрлеріне қарай ажыратыңдар.



3. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Тарихи сөздер мен архаизмдерді ажыратып жазыңдар.

Торқа, дүрия, болыс, шиден, сәукеле, жаушы, қызыл отау, найза, жебе, бұзаушық.

2-деңгей. Көнеріп барып қайта жаңарған сөздерді жазыңдар.

3-деңгей. Өлең құрастырыңдар.

... – бабалардың ұраны,

... – еліміздің жыр-өні.

... ... жас ұрпақ,

... ... шығады.



4. Ғаламтор желісі мен қосымша әдебиеттерден қазақтың ақын қыздары туралы мәлімет қарастырыңдар. Авторына сілтеме жасаңдар.



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қазақтың ақын қыздары туралы ауыз әдебиеті үлгілерінен мысалдар жазыңдар. Көнерген сөздерді табыңдар.
2. Берілген мәтіннен көнерген сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажыратыңдар.

Бұлардың арасында үкірдайлық, зәңгілік, елубасылық шеннен үміткерлер де, сайлаудың қызығын өз көздерімен көргісі келген, былайғы қызылауыз қыздырмалар да көп еді.

Алды атан түйе бастатқан, күміс жамбы, сәйгүлік аттар қостатқан сан «тоғыз» сыйлықтар әкеле жатты. Бір кезде есік ашылып, кілең бір қаптал шапан, саптама етік киген, бастарында жаба салма, биік төбелі шошақ тымақтары бар үлкен бір топ кіріп келе жатты.

(Қабдеш Жұмаділов)

§5. Күй атасы – Құрманғазы



1. Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар.

Құрманғазының бала кезінен-ақ ең айтқыш тілі, ең сезімтал тілі қос ішекті домбыра көмейінен шығатын күй тілі еді. Сондықтан да ол сахараның дәулескер күйшісі Соқыр Есжанды алғаш көргенде, домбырасының тілі мен ділін түсініп, ұйып тыңдайды. Оның күйлерінен уақыттың ең шыншыл сырын ұғады. Ал Құрманғазыны күй өнеріне баулыған ұстазы Ұзақ болатын.

1830 жылы Исатай Тайманұлы және оның жан досы, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы бастаған Жәңгір ханға қарсы шаруалар көтерілісіне Құрманғазы да қатысады. Сол жылдары «Кішкентай» деген күй шығарады. 1857 жылы оны түрмеге отырғызады. Сібірге айдатайын деп жатқан жерінен қашып құтылады. Екінші рет Құрманғазыны Орынбор түрмесіне қамайды, бірақ генерал-губернатор Перовскийдің қолдауымен құтқарылады.

Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң-солын танып, тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға

басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық тауқыметі, ең алдымен, еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Сұм тағдыр Құрманғазыны да от-жалынымен шарпымай өтпеді. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, белгі қалдырып отырған.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан)



1. Құрманғазы өмір сүрген кезең қандай кез еді?
2. Құрманғазы күйлерінің атауларынан нені аңғардыңдар?



2. Берілген көнерген сөздерді екі топқа бөліп, кестеге жазыңдар.

| Архаизмдер | Тарихи сөздер |
|------------|---------------|
| | |

Аушадияр, шұға, болыс, старшын, атшабар, би, болыс, қаһан, сауыт, биқасап, уәзір, би, дүрия, кебеже, бесік құда, ұрын бару, қынаменде, тоқымқағар, торқа, күпі, қылыш, аға сұлтан, шоқпар, хан.



3. Екі топқа бөлініңдер. Төмендегі Абайдың өмірбаянын үлгі ретінде алып, Абылай хан мен Құрманғазының өмірбаянын жазыңдар.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы

Туған жері: қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы.

Тұлғалық даралығы: қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ойшыл, жазба әдебиетінің негізін салушы, аудармашы, ағартушы ұстаз, әділ би, заңгер, қоғам қайраткері.

Өмір жолы: Абай медреседе 3 жыл, Семейдегі «Приходская школада» 3 ай оқиды. 13 жасынан бастап әке ықпалымен оқудан қол үзіп, ел басқару ісіне араласады...

Шығармашылығы: Абай қазақ өлеңі үлгісін жаңаша тұрғыдан байытты. Поэмалар мен қарасөздер жазды. Аудармамен айналысты. Абай поэзиясы өзінен кейінгі ақындарға жаңа серпін әкелді.

Ұлы ақын 1904 жылы қайтыс болды.

- ✓ 4. Өздерің жазған өмірбаяннан көнерген сөздерді анықтаңдар.
- 🏠 5. Көркем әдебиеттерден көнерген сөздерді теріп жазып, қолданыс аясын түсіндіріңдер.

§6. Ахметтің даналық тағылымы

- 📖 1. Мәтінді түсініп оқыңдар. А.Байтұрсынұлы туралы өздерің оқыған ақпараттармен бөлісіңдер. Авторына сілтеме жасаңдар.

Батырлықты, билікті салт қылған ірі мінезді адамдары көп ортада туып-өскен Ахметтің тәрбиесі мал бағып, күйбің тірлік кешкен өзге қазақы ортадан бөлектеу еді. Әділетті жақтау, қиянатқа төзбеу атадан балаға қалған мұра секілді қасиет еді мұнда. Бар оқығаны: ауылдағы екі жылдық, Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебімен шектелгеніне қарамастан, «өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз ақ Ахмет еді.



Ол заман ағымымен кетпей, өзгелер құсап қазақ халқын бай, кедейге бөлмей, тұтас жақсы көрді, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ол отаршылықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Қуғын-сүргінге түсті – мұқалмады; түрмеге қамалды – жасып, жұқармады. Мұғалім болып, бала оқытып, жас ұрпақтың көзін ашты; газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді; өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты; түрлі қызмет істеп, үлгі-өнеге көрсетті.

Ол өзі атқарған үлкенді-кішілі қызметті де, сабақ берген мектепті де, мақалалары мен өлеңдерін шығарған баспа

орындарын да – бәрін-бәрін халқына қалтқысыз қызмет етудегі өз идеясын, өз саясатын жүзеге асырудың құралы ете білді.

Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғысын жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты.

(«Тарихи тұлғалар» кітабынан)



1. А.Байтұрсынұлы ұлты үшін қандай елеулі еңбектер атқарды?
2. Ғалым неліктен бар күш-жігерін ана тілі үшін жұмсады?



Қазақ тілінде сөздің ұғымы дөрекілеу, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда басқа сөзбен алмастырыла айтыла береді. Мұндай кезде мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп, сыпайы, жұмсақ сөздер қолданылады. Мұндай сөздер тіл білімінде **эвфемизм** деп аталады. Эвфемизмдер көп жағдайда сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер халқымыздың бүгінгі таңдағы қалыптасқан этикалық, мәдени нормаларының көріністері деп есептеледі.

Эвфемизм – мағынасы тұрпайы, дөрекі сөздерді сыпайылап айту. Мәселен, *өтірік айтпа* деудің орнына *қоспай айт*, *мылжың* деудің орнына *сөзуарлау* деу де сыпайылап айтудың бір түрі. Адам қайтыс болғанда *өлді* демей, *бақиға аттанды*, *дүниеден өтті*, *дүние салды* деген сөздер қолданылады.

Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Дисфемизм кеміту, қорлау, жаратпау ұғымын тудырады. Мысалы: *боқмұрын*, *ынжық неме* т.б. Дисфемизмдер әдеби тіл нормасына жатпайды. Бұлар көбінесе көркем шығармада ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады. Сол арқылы әр жазушы өзінің кейіпкерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін сипаттап, нақтылы бейнесін жасайды. Мысалы: *бала* деудің орнына *жүгірмек*, *сөйлеме* деудің орнына *былжырама* деу.

- ✓ 2. Берілген сөздерді эвфемизмге айналдырып жазыңдар.

| | |
|------------------------------|--|
| Өлген соң | |
| Ұрлап кетпес үшін | |
| Аяғын ақсаңдай басады | |
| Керең адам екен | |
| Өтірікті көп айтады | |
| Аузында сөз тұрмайтын өсекші | |



3. Аудиожазбадан (05. mp3) «Иттің достығы» мысалын тыңдап, өлеңнің атауын талқылаңдар. Шынайы өмірмен байланыстырып, «Төрт сөйлем» (пікір, дәлел, мысал, қорытынды) тәсілімен жұмыс жүргізіңдер.



«Қырық мысалды» оқып, ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым...» (М. Дулатов).

«Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» (С.Мұқанов).

«Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғалымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген – Ахмет Байтұрсынұлы» (Қ.Мұхаметханов).



4. Оқылым мәтініне қарапайым жоспар құрыңдар.



5. «Бестармақ» тәсілі арқылы Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Бесжолды өлең» құрастырыңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Осы тақырып бойынша алған білімдеріңді жинақтап, «Алаштың ардақты азаматы» атты дәлелдемелік эссе (сөз саны – 100) жазыңдар.

2. Қосымша әдебиеттерден ізденіп, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, А.Байтұрсынұлының өмірбаянын жазыңдар.

§7. Алаш қайраткері – Міржақып Дулатұлы

1. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Ауызекі сөйлеу стилінде мазмұндап, түпнұсқадан тілдік айырмашылығын ажыратыңдар.

Ататүрік ұстаз тұтқан алаш арысы

Міржақып Дулатұлы – алғашқы Қазақ Конституциясы авторларының бірі. Қазақтың тұңғыш математигі. Ол ең бірінші болып математикадан «Есеп құралы» деген 5 кітап шығарды. Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік М.Дулатұлын өзіне ұстаз тұтқан. Ол 1917–1918 жылдары билікке келген кезде профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп, «Оян, қазақ!» кітабын түрік тіліне аударып шығарды. Осы кітапқа еліктеп, «Оян, түрік!» деген кітаптар да шыққан.

Міржақыптың бұл кітабы әлем елдеріне қатты әсер етті. Олардың қатарында Жапония елі де бар. Міржақыптың өзі де өлеңдерінде жапон ұлтын жырға қосқан. Соған орай кейбір жапон азаматтары Міржақыпты өздеріне рухани ұстаз санаған, оған еліктеп, «Оян, жапон!» деген кітап шығарған.

Міржақып Қожа Ахмет Ясауи мен Абылай хан туралы тарихи мағлұматтарды, халық аңыздарын, ақын-жыраулардың толғауларын жақсы білген. Міржақыптың Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тозбай, бұзылмай сақталуын, «мәңгіге қалуын» қажет деп санағаны, осы мәселеге арнайы тоқталып өткені де біліктіліктің, парасаттылықтың белгісі.

(Алтынбек Құмырзақұлы)

1. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» кітабы не себепті түрік тіліне аударылды?
2. М.Дулатұлының шетелдерге танымал болуының себебі неде?
3. Міржақыптың тағы қандай шығармаларымен танысыңдар?
4. Міржақып Дулатұлымен бір кезеңде өмір сүрген қандай қоғам қайраткерлерін білесіңдер?

2. Алаштың арысы М.Дулатұлы туралы сұхбаттасыңдар. Сол заманда «Оян, қазақ!» деп ұран салып, елді оятып, жаңаша өмірге, еркіндікке шақыруы қаншалықты маңызды еді?



3. Бүгінгі тақырыпты 2 дәйексөзбен қорытып, «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар. Жұпта талқылаңдар.

| Дәйексөз | Түсіндірме (комментарий) |
|----------|--------------------------|
| | |



4. Берілген сөздерді түрлеріне қарай ажыратып, кестеге жазыңдар.

| Көнерген сөз | Жаңа сөз | Қолданыста бар сөз | Қолданысқа қайта енген сөз |
|--------------|----------|--------------------|----------------------------|
| | | | |

Жасақ, жасақшы, заңдастыру, барымта, деканат, төре, төреші, әскер.



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қосымша әдебиеттерден ізденіп, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, М.Дулатұлының өмірбаянын жазыңдар.
2. Алаш арыстары туралы алған білімдеріңді «ББТЗО» кестесіне түсіріңдер.

| | |
|----------------------------|-----------------------------------|
| Б (білемін) | Олар туралы мен не білемін? |
| Б (білгім келеді) | Нені білгім келеді? |
| Т (табу) | Көбірек ақпаратты қайдан табамын? |
| З (зерделеу) | Нені зерделеу керек? |
| О (одан кейінгі іс-әрекет) | Одан әрі не істеу керек? |

§8. Әлихан Бөкейхан – ұлт көсемі



1. Мәтінді оқып, тілдік ерекшелігі мен стилін алдыңғы сабақтағы мәтінмен салыстырыңдар.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралыдағы үш жылдық училищеге түсіп, оны да «өте

жақсы» деген бағамен бітіреді. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданып, төрт жыл бойы үздік оқып бітіреді. Сөйтіп, ол жиырма жасында Дала генерал-губернатор кеңсесінің ұсыныс хатымен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт-Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтына түседі.



Әлихан Бөкейхан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым – Алаш партиясын құрады. 1917 жылы желтоқсан айында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланып, Әлихан Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады. Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол – Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени, рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

(«Тарихи тұлғалар» кітабынан)



1. Әлиханның білім жолындағы ізденісінен қандай ой түюге болады?
2. Әлихан Бөкейханның еңбек жолы нені аңғартады?



Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде **табу** деп аталады. Өмірді жете танып-білмеу салдарынан адам баласында зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар деген жаңсақ түсінік болған. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер

дүниежүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Бұл әдет түркі халықтарының тарихында кең тараған.

Қазақ тілінде табу сөздер табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттары мен қаскүнем жыртқыш аң-жәндіктермен тікелей байланысты шыққан. Мәселен, «жай түсті» десек, «адамға қырсығы тиюі мүмкін» деген наным бойынша, оны «жасыл» деп атайтын болған. «Шешек» ауруының атын атасақ, «жұғады», «жабысады» деген сенімге байланысты аурудың атын тура атамай, «әулие», «қорасан», «мейман», «қонақ» деп атаған. Қасқырды «қасқыр» деп атасақ, «естіп қойып, малымызға шабады» деп қорқып, оны «итқұс», «қара құлақ», «серек құлақ», «ұлыма» деп атайтын еді. Жыланды «түйме», «қамшы», «ұзын құрт» деп атаған. Ұры алған, жоғалған малды «ұрланды» десе, «мүлдем табылмай кетуі мүмкін» деген сеніммен «қолды болды» деп айтатын болған. «Мал сауылып бітті» деудің орнына «мал байыды», «күн батты» деудің орнына «күн айныды», жиналған адамдар «кетейік, қайтайық» деудің орнына «көбейейік» деп айтуды әдетке айналдырған. Соның нәтижесінде осы ұғымдарға қатысты бірнеше синонимдер пайда болған.



2. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Өздерің естіген табу сөздерді естеріңе түсіріп жазыңдар.

2-деңгей. Өмірде қолданылатын табу сөздерден сөйлемдер құрастырыңдар.

3-деңгей. Табу сөздері бар қандай аңыздарды білесің? Соны үлгі ете отырып, шағын әңгіме құрастырыңдар.



3. Берілген қанатты сөздерден негізгі ойды анықтаңдар.

- Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.
- Еріншек пен езге жол, бәйге, сыбаға, мүше жоқ.
- Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.
- Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды.
- Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумайды ғой.
- Тіршілік – бәйге: жүйрік алар, шабан қалар.
- Көзі соқырдан, көңілі соқыр жаман.
- Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ.

(Әлихан Бөкейхан)

4. Әлихан Бөкейханның «Қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс» деген сөзін қалай түсіндіресіңдер? Сыныппен бірігіп ойталқыға салыңдар. Шынайы өмірмен байланыстырыңдар.
5. Әлихан Бөкейханның Алаш жері үшін атқарған еңбегіне зерттеу жүргізіп, «Ұлт көшбасшысы» тақырыбында баяндама жазыңдар.

§9. Ер есімі – ел есінде

1. Мәтінді оқып, мазмұны мен тілдік ерекшелігін алдыңғы тақырыптағы мәтінмен салыстырыңдар.

Жамбыл мен Бауыржан Момышұлы

Сол күні кешке Ұзынағашқа бардық. Жамбылдың үйіне кіріп, бір бөлмесінде жантайып жатқан жұдырықтай ақсақалға сәлем бердік.

– Жәке, баяғы Ғазіреті Ғали сияқты майданда жауды жайпап жүрген Бауыржан деген батыр балаңыз – осы! – деді Сәбит Жамбылдың құлағына дауыстап. – Талай немісті қырып салған нағыз ердің ері. Соғыстан келіп еді, енді соғысына қайта кеткелі жатыр. Сізге сәлем беріп, батаңызды алып кетемін деп келді.

Жамбыл менің бетіме сығырая қарады. Оның сынап отырғанын байқап, мен де қабағымды түйіп, оған ежірейе қалдым. Содан соң Жамбыл Сәбитке қарай мойнын бұрды да:

– Мынаның түсі тым суық екен, батыр болса болар! – деді.

Сәбит оған қарық болып күліп жатыр. Менде үн жоқ. Жамбыл күлместен маған қайта қарады.

– Батыр болсаң, сен Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің, соны айтшы, – деді.

Мен ойланбастан жауап бердім:

– Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты да, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде от пен



судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына да пар келе алмаймын. Мен оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке, – дедім...

Жамбыл алақанын жайды да:

Батырдың жолы болсын!

Самсаған қолы болсын!

Түсі де суық екен,

Ісі де долы болсын, Аллаһу әкпар! – деп, бетін сипады.

(Өзілхан Нұршайықов)



1. Мәтіндегі кейіпкерлер туралы не білесіңдер?
2. Батырларды от пен суға теңегенін қалай түсіндіресіңдер?
3. Батыр Бауыржан ақын Жамбылдан неге бата алуға келді деп ойлайсыңдар?



2. Мақалдар мен нақыл сөздерді дұрыс құрастырып, жазыңдар. Оларды оқып, ой түйіндеріңді айтыңдар.

| | | | | | |
|----------|----------|---------|----------|---------|----------|
| қадірін | білмейді | қадірін | Ер | ел | білмеген |
| білмеген | қадірін | ер | білмейді | қадірін | Өз |

| | | | |
|-------|----------|----------|--------|
| болып | көрсетіп | қашқанша | бет |
| өлген | Қара | артық | Қайрат |

| | | | |
|-------------|--------|------------|--------|
| Сабырсыздан | дұшпан | сасады | береке |
| алдында | қашады | Сабырлылық | |

| | | | | | |
|-----|--------|---------|----|--------|------|
| ер | тілегі | Ежелден | ел | тілегі | ел |
| боп | тірегі | ер | ұл | Адал | туса |



3. Табу сөздерді қатыстырып, шағын мәтін не 5–6 сөйлем жазыңдар.



4. Энциклопедиялар мен қосымша әдебиеттерден Б.Момышұлының өмір жолымен танысыңдар. Авторына сілтеме жасаңдар.



5. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, Б.Момышұлының өмірбаянын жазыңдар.

§10. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев

1. Мәтінді оқып, стилін, құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО және шетел ордендері мен медальдерінің иегері. Орта мектепті бітіргеннен кейін Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті оны Мәскеудің Түсті металл және алтын институтына оқуға жібереді. Институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Д.Қонаев Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болып істейді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінде 42 жыл қызмет етті. Осы 42 жылдың ширек ғасырында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарды. Басшылық қызмет атқарып жүрген кезде Дінмұхамед Ахметұлы өнеркәсіп, құрылыс, сауда, ауылшаруашылығының дамуына атсалысты. Ғылым, денсаулық, спорт және мәдениет аяларын дамытуда зор еңбек сіңірді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды. Олар бүгінде халық игілігіне қызмет етуде.

Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті бола білген абзал азамат 1993 жылғы тамыздың 22-сінде 82 жасқа қараған шағында қайтыс болды. Қазақстан тарихында есімі алтын әріптермен жазылған Д.А.Қонаев қазақ елінің дамып көркеюіне сүбелі үлес қосып, халық есінде кемеңгер тұлға ретінде мәңгілікке сақталады.

(*asyl-bilim.kz*)



1. Дінмұхамед Қонаевтың еңбек жолынан нені аңғаруға болады?
2. Қоғам қайраткері Қазақстанның даму жолында қандай елеулі қызметтер атқарды?



2. Д.Қонаевтың даналық сөздерінен өздеріңе ұнағанын жаттап алыңдар.

- «Көз өзіне сенеді, құлақ өзгенің сөзіне сенеді» дегенді естен шығармалық.
- Сенім деген – құдіретті күш, ол сеңгір тауды да қозғайды.
- Хан келеді, кетеді. Халық қалады, халық қалса – тақ қалады.
- «Абыройдың ақ отауын тіктім» деген кісінің пенделігі аз болмайды.
- Адам жанына ізгілік нәрін сепкен ұстаздан үлкен кім бар?!
- Орынды сын ойлантпай қоймайды.
- Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.



3. Үлгіге қарап, 2–3 минутта өз өмірбаяндарыңды жазыңдар.

Мен, Садық Айғаным Асанқызы, 1998 жылы 7 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келдім. Отбасымызда төрт адам бар: әкем, анам, ағам және мен.

Әкем Садықұлы Асан – заңгер. Алматы қалалық сотының мүшесі. Анам Асқарқызы Ғалия №1 емханада көз дәрігері болып жұмыс істейді. Ағам Қайыркен – ҚазҰУ-дың тарих факультетінің 4-курс студенті.

Мен 2004 жылы №33 мектеп-гимназияның 1-сыныбына қабылдандым. 2005 жылы мектепті үздік бітірдім. Сол жылы Қазақ мемлекеттік заң институтының мемлекеттік қызмет және халықаралық құқық қорғау факультетіне түстім. Қазір 3-курс студентімін.



4. Өмірбаянда термин сөздерді, неологизмдерді көбірек қолданыңдар.



5. «Елге сыйлы, ерен еңбек иесі» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.

§11. Қазақтың тұңғыш суретші қызы – Айша

1. Мәтінді түсіндірме (комментарий) жасап оқыңдар. Мәтінге басқа атау беріп көріңдер.

Сұлулық пен қуаныш сыйлайтын өнерпаз

Айша Ғарифқызы Ғалымбаева – қазақ қыздарының ішінде суретшілік мамандықты тұңғыш рет меңгерген және Қазақстанның Халық суретшісі атағын да бірінші болып алған кескіндемеші-суретші. Сонымен қатар Айша Ғалымбаева – кино суретшісі. «Абай әндері» фильмінің сюжеті бойынша «Билер соты», «Келін түсіру кеші», «Той», «Айтыс» «Кездесу» сияқты шығармаларын жазып, фильмнің декорациялық эскиздерін жасады.

Айша – тумысынан кескіндемеші, дүниенің бар келбетін айнытпай айқын көреді. Айналасын қоршаған қарапайым өмірдің өзін өңін өзгертпей көру, сан алуан түрдегі сансыз заттардың атауының өзінен кескіні мен келбетін, сұлбасы мен сымбатын, қызығы мен қылығын танып көре білу ерекше дарын иесінің ғана қолынан келеді.

Оның картиналарын тамашалаған көрерменнің көкірегінде сұлулық пен қуаныш күй болып шертіледі. Бұл – адам жанына сондай іңкәр дүниені сыйлаған шығармашылықтың жасампаз құдіреті.

(*massaget.kz*)



1. Әлемнің және қазақтың танымал суретшілерінен кімдерді білесіңдер?
2. Кескіндеме өнері туралы не білесіңдер?
3. «Көрерменнің көкірегінде сұлулық пен қуаныш күй болып шертіледі» дегенді қалай түсінесіңдер?



Қазақ ұғымындағы, мәдениетіндегі **табу** ұғымы дәстүрмен, ұлттың болмысымен астасып жатыр. Қазақ қызы келін болып ақ босағадан аттағаннан кейін, атасының, қайын аға, қайын іні-сіңлісінің атын атамай, жарасымды ат қояды. Мысалы, «Үлкен ата», «Бай атам», «Ақ әже»,

«Кенже бала», «Ерке бала», «Мырза жігіт», «Төре жігіт», «Мырзатай», «Би ағам», «Шырайлым», «Кекілдім», «Арайлым», «Сырғалым», «Шашбаулым», «Күлімкөз», «Ерке қыз» т.с.с. Бойы кішілеу інісін «Сұңғағым», жайбасарды «Жүйрігім» деп те атап жатады. Бұл – сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі.

- ✓ 2. Табу сөздерді қатыстыра отырып, Айша Ғалымбаеваның «Бір кесе қымыз» картинасын сипаттаңдар.



Қажетті сөздер: Қарагөз, Бикеш, Шырайлым, Еркежан.

- ✓ 3. Бірінші бағанда берілген кісі аттарын тура атамай, қандай сөздермен ауыстырған? Сәйкестендіріп жазыңдар.

Біржан
Бүркіт
Құрманғазы
Кенжебек
Қажымұқан

Домбырашы
Сері жігіт
Сұңқар жігіт
Балуан бала
Кішкене бала

- 🔍 4. Энциклопедиялар мен балаларға арналған газет-журналдардан Айша Ғалымбаеваның шығармашылығы туралы ақпараттар жинап, авторына сілтеме жасаңдар.

**5.** Үзінділерден табу сөздерді теріп жазындар.

– Тентекжан-ау, мені тастап бара жатқаның ба? – деп Зәйкүл де тұра жөнелді. Шешей, сонда сен де бар шығарсың деймін, түнде күйеуден ақша алып, Шырайлымды алып барып көрсетпекші болдың ғой. Кеше Дәуқара бар, біздің үйдегі қайның бар – бәрі бас қосып сөйлесіп отырды. Еркежанның сүйіп жүрген жігіті бар еді, соны кедейсініп, Биәғалар бермеді.

(*Б.Майлин*)

Дәл осы кезде, есіктен шығып жатқан қонақтарға қарсы жүріп, сығылыса кірген Қалиқа Абайға жақындап кеп:

– Телғара, қалқам, сені апаң шақырады, – деді.

(*М.Әуезов*)

§12. Қазақ киносының саңлағы**1.** Мәтінді оқып, Шәкен Айманов туралы бұрын білетін мәліметтеріңмен бөлісіндер. Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнын, тілдік ерекшелігін талдай отырып, стилін анықтаңдар.

Қазақстанның Халық әртісі Шәкен Кенжетайұлы Айманов Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келді. Топырақ бұйырған жері – Алматы қаласы.

Шәкен Кенжетайұлы – аса дарынды актер, ойшыл режиссер, қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасып, шыңдалуына айрықша ықпал еткен, өшпес із қалдырған дара тұлға. Ш.Айманов ойнаған рөлдердің бастылары: Ақан сері, Қобыланды, Қодар, Керім, Алдаркөсе, Исатай бейнелері. Оның қойған «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Атаманның ақыры», «Атамекен», «Біз осында тұрамыз», «Тақиялы періште» т.б. фильмдері қазақ киноөнерінің ең үздік туындылары болып есептеледі.

Ол актер ретінде кейіпкерінің жан-дүниесін ашуға және соған лайықты, ұтымды әрекет-қимылдар жасау шеберлігімен ерекшеленсе, ал режиссер ретінде шығармаға көркемдік-идеялық мазмұн дарытуға, ұлттық ерекшеліктердің

баяуын қанық етуге айрықша мән бере білетін дарынды суреткер еді...

(«Тарихи тұлғалар» кітабынан)



1. Шәкен сомдаған кейіпкерлердің қайсысын білесіңдер?
2. Ш.Айманов қоржынындағы фильмдердің қайсысын көрдіңдер? Ол фильмдер туралы не айта аласыңдар?



Алматы қаласындағы «Қазақфильм» киностудиясына Шәкен Аймановтың есімі беріліп, киностудия аумағына оның бюсті орнатылған. Онда Шәкен Аймановтың кабинет-мұражайы бар...



2. Неологизмдерді қатыстырып, «Қазақфильм» киностудиясы туралы мәліметті өз ойларыңмен толықтырыңдар.



3. «Актер болу үшін адамда қандай қасиеттер болу керек?» тақырыбында хабарламалық эссе жазыңдар. Мәтіннің құрылымын ескере отырып, алдымен қарапайым жоспар құрыңдар.



4. Берілген суреттер бойынша мәліметтер қарастырыңдар. Сілтемесін көрсетіңдер.



5. Эвфемизмдер мен табу сөздерді қатыстырып, Ш.Аймановтың фильмдері туралы 2 минуттық репортаж дайындаңдар.

VI

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗЕН-КӨЛДЕР. МОРФОЛОГИЯ

§1. Су – тіршілік көзі


1. Мәтінді графикалық суреттегі мәліметпен толықтырып оқыңдар, ат қойыңдар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Табиғаттың баға жетпес ең қымбат қазынасының бірі – су. Су – тіршілік көзі, жердің нәрі.

Су – адам өмірінде оттектен кейін екінші орын алатын маңызды қосылыс. Адам денесінің 65–70% -ын су құрайды. Ересек адамның денесінде 40–50 литр су болады екен. Атап айтқанда, қанның 83% -ы, бұлшық еттердің 75% -ы, мидың 74% -ы, сүйектердің 22% -ы судан тұратын көрінеді. Ал егер денеде 20% су жетіспеушілігі байқалса, онда ол адамның өліп кетуі әбден мүмкін екен.

Адам ағзасындағы зат алмасу үдерісі сулы ортада жүретіні белгілі. Адам ағзасына тәулігіне кем дегенде 2 литр су қажет. Сусыз тіршілік жоқ. Денеде күніне болатын 2–4 литр су шығынының орнын қайта толтырып отыру қажет.

(*bilimdiler.kz*)



1. Неліктен суды «тіршілік көзі» дейді?
2. Сандық мәліметтер бойынша диаграмма сызыңдар.
3. Ойларыңды блиц-жауаппен жеткізіндер: «Егер су болмаса...»

Геология – жер бетінің құрылымы мен құрамын, жерасты қазба байлықтарының пайда болуын зерттейтін жаратылыстану ғылымы.

Ғаламшар – планета; ғалам – әлем, дүниежүзі, жер жүзі.

Климат – белгілі бір жердегі ауа райының жағдайы.

Элемент – химиялық жолмен одан әрі бөлшектеуге келмейтін біртекті қарапайым зат.



Есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімнің) орнына жүретін сөз табы **есімдік** деп аталады. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдікті «орынбасар сөздер» деп атайды.

Есімдіктер әртүрлі сөз табының орнына жүретіндіктен, сөйлемде әртүрлі мүшенің қызметін атқарады.

1. Есімдіктер атау септікте тұрып, бастауыш болады. Мысалы: *Өзің осы жолы сыншы боп қайтыпсың ғой. (М.Әуезов)*
2. Есімдіктер барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде тұрып, толықтауыш болады. Мысалы: *Ермек ешқайсысына жауап қайырған жоқ. (Ф.Мүсірепов)*
3. Есімдіктер сын есім мен сан есімнің орнында қолданылып, анықтауыш болады. Мысалы: *Ешқандай із көрінбейді. (М.Мағауин)*
4. Есімдіктер мезгіл, мекен мағыналарында үстеудің орнына қолданылса, пысықтауыш болады. Мысалы: *Акула ешқашан тоймайды. («Әлемде талай қызық бар»)*
5. Есімдіктер жіктеліп қолданылса немесе сөйлемді тиянақтап тұрса, баяндауыш болады. Мысалы: *Жеткізетін сенсің ғой. Бағанағы күліп тұрған бала шәкірт – осы. (М.Әуезов)*

Есімдік құрамына қарай дара және күрделі есімдік болып екіге бөлінеді. Дара есімдік бір сөзден тұрады. Мысалы: *мен, олар, біреу, барлық, қайда, мынау* т.б. Күрделі есімдік екі түбірден жасалады. Мысалы: *кімде-кім, өз-өзіне, әлдеқашан, әркім, ешбір* т.б.




2. Оқылым мәтінін негізге алып, су туралы 5 сөйлем жазыңдар. Есімдіктің қай сөз табының орнына жұмсалып тұрғанын көрсетіңдер.

| | |
|---------------------------------------|--|
| <i>Ешкім сусыз өмір сүре алмайды.</i> | Есімдік зат есімнің орнына қолданылып тұр. |
| | |




Жер ғарыштан мұхиттар планетасы сияқты болып көрінеді. Оның бетінің 70% -дан астамын су басып жатыр. Судың шамамен 97% -ы мұхиттарда жинақталып, Жер ауданының 360 миллион шаршы км-ін алып жатыр. Кейбір жерлерде мұхиттың тереңдігі 10 км-ден асады.


(«Сурақ және жауап» энциклопедиясынан)

-  3. «Тіршілік» сөзін қалай түсінесіңдер? Тіршіліктің пайда болуында судың рөлі қандай? Оқылым мәтіні деректері бойынша судың адам үшін және табиғат үшін маңызын салыстырыңдар.

| Судың табиғаттағы маңызы | Судың адам өміріндегі маңызы |
|--------------------------|------------------------------|
| | |

-  4. Берілген мәтінді оқыңдар. Өз ойларыңды ортаға салыңдар.

Бастау – өзендердің басы боп саналатын бұлақ, тұма суларының жер астынан шымырлап шығып жататын көзі. Бұлақтың көзін ашуды Меккеге сапар шеккендей сауабы үлкен, қасиетті іс деп санаған. Сол себепті көктем шыға салысымен бастау-бұлақтар мен тұмалардың көзін ашып, халыққа су жеткізіп, сауапты іс жасауға асығайық (*Әбдуәли Қайдар*).

-  5. Жоғарыдағы пікір мен төмендегі деректердің бірін таңдап, дәлелдемелік эссе жазыңдар. Мәтінге есімдіктерді кірістіріңдер.

Үш көз: су анасы – бұлақ; жол анасы – тұяқ; сөз анасы – құлақ (*Сырым Датұлы*).

Әлемнің төрт құраушысы: от, су, жел, жер.

Төрт дария: Ніл, Фират (Ефрат), Жейхун (Әмудария), Сейхун (Сырдария).

§2. Судың да сұрауы бар

-  1. Мәтінді оқып, негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтаңдар.

Су – тіршілік нәрі

Су – тіршілік нәрі. Халқымыз «судың да сұрауы бар» деп тегін айтпаса керек. Бүгінде әлем бойынша гигиеналық таза ауызсуға қол жеткізе алмай отырғандардың саны 2 миллиардтан асып жығылады. Демек, осыншама адам әлі де жер құдық пен ағынды өзеннің лас суын ішіп отыр деген сөз. Ғалымдардың айтуынша, болашақта су тапшылығы арта түспек. Тіпті халықаралық жанжалдар жер мен байлыққа емес, күнделікті тұрмыста қолданып отырған таза су үшін туындайтын түрі бар.

Кей ғалымдардың тұжырымына сенсек, жұмырбасты пенде сусыз бар болғаны бір апта ғана өмір сүреді. Ал белгілі ғалым П.В.Гофман-Кадашниковтің есебінше, адам 70 жасқа келгенше орта есеппен 75 тонна су ішеді екен.

Талайдың қолы жетпеген таза суды ысырап етушілер азаймай отыр. Сондықтан бүгінде таза суды үнемдеу шаралары жүргізілуде. Суы тұщы өзендер мен көлдердің ластанбауын ұсынған ғалымдар су тапшылығы мәселесін шешуге талпынуда. Біздің елімізде де таза су тапшылығы мәселесі жоқ емес. Сол себепті «Ауызсу», «Ақбұлақ» бағдарламалары қабылданды.



(Дастанбек Садық)



1. «Судың да сұрауы бар» деген мәтел не себепті айтылған?
2. Жер шарының 70% -ын су алып жатқанына қарамастан, неліктен 2 млрд адам су тапшылығын көруде?
3. «Ауызсу», «Ақбұлақ» бағдарламаларының мақсаты не деп ойлайсындар?



Жіктеу есімдігі – белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі. Олар: *мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар*. Мысалы: *Ербол биыл мектеп бітірді. Ол институтқа түспек. Мен оған хат жазып тұрамын.*

Сілтеу есімдігі – меңзеу, нұсқау және көрсету мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі. Олар: *бұл, сол, ол, ана, анау, аналар, мына, мынау, мыналар, өне, өнеки, міне, мінеки, осы, осынау, сонау*. Мысалы: *Мен мына ауылдарға барып келемін. Сен осы шаруаны тындыр. Бұл – біздің үй.*



- Суды бекер сапырма.
- Судың бетін түнде ашық қойма.
- Түнде көлден су алма.
- Суға дәрет сындырма.
- Су ішсең, құдық қазушыны ұмытпа.

- ✓ 2. Жіктеу және сілтеу есімдіктерін қолданып, жоғарыдағы тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.
- 🔍 3. Берілген сөздердің баламасын тауып, түсіндіріңдер.

Тапшылық көру, ысырап ету, ысырапсыз жұмсау.

- 💬 4. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзін оқып, осы мәселе төңірегінде сұхбат құрыңдар. Есімдіктердің қызметін анықтаңдар.

Әр мемлекеттің ең басты құндылығы – оның халқы. Сондықтан халық денсаулығы үнемі мемлекеттің қамқорлығында болуы тиіс. Дені сау ұлт қана ұлы істер мен лайықты әрекеттерге қабілетті. Біздің мемлекетіміздің стратегиялық міндеттерін шешуде тұрғындарды ауызсумен сапалы қамтамасыз ету мәселесі ерекше орын алады, себебі халық денсаулығы тұтынатын судың сапасына байланысты. Осы мәселені шешу барлығы үшін маңызды және алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі болып қалуда.

- ?! 5. Екі топқа бөлініп, берілген пікірлерді дәлелдеңдер. Шынайы өмірмен байланыстырыңдар.

1. Біздің елімізде ауызсу тапшылығы бар.
2. Біздің елімізде ауызсу қоры жеткілікті.

- 🏠 6. Баспасөзден, ғаламтор желісінен «Ауызсу», «Ақбұлақ» бағдарламалары туралы мәліметтер тауып, есімдіктерді қатыстырып, ресми стильде шағын баяндама жасаңдар.

§3. Судың түсі қандай?

- ☰ 1. Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтаңдар.

Су ғылыми еңбектерде түссіз, иіссіз, дәмсіз сұйықтық ретінде сипатталады. Бірақ халықтың жер-суға қойған атауларында Ақсу, Сарысу, Алакөл, Қызылкөл, Бозкөл, Шұбаркөл, Қарасу, Көксу секілді алуан түр-түстердің кездесуі қалай? Су

дәмсіз болса, оны ішкенде қалай сезінеміз? Иіссіз болса, су жағалауына барғанда кеңсірігіміз ашылып, теңіздің, көлдің иісін қалай сеземіз?

Қазақстанның жер-су аттарын зерттеуші Е.Қойшыбаев зерттеулеріне зер салайық.

«Қара» сөзі әртүрлі өзен-көл атауларымен тіркесіп кездеседі. Мысалы, Қарақамыс, Қарасор, Қаракөл, Қаракеңгір, Қаратал, Қарасу, Қаратұз т.б. Мұндағы «қара» сөзі бірнеше мәнге ие: 1) жерасты суларынан нәр алатын өзен атауы ұғымын береді. Мысалы, Қарасу, Қарақұдық; 2) белгілі бір атаудың екінші бір атаумен салыстырғанда көлемінің үлкен екендігін білдіреді. Мысалы, Қараөзек, Қаракөл; 3) кейбір өзен-көл атауының құрамында кездесетін «қара» сөзі «ну», «қалың» ұғымын да береді. Мысалы, Қарақамыс. Ал «Қара Ертіс» атауының құрамындағы «қара» сөзін ғалымдар «жерасты суларынан нәр алатын өзен» ұғымынан шығарады.

«Қызыл» сөзі де өзен-көл атауларында көптеп кездеседі. Мысалы, Қызылкөл, Қызылқұдық, Қызылағаш т.б. Жер-су атаулары құрамында кездесетін қызыл мынадай мағыналарға ие: 1) тар шатқал; 2) түбі көрініп жатқан таяз су; 3) жұқа, майда, жеңіл.



(Еркебай Қойшыбаев)



1. Судың түсі қандай?
2. Дәмі бола ма? Иісін сезуге бола ма?
3. Өзен-көлдердің атауларының «түрлі түсті» болу себебі не?



2. Көк және ақ түстермен байланысты жер-су атауларын топтастырыңдар.





Сұрау есімдігі – жауап алу мақсаты мен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар. Оған қазақ тіліндегі барлық сұрау сөздер жатады: *кім? не? неше? қайда? неге?* т.б. Мысалы: *Сендер қашан келдіңдер? Жолда кімді көрдіңдер? Неге кешіктіңдер?*

Өздік есімдігі. Өздік есімдігіне әртүрлі тұлғадағы **өз** деген бір ғана сөз жатады: *өз, өзім, өзіміздің, өз-өзіне* т.б. Мысалы: *өз Отаным, өзіміз жаздық, өздерің көрдіңдер.*



3. Деңгейлік тапсырманы орындандар.

1-деңгей. Сұрау есімдіктерін кірістіріп, оқылым мәтініне қатысты 5 сұрақ жазыңдар.

2-деңгей. Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырып, диалог құрыңдар. Диалогте өздік есімдігін қолданыңдар.

3-деңгей. Картадан Қазақстандағы өзен-көл атауларында басқа қандай түр-түсті білдіретін сөздер кездесетінін анықтаңдар.



4. Суға қатысты атаулардың ішінен көпшілікке таныс емес кәсіби сөздерді бөліп жазыңдар. Олардың мағынасын сөздіктен қараңдар.

Айдын, арал, арна, ауызсу, ащы су, арық суы, ақаба су, ақпар су, ауан су, ботана сел, иман су, мойын су, суат, топан су, тоспа, шұбар су, шығанақ, арасан.



5. «Судың түсі көк бола ма, әлде түссіз бола ма?» тақырыбына пікір алмасыңдар.



6. Есімдіктерді қатыстырып, өлеңді өз сөздеріңмен 5–6 сөйлем етіп жазыңдар. «Ілиястың дауысы» деп кімді айтып тұрғанын анықтаңдар.

Ақсу

Ақсу мынау арынды
Ағып жатқан арқырап.
Жаңғыртып сол сарынды,
Қайталайды әр қырат.
Қозғаған ел қиялын
Жеті өзеннің біреуі.

Балқаш барып құярын
Ақсу жақсы біледі.
Жағадағы жарды орап,
Арындайды ағысы.
Естілгендей жаңғыртып
Ілиястың дауысы.

(Қастек Баянбаев)

§4. Қазақстанның ішкі сулары. Өзендер



1. Мәтіндегі ақпараттарды қатыстырып, ауызекі стильде диалог құрыңдар. Тілдік ерекшеліктерін салыстырыңдар.

Қазақстан аумағында ірілі-уақты 85 мың өзен бар. Олардың ішінде 7 өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу) ұзындығы 1000 км-ден асады. Республиканың барлық өзендері Солтүстік Мұзды мұхит және ішкі тұйық көлдер алаптарына құяды. Солтүстік Мұзды мұхит алабына Ертіс өзені жатады.

Каспий теңізі алабы Батыс Қазақстан өзендерін қамтиды. Оларға Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл, Сарыөзен, Қараөзен т.б. жатады.

Арал теңізі алабына Сырдария, Арыс, Шу, Сарысу, Торғай, Ырғыз, Талас өзендері кіреді.

Балқаш-Алакөл көлдер жүйесіне Қаратал, Лепсі, Ақсу, Іле, Тентек, Сарқан, Басқан және т.б. өзендер кіреді.

(«Қазақстанның физикалық географиясынан»)



Жалпылау есімдігі – жалпылау, жинақтау, мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі. Олар: *барлық, бәрі, бар, бүтін, күллі, барша, тегіс, бүкіл* т.б.

Мысалы: **Барлығы** естіді. **Балалар түгел** келді. **Үй іші тегіс** күліп жіберді. **Баршаңызға** көп рақмет. **Бар** білгенімді үйреттім.



2. Жалпылау есімдіктерін қолданып, оқылым мәтінінен 5 сөйлем жазыңдар.



3. Қазақстан өзендері туралы мәліметтер жинап, оқылым мәтінін толықтырыңдар.



4. Қазақстандағы теңіз, өзен, көл аттарын кестеге жазыңдар. Күрделі атаулардың қалай жасалғанын көрсетіңдер.

| Теңіздер | Өзендер | Көлдер |
|----------|---------|--------|
| | | |



5. Өздерің тұратын аймақтағы өзен, көл немесе теңіздің сол өңірге тигізетін пайдасы туралы дәлелдемелік әссе жазыңдар.

§5. Таулардан өзен ағар сарқыраған



1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Алдыңғы тақырыптағы мәтінмен салыстырып, мазмұндық және тілдік ерекшеліктерін анықтаңдар.

Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір
қалыпта,

Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертіңді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады.
Он мың мал айдап өтсең, лай қалмайды,
Тасыса, су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.



(БІбырай Алтынсарин)



1. Қазақстан өзендері туралы қандай өлеңдер білесіңдер?
2. Өзендер өз бастауын қайдан алады?

Қынарда – жағасында.
Өзен – өзінің табиғи арнасымен ағып жататын ағынды су немесе ағып жатқан тұщы судың табиғи жолы.

Белгісіздік есімдігі – затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді жорамалдап, тұспалдап көрсететін есімдіктің түрі. Олар: *кейбіреу, қайсыбір, әлдеқайда, әлдеқайдан, біреу, әлдекім, бірдеңе, бірнеше* т.б. Мысалы: **Біреу** есік қақты. **Кейбіреуі** түсінбеген сияқты. **Романды бірнеше күн** оқыды.



- ✓ 2. Есімдіктерді қатыстырып, Ы.Алтынсариннің «Өзен» өлеңін қара-сөзбен жазып шығыңдар.



«Сулы жер – нулы жер», «Өзен жағалағанның өзегі тал-мас», «Сағадағы ел су ішеді, аяғындағы у ішеді» деген даналық сөздер қалдырған ата-бабаларымыз теңіз тұрмақ, әрбір өзен, көл, тіпті құдықтарға дейін жау қолында қалдырмай, осы бір тіршіліктің көздерін ұрпағына табыстап отырған. Қазақ даласы онсыз да табиғи суларға аса бай емес.


(«Ана тілі» газетінен)



3. «Қазақ даласы табиғи суларға бай емес» деген пікірге келісу-келіспеу себептеріңді көрсетіп, эссе жазыңдар. Белгісіздік есімдіктерін кірістіріңдер.



4. Қазақстан өзендерінің орналасу картасын жасаңдар.



5. Ғаламтор ресурстары мен энциклопедиялардан өзендердің пайда болуы туралы материалдар тауып, жинақы мәтін жазыңдар. Есімдіктерді кірістіріңдер.

§6. Қазақстан көлдері



1. Мәтінді оқып, негізгі, қосымша және детальді ақпараттарды тауып, түсіндіріңдер.

Балқаш көлінің атауы қайдан шықты?

Балқаш – қазақ жеріндегі ірі көл.

Кейбір зерттеушілер көлдің атауы ертеде «су» мағынасын берген «балық» сөзіне жұрнақ жалғануы арқылы жасалған деген болжам ұсынады.

Балқаш көлінің атауы жөнінде біздің пікіріміз өзгеше. Мұның өзіндік себебі бар. Біз ежелгі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен «су» мағынасын беретін «бал», «балық» сөздерін ұшырата алмадық.

В.В.Радлов көрсеткендей, көл атауы қазақ тіліне ертеден тән «сазды төмпешіктері бар былқылдақ, батпақ» мағынасын беретін «балқаш» сөзімен байланысты тууы ықтимал. Бұл ойымызды телеуіт, құманды, алтай тілдерінің деректері растай түседі. Оларда «палқаш» сөзі «лай, балшық, тұнба» мағыналарында қолданылады. Егер осы деректерге сенсек, «Балқаш» сөзі «батпақты көл» дегенмен барабар. Біздің болжамымызды көлдің табиғи жағдайы да дәлелдей түседі. Балқаш көлінің солтүстік шығыс жалағалауы мен Іле өзенінің көлге құяр сағасы батпақты болып келсе, көлдің шығысы сортаң.

Көл өз атауын осындай сипатына қарай иеленген.

(«Білім шапағаты» газетінен)



1. Балқаш көлінің атауы туралы пікірлердің қайсысына қосыласыңдар?
2. Балқаш көлі Қазақстанның қай өңірінде орналасқан?



Болымсыздық есімдігі – болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі. Олар: *ешкім, ешқайда, ешқашан, ештеңе, дәнеме*. Мысалы: *Ешкім естімеген. Ол ешқашан кешіккен емес. Біз ешқайда бармаймыз.*

Ескерту: *еш, кей, әлде, әр, қайсы, бір* есімдіктері зат есіммен және сын есіммен тіркесіп келгенде бөлек жазылады. Мысалы: *еш уақытым жоқ, кей кезде, әр адам, әр нәрсе.*



2. Оқылым мәтінінен есімдіктерді тауып, теріп жазыңдар. Мағыналық түрлерін ажыратыңдар.



Ертеректе Балқаш көлінің күнбатыс жағын мекендеген жұрт бұл айдынды «Ақ теңіз» деп атаған. Ал шығыстағы жұрт «Жұмбақ көл» атандырыпты.

Бізге жеткен аңыздарға сүйенетін болсақ, сол заманда бір байдың Балқия деген айдай ару, күндей көркем қызы

болыпты. Ел-жұрты Балқияның ақылы мен көркіне тамсанып, оны «Балқияжан, Балқаш» деп еркелетіп атапты...

Қатал салт-дәстүрдің құрбаны болған Балқаш қыз сүйгені Ерденге қосыла алмай, осы шалқар көлдің жағалауында дүние салған екен. Самал жел, сыңсыған ну, байтақ дала адамзаттың қайғысына ортақтасып, Балқаш қызды жоқтап қала береді.

Содан бері көл бойын жағалай қонған жұрт айна бетіндей жарқыраған қасиетті айдынды «Балқаштың көлі» деп атаған екен.

(«Алаш айнасы» газетінен)




3. Өздерің тұратын жерге жақын орналасқан көлдер туралы білетін және білгің келетін мәліметтерді кестеге жазыңдар.

| Көлдер | Білетінім | Білмейтінім |
|--------|-----------|-------------|
| | | |



4. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_көлдері сайтынан алынған графикалық мәтін бойынша бір-біріңе жалпы және нақты сұрақтар қойып, сұхбаттасыңдар.



| Көлдер | Ауданы, км ² |
|----------------|-------------------------|
| Балқаш | 16400 |
| Солтүстік Арал | 3300 |
| Алакөл | 2200 |
| Зайсан | 1810 |
| Теңіз көлі | 1590 |
| Сілеті | 750 |
| Сасықкөл | 736 |



5. Өлеңді мәнерлеп оқып, ондағы сексен көлге қандай көлдер жататынын анықтап, аттарын жазыңдар.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
 Әрқайсы алтын кесе аясында.
 Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,
 Көкірек қанша жұтса тоясың ба?

(Сәкен Сейфуллин)



6. Көл атауының шығу тарихы туралы аңыз бен ғалымдар тұжырымын салыстырып, келісу-келіспеу эссесін жазыңдар. Есімдіктерді қолданыңдар.

§7. Қазақстандағы теңіздер



1. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңдар.

Каспий теңізі – Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл. Үлкендігіне қарап оны «теңіз» деп атайды. Оның «Гиркан», «Хазар», «Хвалын» деген тарихи атаулары бар.

Каспий теңізі көне дәуірде жер қыртысының көтерілуінен Қара теңізден бөлінген. Теңіздің жалпы ауданы – 376 мың шаршы км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созылып жатыр. Оның суы 5 мемлекеттің жағалауын шаяды, олар: Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түрікменстан, Иран Ислам Республикасы.

Каспий теңізіне 130-ға жуық өзендер мен ағынды сулар құяды. Оның 80% -ы Еділ өзенінің, 5% -ы Жайықтың үлесіне тиеді.

Ақтау қаласында теңіз суын тұщыландыратын қуатты қондырғы орнатылған. Каспий теңізіндегі Ақтау және Құрық порттары арқылы басқа елдермен сауда қарым-қатынасы жүзеге асады. Теңіз жағалауында Атырау, Форт-Шевченко, Ақтау қалалары орналасқан.

(«Қазақстанның физикалық географиясынан»)



- Еліміздің өзінің теңіз портының болуы қаншалықты маңызды?
- Мәтіндегі сандық мәліметтер бойынша диаграмма сызыңдар.



2. Оқылым мәтіні негізінде кестені толтырыңдар.

| | |
|-----------------------------|--|
| Теңіздің атауы (көне, жаңа) | |
| Орналасқан жері | |
| Ауданы, ұзындығы | |
| Жағалауындағы елдер | |
| Құятын өзендер | |
| Теңіз жағасындағы қалалар | |



«Телегей-теңіз» сөзі «ұшы-қиыры жоқ», «есепсіз» деген мағынада айтылады. Басқа түркі тілдерінде – алтайлықтарда, буряттарда, қалмақ, моңғол тілдерінде «телегей» сөзі «әлем», «жер жүзі» мағыналарында қолданылады. Жазба моңғол тілінде «делгер» сөзі «кең», «көлемді» деген мағынаны берген. Осыларды салыстыра келіп, «телегей-теңіз» қос сөзінен «теңіздей көлемді», «теңіздей кең» деген теңеулер байқалады.

(Әбілбек Нұрмағамбетов)



Есімдіктің септелуі

| | | | | | |
|-----------------|---------|---------|-------------|----------|---------|
| Атау септік | мен | сен | ол | ешкім | бәрі |
| Ілік септік | менің | сенің | оның | ешкімнің | бәрінің |
| Барыс септік | маған | саған | оған | ешкімге | бәріне |
| Табыс септік | мені | сені | оны | ешкімді | бәрін |
| Жатыс септік | менде | сенде | онда | ешкімде | бәрінде |
| Шығыс септік | менен | сенен | одан (онан) | ешкімнен | бәрінен |
| Көмектес септік | менімен | сенімен | онымен | ешкіммен | бәрімен |

Есімдіктің тәуелденуі

| Жақ | Оңаша тәуелдену | ол | бұл | кім | өз |
|-----|-----------------|---------------|-----------|------------|-----------|
| I | Менің | оным | бұным | кімім | өзім |
| II | Сенің | оның | бұның | кімің | өзің |
| | Сіздің | оныңыз | бұныңыз | кіміңіз | өзіңіз |
| III | Оның | онысы | бұнысы | кімі | өзі |
| Жақ | Ортақ тәуелдену | | | | |
| I | Біздің | онымыз | бұнымыз | кіміміз | өзіміз |
| II | Сендердің | оларың | бұларың | кімдерің | өздерің |
| | Сіздердің | оларыңыз | бұларыңыз | кімдеріңіз | өздеріңіз |
| III | Олардың | олары (онысы) | бұнысы | кімдері | өздері |



3. Оқылым мәтінінен есімдіктерді тауып, түрленуін талдаңдар. Екі есімдікті тәуелдеп, септендер.



4. Деңгейлік тапсырмаларды орындандар.

1-деңгей. Мәтіндегі *жер шары, көне, дәуір, қарым-қатынас, тұщы* сөздерінің баламаларын жазыңдар.

2-деңгей. Каспий теңізінің рөлі туралы диалог жазыңдар. Есімдіктерді түрлендіріп қолданыңдар.

3-деңгей. Атырау, Форт-Шевченко, Ақтау қалаларының аттары қалай қойылған? Зерттеу жүргізіп, өз тұжырымдарыңды жазыңдар.



5. Өлеңді оқып, жаттап алыңдар. Есімдіктерді қатыстырып, өлеңде айтылған ой туралы пікір жазыңдар.

Теңізге мынау қарашы,
Жетпейді көздің шарасы.
Кеткендей боп тұр астасып,
Аспан мен жердің арасы.
Мұнда жоқ кінә-кек деген,
Мұнда жоқ шет пен шек деген.
Сан бақыт мұнда бүршіктеп,
Сан мұрат мұнда көктеген.
Оған жат қайғы-қасірет,
Айтары – ерлік, өсиет.
Теңіздің теңіз екенін
Тану да үлкен қасиет.

(Төлеген Айбергенов)

§8. Жаңбырменен жер көгерер



1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар.

Қазақ халқының өмірінде жауын-шашынның алатын орны ерекше. Сол себепті болар, халық «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы» деп, елдің ырыс-құты ретінде батыр мен жаңбырды қатар атаған. «Сөуірдегі жауын – сауып тұрған сауын» деп, тіршілік көзі – малымен байланыстырған. Жауынның дер кезінде түспеуі немесе мүлде жаумауы елдегі қуаңшылыққа, малдың жұтауына алып келеді. Сондай жағдайда жауын-шашынды шақыру үшін тасаттық беру салты қалыптасқан. Судың адам өміріндегі пайдасы қандай болса, жауын-шашынның табиғаттағы рөлі де сондай десе болады.

(wikipedia.org)



1. Жаңбырдың табиғаттағы рөлі қандай?
2. Халық жауын-шашынды қалай шақырған?

3. Қалай ойлайсыңдар, жауын, жаңбыр, жауын-шашынның қандай айырмашылығы бар?

Есімдіктің сөйлемдегі қызметі

| Бастауыш | Баяндауыш | Толықтауыш | Анықтауыш | Пысықтауыш |
|---|--|---|---|--|
| Есімдік атау септікте тұрып, бастауыш болады. | Есімдік жіктеліп келіп немесе заттанып, баяндауыш болады. | Есімдік атау мен ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, толықтауыш болады. | Есімдік ілік септігінде келгенде немесе зат есіммен тіркесіп келіп, анықтауыш болады. | Есімдік мекен, мезгіл мағыналарында қолданылса, пысықтауыш болады. |
| <i>Мен далаға шықтым. Бәрі оны қолдады. Бұны өзі қалап еді.</i> | <i>Менің айтарым – сол. Біздің ойлағанымыз сенсің.</i> | <i>Оны елеген адам болмады. Ешкімге ауыр тапсырма берілмеді.</i> | <i>Кейбір адамдар қарсы шықты. Біздің дегеніміз болды.</i> | <i>Балалар осында жүр екен. Олар әлдеқашан кетіп қалған.</i> |

- ✓ 2. Есімдіктердің 5 сөйлем мүшесі қызметін атқаруына екі-екіден мысал жазыңдар.

- 🗨️ 3. Суреттердің реті бойынша «Жаңбыр қалай жауады?» деген тақырыпта диалог құрастырыңдар.

- 🔍 4. Тасаттық беру деген не? Түрлі дереккөздерді пайдаланып, қалай жүзеге асатынын баяндаңдар.



- 📝 5. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.

- ... дауылды шақырады,
Бұлт ... шақырады.
- Өткен ... жауын күтпе.
- Жаңбыр – ... ырысы.
- Жаңбыр жауса – ... сый,
Жігіт ... – елге сый.
- ... бұлттың жауыны аз.

- Басшысыз – ... жетім,
Жауынсыз – ... жетім.
- Сәуір болмай ... болмас,
Жауын болмай ... болмас.

Керекті сөздер: ел, жерге, жауын, күркіреген, бұлттан, жел, туса, көктің, тәуір, жер, жауынды.



6. Жаңбырдың түрлі қалпын көрсететін сөздерді қатыстырып, мәтін құраңдар. Есімдіктердің қызметін анықтаңдар.

Ақжауын (ақ жаңбыр), боз жаңбыр, қара жаңбыр, өткінші жаңбыр, соқыр жауын, сылбыр жаңбыр, сірлету, сірікпе (бүрікпе), сіркіреу, сіркіреуік, сілбілеу, мұздақ.

§9. Сумен байланысты аңыз-әңгімелер



1. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар. Мазмұнын, тілдік ерекшелігін алдыңғы тақырыптағы мәтінмен салыстырыңдар.

Мейірім (мысал)

Мұз сұп-суық. Күн ұзақ шатырға ілініп, міз бақпай тұра беруден жалықпайтын. Балалар қызығып ұстағысы келсе, өзінің сұп-суық денесімен қарып алатын.

Оған адамдардың мейірімі жетпейтін еді. Ол өткен-кеткеннен мейірім күтіп ұзақ тұрды. Мейірім үшін өзін құрбан етуге, еріп су боп кетуге бар еді.

Көктем келді. Күн шықты. Күн жер бетіндегі тірліктің бәрін бірдей көретін. Кенет мұзға көзі түсті. Сол-ақ екен, күлімдеді.

– Неткен сұлу! – деді Күн.

– Сен де, – деді Мұз.

Мұздың тұла бойы балқып, бірте-бірте еріп бара жатты.

(www.zharar.com)



2. Аудиожазбадан (06.mp3) «Су аяғы құрдым» мәтінін тыңдап, негізгі және детальді ақпаратты табыңдар. Оларды шынайы өмірмен байланыстырып, бір-біріңе сұрақ қойыңдар.



3. Диалектологиялық сөздіктерді пайдаланып, төмендегі сөздерге түсініктеме беріндер:

Ауыт (әуіт), дән суы, топырақ суы, орақ суы.



4. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Тыңдалым мәтінінде кездесетін есімдіктерді теріп жазып, қандай сөздің орнына қолданылып тұрғанын анықтаңдар.

2-деңгей. Оқылым мәтініндегі зат есімдерді есімдіктермен ауыстырып жазыңдар.

3-деңгей. «Су сұрағанға су беру – парыз» тақырыбына ойтолғау жазыңдар.



5. Мәтінге есімдіктерді қосып, қайта жазыңдар.

Қазақстан бойынша жиырма мыңнан астам, ал тек Маңғыстау өлкесінде 4168 құдық болған екен. Олар көшпелі халқымыздың өмір тіршілігінің көзі болып саналғанмен, бүгінде олардың көпшілігінің күтімі болмағандықтан көзі бітіп, суы тартылып, істен шыққан.

Жеті қабат жер астындағы судың ащы-тұщысын тап басып таба алатын, оның мол-аздығын алдын ала болжайтын білгір құдықшылар аз болмаған. Ши өсіп тұрған жерлер мен жантақты ойпаттарда тұщы су көздері мол және олар жер бетіне жақын болып келеді.

(Темірхан Медетбеков)



6. Қосымша әдебиеттерден жер-су атауларына қатысты аңыз-әңгімелерді тауып оқып, өз сөздеріңмен баяндандар.

§10. Су иесі – Сүлеймен



1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңдар. Мәтіндегі суреттің орнына қандай баталар қосар едіңдер?

Су иесі – Сүлеймен

Қазақ халқында үйге қонақ келгенде жас баланың қолына құман беріп, мойнына сүлгі асып, ас ішердің алдында қонақтардың қолына су құйғызатын дәстүр бар. Аңыз бойынша бұл

дәстүр Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі. Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айырылған соң, қайғыдан қан жұтады. Ұлық Алла оны жұбату үшін оған тағы бір ұл сыйлайды. Дәуіт ұлды болардың қарсаңында Жебірейіл періште хабар әкеледі.

– Әй, Дәуіт! Ұлық Алла бір ұл нәсіп етеді. Бірақ шарты сол: ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Осыған ризасың ба? – дейді. Дәуіт іштей қынжылса да: «Не қылса да Жаппар иемнің әміріне ризамын», – деп келіседі. Көп ұзамай Дәуіт ұлды болып, есімін Сүлеймен қояды.

Дәуіт патша болғандықтан, оның сарайына күн сайын жүздеген адам қонаққа келеді екен. Сол кезде жеті жасар Сүлейменді бір қолына құман, бір қолына сүлгі ұстатып, сарайдың алдына қызметке қояды. Бала күні бойы кірген-шыққан қонақтардың қолына су құйып, алғысын алады. Оның адал қызметіне риза болған қонақтар:



..., ..., ..., – деп, тоқсан тоғыз тілек айтып, бата береді екен.

Сүлейменнің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып, ойы да, бойы да өсіп, азамат боп ер жетеді.

Бір күні Дәуіт Ұлық Аллаға:

– Уа, Алла, маған ұлыңның қызығын тоғыз жыл ғана көресің деп едің. Бұл не хикмет? – деп сұрайды. Ұлық Алла:

– Рас айтасың. Сүлейменнің пешенесіне тоғыз жылдық ғұмыр жаздым. Бірақ зерек ұлың қонаққа қызмет етуден шаршамады. Ақсақалдардың батасын алуға құмар болды. Күн сайын адамдар оған шын жүректен алғыс жаудырып, батасын берді. Көптің алғысымен оның ғұмыр жасы ұзарды. Менің бір есімім – Халық. Халықтың тілегін қабыл етпеу ұлықтығыма сын болар еді. Бүгіннен бастап Сүлейменге 99 түрлі қасиет берем. Жердегі бүкіл тау-тас, аң-құс, он сегіз мың ғаламға патша қыламын, – деді.

Содан бастап Сүлейменге дарымаған керемет қалмапты. Осыған орай «Сүлеймен де су құйған», «Су иесі – Сүлеймен»

деген сөздер ел арасына таралыпты. Қазір де қазақ халқы үйге қонақ келгенде жас баласының қолына құман мен сүлгі ұстатып: «Үлкен кісілердің батасын ал», – деп су құйғызады. «Батаменен ер көгегер, жаңбырменен жер көгерер» деген тәмсіл сөз Сүлеймен пайғамбардан қалған екен.

(Ел аузынан)



1. «Су иесі – Сүлеймен» деген сөз неден қалған?
2. Сүлейменнің ғұмыр жасының ұзаруы сендерге қандай ой салды?



2. Мәтіннен есімдіктерді табыңдар, қызметін анықтаңдар.



3. Оқылым мәтіні бойынша «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жинақы мәтін жазыңдар.

1. Пікір. Мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.

2. Дәлел. Өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.

3. Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.



4. Су туралы мақал-мәтелдерді жинақтап, оларға түсініктеме беріңдер.



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Қазақстанда ауызсу мәселесі шешілген» деген тақырыпта келісу-келіспеу себептеріңді көрсетіп, эссе жазыңдар.

2. «Инсерт» әдісімен тіршілік көзі – су туралы алған білімдеріңді қорытындылаңдар.

| V (бұрыннан білемін) | + (жаңа ақпарат) | – (менің ойлағаным қайшы) | ? (білгім келеді) |
|----------------------|------------------|---------------------------|-------------------|
| | | | |

VII

СПОРТ. БЕЛГІЛІ СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ.
МОРФОЛОГИЯ

§1. Спорт – өнер

1. Мәтінді суреттегі ақпаратпен толықтырып оқып, стилін анықтаңдар. Ішкі және сыртқы айналымға бөлініп, ойтүрткі сұрақтары негізінде «Сократтық семинар» ұйымдастырыңдар.

Қазақ халқының спорт өнері сонау ерте заманда туған. Ортағасырлық саяхатшылар қазақтардың мерген, атқұмар, сайыста мықты жауынгер екенін талай рет жазған. Ата-бабаларымыз мұраға қалдырған ұлттық ойындар..., ... т.б.



Бірде дүниежүзінің бес дүркін чемпионы, Дағыстанның атақты балуаны Әли Әлиевпен әңгімелескенім бар.

– Бізде, – деді Әли, – спорттың ең көп тараған түрі – күрес. Қазір елімізді әлемге танытқан атақты балуандарымыз баршылық. Қалған спорт түрлеріне онша мән бермей келеміз.

– Ал біздің республикада спорттың елуге жуық түрі дамыған, – дедім.

– Қазақстан бай ғой. Құрылыс салуға да, командалар ұстауға да қаржы молынан жетеді. Бірақ әр ұлттың өзіне тән спорттың түрі болса, бұның ешқандай кемшілігі жоқ. Мәселен, бразилиялықтар үшін футбол болса, Скандинавия елдері мен канадалықтар үшін хоккей. Ал біздің жастарға күрес пен боксты шындап игеру керек.

Әли дұрыс айтып отыр. Шынында да, біз әр спорт түріне машықтанып жүрміз, бірде балуандарымыз жеңіске жетсе, бірде волейболшыларымызды, хоккейшілерімізді жеңіс тұғырынан көреміз.

(Әбдісалан Нұрмаханов)



1. Спортты өнердің бір түрі деуге бола ма?
2. Дағыстандық балуанның пікіріне қосыласыңдар ма?
3. Қай халыққа қандай спорт түрі тән, етене жақын деп ойлайсыңдар?
4. Қазақтың ұлттық спорт түрлеріне тағы нені қосар едіңдер?



Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы **етістік** деп аталады. Құрылысына қарай етістіктер **дара етістіктер** мен **күрделі етістіктер** болып бөлінеді.

Дара етістіктер бір сөзден тұрады. Тұлғасына қарай **түбір етістіктер** және жұрнақ арқылы жасалған **туынды етістіктер** деген екі топқа жіктеледі. Мысалы: *ек, оқы, кел, айт* т.б. (түбір етістіктер); *бас+та, қол+да, кір+іс, жыр+ла, сан+а, түз+е* т.б. (туынды етістіктер).

Күрделі етістіктер кемінде екі сөзден құралып, қимылды білдіреді, бір сұраққа жауап береді. Мысалы: *ән сал, қабыл ал, алып бар, айта гөр, келген еді, барса игі еді, танымал болды, жек көреді, құр қалды* т.б.



2. Оқылым мәтіндегі дара және күрделі етістіктерді анықтаңдар.



3. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Берілген сөздердің баламасын тауып, оларды қатыстырып сөйлем құраңдар: *машықтану, мұраға қалдырған, әлемге таныту, жеңіс тұғыры.*

2-деңгей. Мәтіндегі спорт терминдерін теріп жазып, «Спорт терминдері сөздігінің» көмегімен түсініктеме беріңдер.

3-деңгей. Өздерің білетін спорт түрлерін кестеге түсіріңдер.

| Ұлттық спорт түрлері | Қысқы спорт түрлері | Доп спорты | Су спорты | Жеңіл атлетика | Ауыр атлетика | Көлік спорты |
|----------------------|---------------------|------------|-----------|----------------|---------------|--------------|
| | | | | | | |

- ✓ 4. Берілген мәтіннен етістіктерді тауып, тұлғасына және құрылысына қарай ажыратыңдар.

Қазақстан Республикасының тұрғындары спорттың 70-тен астам түрімен айналысып, жарыстар өткізеді екен. Солардың 50-інен түрлі халықаралық жарыстарға қатысамыз. Демек, спорт қай мемлекеттің болмасын басқа елдермен қарым-қатынасын барынша кеңейтіп отыр. Бұрын бізге бейтаныс спорт түрлері өзімен бірге ғажайып сөз тасқынын да ала келді.

(Ө.Жолымбетов, А.Құлназаров)

- 🎧 5. Аудиожазбадан (07. mp3) «Мектептегі спорт секциясы» мәтінін тыңдап, көтерілген мәселені анықтаңдар.

- 🏠 6. Спорт секциясына қатысатын достарың туралы, спортпен шұғылданудың денсаулыққа әсері жөнінде аргументативті эссе жазыңдар. Етістіктерді құрылысына қарай талдаңдар.

§2. Ұлттық ойындар

- 🎧 1. Аудиожазбадан (08. mp3) «Қазақтың ұлттық ойындары» мәтінін тыңдап, детальді ақпаратты анықтаңдар.

- 📝 2. Тыңдалым мәтініндегі негізгі ақпараттарды қағазға түсіріңдер.

| | |
|-------------------------------------|--|
| Ойынның атауы | |
| Негізгі сипаты | |
| Таралуы | |
| Ғалым Ғ.Мұсабаевтың жазған мәліметі | |
| Ұқсас ойын түрлері | |

Етістік тура объектіні қажет ету-етпеуіне байланысты **салт және сабақты етістік** болып бөлінеді. Мағынасы жағынан тура объектіні, яғни табыс септігіндегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер **сабақты етістіктер** деп аталады. Мысалы: *айтты (нені?), көрді (кімді? нені?)*.

3. Мәтінді оқып, ойынның барысы туралы диалог құрыңдар. Диалог пен мәтінді салыстырып, стилін анықтаңдар.

Көген тартыс

Бұл – ежелден келе жатқан көне ойындардың бірі. Ертеде оны малшылар ойнайтын болған. Ойынды кең алаңда, дене шынықтыру залдарында өткізуге болады. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Араларынан ойын жүргізуші тағайындалады. Орта-сынан 1–1,5 метрдей ашық орын қалдырылып, арқан әрбір 40–45 см сайын түйіледі. Ортадан екі топты бөліп тұратын көмбе сызығы сызылады. Әр ойыншы бір-бір түйіншектен ұстап, екі топ бір-біріне қарсы қарап тұрады. Ойын басқарушының белгісімен басталады. Ортадағы көмбе сызықтан қай жақтың ойыншысы тартып өткізілсе, сол топ жеңіліп, оны тартып өткізген жақ жеңіске жетеді. Ойын осылай жалғаса береді.

(Елеусін Сағындықов)



Көмбе сызығы – кейбір ойындарда қолданылатын сызық, ойын басталатын мөре сызығы.

Көген – сауылатын малдың төлін мал өрістен келер алдында байлап қоятын арқан.

4. Мәтіннен сабақты етістіктерді тауып, тіркесімдік мүмкіндігін анықтаңдар.

5. Жоғарыдағы мәтіндерде баяндалған екі ұлттық ойын түрі арқылы адамда қандай қасиеттердің қалыптасатыны туралы деректерді кестеге түсіріңдер.


| Тоғызқұмалақ | Көген тартыс |
|--------------|--------------|
| | |

6. Бір ұлттық ойын туралы мәлімет жазып, ойнау әдісін түсіндіріңдер. Баланың өсуіне тигізетін пайдасына тоқталыңдар.

§3. Олимпиада – спорт шыңы

1. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Олимпиада ойындары – адамзаттың өз ұрпағына қалдырған ұлы мұрасының бірі. Тарихшылардың айтуынша, бұл ойын б.з.д. 776 жылы гректерде пайда болған. Грекияның оңтүстігінде Олимпия жазығы бар, онда бүкіл Олимпияның мақтанышы Зевс храмы орналасқан. Бұл мәрмәр сарайдың ішіне әлемнің жеті кереметінің бірі болып саналатын Зевс мүсіні қойылған болатын. Алғашқы ойындар Зевс Құдайдың құрметіне төрт жылда бір рет өткізілетін. Бұл ойындарда әскери дайындық, дене шынықтыру өнерін көрсету байқаулары, дәстүрге айналған ақындар мен шешендер айтысы, әртүрлі өнер көрмелері ұйымдастырылған. Олимпиада ойындары кезінде соғыстар тоқтатылып, қасиетті тыныштық орнайтын дәстүр қалыптасқан. Бір айдан үш айға дейін бүкіл Эллада жерінде қару жұмсауға, ал ойынды тамашалаушыларға қару-жарақпен келуге тыйым салынған. Ол кезде олимпиада ойындары бес күн өткізілген, бағдарламасына жүгіру, күрес, ат жарысы, жүзу, ату, семсерлесу сияқты спорт түрлері кірген. Жарысқа қатысатын атлеттер дәстүр бойынша Зевс мүсінінің алдына келіп, әділ сынға түсетінін айтып, ант берген, төрешілер де жарыс ережесін бұзбауға серт еткен. Жеңімпаздарға зәйтүн ағашының жапырағынан өрілген алқа кигізіліп, құрмет көрсетілген.



Атлет – жеңіл атлетика (жүгіру, секіру, т.б.) және ауыр атлетика (ауыр салмақты көтерумен байланысты) секілді спорт түрлерімен айналысатын спортшы.

Храм – христиан дінінде Құдайға сыйынатын орын, сәулет ескерткіші.

(Өмірзақ Жолымбетов)



2 Оқылым мәтіні бойынша қарапайым жоспар құрыңдар.



«Марафон» сөзі қайдан шыққан?

«Марафон» сөзі б.з.д. 490 жылы Грекияның Марафон жазығында гректер мен парсылардың арасында болған соғыстан кейін шыққан. Гректер жеңісінен кейін Филиппедис атты желаяқ Афинаға дейін 24 мильді (38 км) жүгіріп өтіп: «Шаттаныңдар, біз жеңдік!» – деп айғайлайды. Қазіргі марафон қашықтығы 43 км болып 1908 жылы белгіленген.

(«*Сурақ және жауап*» энциклопедиясынан)



Тура объектіні қажет етпейтін, табыс септігіндегі сөзбен тіркеспейтін етістіктер **салт етістіктер** деп аталады. Мысалы: *келеді, барды, шықты, жүгірді, тығылды, айғайлады (нені, кімді келеді деуге болмайды), қайтты (нені немесе кімді қайтты дей алмаймыз)* т.б.

Түрлі қосымшалар жалғау арқылы салт етістікті сабақты етістікке, сабақты етістікті салт етістікке айналдыруға болады. Мысалы:

| Салт | Сабақты | Сабақты | Салт |
|---------------------------------------|---|--|---|
| <i>Шам сәнді. Гүл өсті. Ол кетті.</i> | <i>Шамды сәндірді. Гүлді өсірді. Дақты кетірді.</i> | <i>Сабақ айтты. Үй жинады. Кино көрді.</i> | <i>Сабақ айтқызды. Үй жиналды. Кино көрсетілді.</i> |



3. Мәтіндерден салт етістіктерді теріп жазыңдар және оларды сабақты етістікке айналдырыңдар.



4. «Олимпиада» сөзіне кластер құрастырыңдар.



5. Аудиожазбадан (09. mp3) «Мұстафа Өзтүрік» мәтінін тыңдап, ондағы негізгі ақпараттарды қағазға түсіріңдер.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, «Олимпиада – бейбітшілік елшісі» тақырыбында жоспар құрыңдар. Жоспар негізінде эссе жазыңдар.
2. Қазіргі олимпиаданың ашылу салтанатынан репортаж жазыңдар.

§4. Тезірек, биігірек, күштірек!



1. Аудиожазбадан (10. mp3) «Футбол» өлеңін тыңдаңдар. Неге футболды «намыс мектебі» деп атаған? Негізгі және детальді ақпаратты анықтаңдар.



2. Мәтін мен суреттерді байланыстырып оқып, бүгінгі тақырыптың неге осылай аталғанын дәлелдеңдер. Оқылым және тыңдалым мәтіндерінің жанры мен тілдік ерекшелігін салыстырыңдар.

Өзгеше спорт түрлері

Футбол, баскетбол немесе волейболдан хабардар емес жан жоқ шығар. Ал енді көпшілік біле бермейтін өзгеше спорт түрлерін де айта кетуге болады.



Кабадди ойынының басты шарты: қарсыластардың шекарасына өтіп, сол жақтың адамдарының бірін түртіп, кері қайтып кету керек. Ұсталып қалған жағдайда немесе қарсыластың қолы бірінші тиген болса, онда арғы бетке ұпай беріледі.



Хёрлинг – футбол, бейсбол және хоккейдің бір арнаға тоғысқан түрі. Ирландықтар футбол жейдесі мен хоккейдің қорғаныш бас киімін киіп, қолдарына таяқ ұстап, өнер көрсетуге дағдыланған. Ойынның басты шарты – қарсыластың қақпасына доп соғып, көбірек ұпай жинау.



Джай-алай – бадминтон мен гандбол ойынының қосындысы сияқты ойын. Басты шарты – шөмішке келіңкірейтін ракеткамен қарсылас жақтың қабырғасына доп соғу. Өз кезегінде қарсылас допты жерге жеткізбей қағып алуы тиіс.



Боссабол – Бразилиядағы жағалау волейболы. Айырмасы – батуттың үстінде секіріп ойнайды. Кәсіби ойыншы былай тұрсын, жай адамның өзі де шырқау биікке көтеріліп, керемет соққы жасай алады.

(massaget.kz)



Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің орындаушыға, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, сабақты етістікке **-ын, -ін, -н** қосымшасы қосылып жасалады: *ки – ки-ін-ді, көр – (дәрігерге) көр-ін-ді, шеш – шеш-ін-ді, тара – тара-н-ды, сұра – сұра-н-ды, сұрт – сұрт-ін-ді* т.б.



3. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Оқылым мәтінінен салт етістік пен сабақты етістіктерді тіркескен сөзімен қосып жазыңдар.

2-деңгей. Доппен ойналатын ойындар тізімін жасаңдар. Солардың біріне сипаттама беріңдер.

3-деңгей. Спорттық ойындардың бірінің өту барысы туралы репортаж немесе спортшымен сұхбат жүргізіндер. Сұхбатта сол саладағы термин сөздерді қолданыңдар.



4. Өздерің білегін бір спортшыға мінездеме жазыңдар.



5. Мақал-мәтелдердегі өздік етіс жұрнақтарын көрсетіп, іс-әрекетті кім орындайтынын анықтаңдар. Өздік етіс жұрнақтары кездесетін мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерден бірнеше мысал келтіріңдер.

- Шешінген судан тайынбас.
- Таз таранғанша, той тарқайды.



Ең, ең, ең...

- Ең алғашқы олимпиадалық ойындар – б.з.д. 776 жылы ежелгі Грекияда өткізілген.
- Ең алғашқы қысқы олимпиадалық ойындар 1924 жылы Францияда өткен.
- Олимпиада алауын жағу рәсімі ең алғаш рет 1936 жылы Берлинде жасалған.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Спорт туралы «Ең...» деп басталатын деректерді толықтырыңдар. Өздік етіс жұрнақтарын анықтаңдар.

2. Өздеріңе ұнайтын спорттың бір түрінің шығу тарихы туралы деректер тауып, жинақы мәтін жазыңдар. Өздік етіс жұрнақтарын анықтаңдар.

§5. Қазақ балуандары

1. Мәтінді түсініп оқыңдар, негізгі, қосымша және детальді ақпараттарды анықтаңдар.

Қазақ даласының батыры


Әр халықтың маңдайына біткен жарық жұлдыздай жайсаң ерлері бар. Олар – ел мақтанышына айналған көрнекті қайраткерлер, ғұлама ғалымдар, заңғар ақын-жазушылар, туған жерін жаудан қорғаған батырлар, еңбек майталмандары, өнер мен спорт саңлақтары. Сондай мақтан ететін тұлғаларымыздың бірі – халқымыздың ұлы перзенті Қажымұқан балуан.

Қажымұқан – дүниежүзілік спорт аренасына шығып, шетелдердегі жарыстарда атақ-даңққа ие болған тұңғыш қазақ. Ол Парижде, Лондонда, Варшавада, Берлинде, Будапеште, әлемнің басқа да көптеген қалаларында күресті. Америкада болды. Таяу және Орта Шығыс елдерін аралады. Спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін Қазақ үкіметі оған «Қазақ даласының батыры» атағын берді.

Ұлтжанды батыр ел басына күн туған Ұлы Отан соғысының отты жылдарында белін бекем буып, ел аралап өнер көрсетіп, одан жинаған қаржыға ұшақ жасатып, майданға жіберді. Сөйтіп, ұлы жеңіске өз үлесін қосты.

Қажымұқан – ұлттық тарихымызда ғана емес, әлемдік спорт тарихында сирек ұшырасатын, тумысы бөлек ғажап құбылыс. Ол туралы жазушы Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан» атты хикаят жазды. «Қазақфильм» киностудиясы «Қажымұқан» атты деректі фильм, көркем фильм түсірді.

(*Ғазизбек Тәшімбаев*)



Жайсаң ер – жарқыраған, бетке ұстар кісі.

Көрнекті қайраткер – белгілі, танымал қоғамдық қызметке белсене қатысушы.

Ғұлама ғалым – асқан ақыл-ой иесі, ғалым, оқымысты.

Еңбек майталманы – өз ісінің асқан шебері, озаты.

Өнер және спорт саңлағы – елден ерен озат, жүйрік, оза шапқан.



1. Қазақ даласының батыры туралы тағы қандай мәліметтер білесіңдер?
2. Тұңғыш спортшымыз туралы жазылған хикаятты оқыдыңдар ма? Фильмдерді көрдіңдер ме? Қандай әсер алдыңдар?



2. Оқылым мәтіні бойынша қарапайым жоспар құрыңдар.



Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей айтушы мен тыңдаушы арқылы емес, үшінші бір тұлға арқылы іске асатынын білдіріп, белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етістің бір түрі болып табылады. Жұрнақтары:

- 1) **-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз:** *айт-қыз, күт-кіз, жаз-ғыз, ки-гіз;*
- 2) **-дыр, -дір, -тыр, -тір:** *айт-тыр, тік-тір, жаз-дыр, сен-дір;*
- 3) **-т** (дауыстыдан кейін): *сөйле-т, жаса-т, оқы-т.*

Кей жағдайда бір түбірге өзгелік етістің бірнеше жұрнағы бірінен кейін бірі жалғана береді. Мысалы: *сат-қыз-дыр-т, сөйле-т-кіз, ал-дыр-т-қыз* (іс-әрекетті өзі емес, үшінші адам арқылы іске асырады).



3. Оқылым мәтінінен етістіктерді тауып, оларды өзгелік етіске айналдырып жазыңдар.



4. Аудиожазбадан (11. mp3) «Қазақ ұшқышына Қажымұқаннан сыйлық» мәтінін тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселені талдаңдар.



5. Тыңдалым мәтініндегі етістіктерді топтап, кестеге жазыңдар.

| Салт етістіктер | Сабақты етістіктер |
|-----------------|--------------------|
| | |



- Қара күштің иесі атанған бабамыз теңдессіз өнерімен жер шарының 24 мемлекетін аралап, 48 медаль олжалаған екен. XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде Қажымұқандай мықты тек қазақта ғана болды.
- Алып күш иесінің тұңғыш рет әлемдік деңгейдегі көрінген шағы 1906 жыл еді. Алманиядағы (Германия) дүниежүзілік сайыста әлем чемпионы атанды.

- Сол кездегі саясаттың салдарынан ол түрлі лақап атпен күресуге мәжбүр болды. Бірде Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» десе, енді бірде «Мухан», «Иван Чёрный» деп атаған. Ал 1909 жылғы халықаралық балуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор ресурстарынан Қажымұқан туралы деректер тауып, «Қос жазба күнделігіне» жазыңдар.

| Деректер | Түсіндірме (комментарий) |
|----------|--------------------------|
| | |

2. Қажымұқан туралы деректерді негізге алып, «Батыр тұлғасы» тақырыбында сипаттамалық эссе жазыңдар.

§6. Тұңғыш олимпиада чемпионы атанған қазақ



1. Мәтінді оқып, қай стильде (ауызекі стиль, ресми стиль) жазылғанын ажыратыңдар.

Жақсылық Үшкемпіров 15 жылдан аса жеңіл салмақта (48 келі) алты алаштың көз қуанышы болды. Ел намысын қолдан бермей, қазақтың қайсар мінезін танытты. Алдымен, бүкіл Кеңес Одағының балуандарын ұтты. Табаны күректей 15 жыл бойы тек бір салмақта ғана күресудің қиындығын боз кілемде бақ сынағандар біледі. Оған екінің бірінің төзімі жетпейді.

Жақсылық 1980 жылы Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Одан соң Мәскеу олимпиадасының чемпионы! Қазақ – қазақ болғалы олимпиадада тұңғыш алтынға қол жеткізді. Ол – грек-рим күресінен алтын медаль алып, ұлтының мәртебесін тасытқан, олимпиада жекпе-жегінде олжа салған тұңғыш қазақ. Іле-шала, 1981 жылы, әлем чемпионы атағын



қанжығасына байлады, 1982 жылы әлем кубогінің иегері атанды.

– Олимпиада чемпионы атану – шүмектеп төгілген талай жылғы маңдай теріңіздің өтеуі ғой. Алғашқы әсері қандай болды?

– Шынымды айтсам, нақты есімде жоқ. Соңғы белдесуден соң-ақ Қабден ағам бәйгеден келген жүйрігіне жабуды жауып жіберіп, жұрт көзінен аулаққа алып кетуге асығатын қызғаншақ атбегілердей жүгіріп келіп, мені қапсыра құшақтаған күйі кілем үстінен ала түсті емес пе? Қуып жеткен бір журналист:

– Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақтың сөзін естігіміз келеді, – дегенде, таңдайым кеуіп, қаталап тұрған басым:

– Қымыз беріңдерші, қымыз ішкім келеді, – депшін.

– Тілегің қандай? – дегенді естігенде:

– Олимпиада ойындарында менен кейін де қазақ ұлдары бірінен соң бірі чемпион бола берсе екен, – деп айтқаным есімде.

Мәртебе – абырой, даңқ.

Жігіттің сойы – жігіттің мықтысы мағынасында (сой – диалект, арғы заты, тегі).

Қанжығаға байлау – олжалы болу. Қанжыға – бір нәрсе байлау үшін ердің екі жақ қапталының арт жағынан тесіп өткізілген жіңішке қайыс.

Атбегі – атты күтуші, жолға, бәйгеге, көкпарға т.б. баптайтын адам.

(Төлеген Жәкітайұлы)



1. Теледидардан олимпиада ойындарын тамашалайсыңдар ма? Қай олимпиаданы көрдіңдер?
2. Олимпиадада еліміздің спортшысы орын алса, қандай сезімде боласыңдар?
3. Ж.Үшкөмпіровтың халқына сіңірген еңбегін қалай бағалайсыңдар? Осындай спортшыларымызды қандай сөздермен сипаттар едіңдер? Чемпионға мінездеме беріңдер.

Ырықсыз етіс

Іс-әрекетті жүзеге асырушы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндей көрінетін етістің түрі. Жұрнақтары: 1) **-ыл, -іл, -л**. Мысалы: *жазылды, қаралды, жасалды*; 2) **-ын, -ін, -н**. Мысалы: *салынды, алынды, тазаланды*. Екінші жұрнақ құрамында **-л** әрпі бар етістіктерге жалғанады.

- ✓ 2. Мақал-мәтелдердегі ырықсыз етіс тұлғаларын тауып, іс-әрекеттің кімнің тарапынан орындалатынын анықтаңдар.

- Сын түзелмей, мін түзелмейді.
- Қарт келсе, ақылдың қосылғаны,
Жас келсе, батырдың қосылғаны.
- Ауылдың жақсы екені жолынан білінер.
- Ақылмен алтын табылар,
Алтынмен ақыл табылмас.



Әлжан Жармұхамедов – қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы (команда құрамында), КСРО-ның баскетбол командасының ойыншысы. Команда 1972 және 1980 жылдары олимпиаданың алтын медалін қанжығаға байлады.

(wikipedia.org/wiki)



3. «Тұңғыш олимпиада чемпионы» атты мақала жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар жазыңдар.



4. Аудиожазбадан (12. mp3) «Олимпиада ойындарын түркі халықтары ойлап тауыпты» мәтінін тыңдап, онда көтерілген мәселені табыңдар. Жұптасып, бір-біріңнің сұрақтарыңа жауап беріңдер.



5. Бүгінгі тақырыпта аты аталған қазақ чемпиондары туралы мәлімет жинаңдар. Жинаған мәліметтерің негізінде «ПОПС формуласы» бойынша әңгіме жазыңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Өйткені...».

Үшінші сөйлем: «Тағы да бір айта кетерлігі, ...».

Соңғы сөйлем: «Қорытындылайтын болсам, ...».

§7. Бокс саңлақтары



1. Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды табыңдар.

Бокс профессоры

Еліміздің төрт, Еуропаның екі дүркін чемпионы, әлем кубогінің екі мәрте жеңімпазы, Мәскеудегі XXII Олимпиада

ойындарының күміс жүлдегері Серік Қонақбаев рингте өзіне ғана тән айшықты із қалдырды.

Әдетте күштімен күшті кездескенде ғана көп нәрсе тайға таңба басқандай анық болып шыға келеді. Әншейінде арақашықтықты жақсы ұстанатын сезімтал Серік қас пен көздің арасында Агиллардың сол қапталдан тиген соққысын байқамай қалды. Жұдырығының дәл тигенін білген кубалық қуаныштан масайрап айнала бергенде, көзінің оты жарқ еткен Серік екі қолын еденге тіреп отыра кеткен еді. Көзінің алды бұлдырап, спорт сарайының зәулім төбесі айналып баратқандай болды, шу ете түскен жанкүйерлер мұхиттың он балдық дүлей толқынында шайқалған алып кемелінің жолаушыларындай теңселіп кеткендей сезінді. Төреші Думитру сегіз санағанда барып, Серік енді кешігуге болмайтынын түсінді де, есін жиып ала қойды. Қалған екі раундта Серік бар күш-қуатты тек жеңіс үшін қалай жұмсауға болатынын, спортшының бойындағы ерік күші дегеннің қандай құдірет екендігінің тағылымын көрсетті деуге болады. Жай оғындай зымыраған жұдырық қарсыласының ашық тұстарын дәл тауып, төпелеп жатты. Екпіні су сепкендей басылған кубалық боксшы көмбе басына жақындағанда аяғын әлтект-әлтект басып, жүрісінен жаңыла бастады.

Бокс федерациясының төрағасы Дональд Халл:

– Бұл жолы Вэл Баркердің кубогін Қонақбаев алып қалар, өзін «бокстың профессоры» ма деп қалдым, – деген еді.

Кеңес боксшысының қимылына сілтідей тынып қалған оның көмекшісі:



Вэл Баркер кубогі – халықаралық әуесқой бокс ассоциациясының (AIBA) тұңғыш құрметті хатшысы, техникасы мықты ағылшын боксшысы Вэл Баркердің құрметіне 1936 жылдан бастап тағайындалған сыйлық.

Тайға таңба басқандай – анық, айқын.

Жай оғындай – шаншыла, тұтқиылдан, күтпеген жерден.

Су сепкендей басылды – тына қалды, сап болды.

Сілтідей тыну – тым-тырыс болу.

– Өрімдей жас жігіт, шынында да, «бокстың профессоры» екен. Осыншама өнерді қай жерде жүріп үйренген?! – деп таңырқады.

(Өмірзақ Жолымбетов)



1. Серік Қонақбаевтың қандай жетістіктерін білесіңдер?
2. Дональд Халл Серікті неге «бокс профессоры» деп атады?



2. Қазақ боксы мен боксшылары туралы сұхбат құрып, пікір алма-сыңдар.



Ортақ етіс қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше (кемінде екі) субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, **-ыс, -іс, -с** қосымшасы арқылы жасалады. Мысалы: *айтысты, сөйлесті, жазысты*.



3. Мәтіннен етіс жұрнақтарын тауып, етіс жұрнағына ұқсайтын жұрнақтардан ажыратыңдар.

Ежелгі дүниеде жұдырықтасу арба жарысы мен күрес-тен де ерте шыққан. Грек мифтерінің бірінде Аполлон Арес-ті жекпе-жекте жұдырықтасып жеңгені жайлы айтылады. Жұдырықтасуға қатысатын спортшылар да кімге қарсы шығатынын білу үшін күрестегі сияқты жеребе тастаған. Ауыр соққыдан қорғану үшін жұдырықшылар басына мыс қалпақ киіп, құлақтарын таңып алған. Саусақтары еркін қимылдай алатындай етіп, шынашаққа дейін қайыспен таңылған. Кейінірек бұл қайыстарды өгіздің мойын терісінен жасаған.

(Өмірзақ Жолымбетов)



4. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Мына етістіктерге ортақ етіс жұрнағын жалғап, сөз тіркестерін құраңдар: *түсін, көтер, сөйле, аудар*.
 - 2-деңгей. «Ринг», «раунд», «федерация» сөздерін сөздіктерден қарап, мағынасын анықтаңдар.
 - 3-деңгей. Өздерің көрген бір бокс жекпе-жегі туралы репортаж (6–7 сөйлем) жазыңдар.



5. «Егер мен чемпион болсам...» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

§8. Сидней олимпиадасының чемпиондары

1. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Жиырма жыл күткен жеңіс

Сиднейдің шаршы алаңы шаттықтан тербеліп тұр. Жер түбінен барған ат төбеліндей қазақ жанкүйерлері көк байрақты армансыз желпиді. Жұмыр жердің назары бізге, тек бізге ғана ауған. Сан мың жанардан «Мұндай жауынгер халық аяқ астынан қайдан пайда болды?» деген таңданыс ұшқынын аңғарғандаймыз. «Қазақ деген біз боламыз», – дейміз көк байрақты кере түсіп, «Азияның ұлы даласын еркін жайлаған ұлы бабалардың ұрпағымыз!» деген мақтаныш сезімі көкіректі кернеп, тұла бойды дуылдатып әкетіп барады. Төрткүл дүние қазақтың жеңісіне қол соғып тұр.



Әне, алтын асықтай Бекзат тұғыр төріне табан тіреді. Көз шарасына ыстық жас үйірілді. Тұла бойым алабөтен шым-шым етті. Сонау бозбала шақтан асыға, үздіге күткен жеңіс. Жеткеніміз рас па, әлде түсім бе? Көзді ашып-жұмып рингке қараймын. Мұқым дүниенің көз құрты – Бекзат бауырымыз!

Аумағы ат шаптырым Спорт сарайының төріне ілінген электронды таблодағы «Kazakhstan» деген жазу күн шұғыласындай нұрлана жарқырайды.

Ат төбеліндей – азғантай.
Төрткүл дүние – дүниенің төрт бұрышы, бүкіл әлем.
Алтын асықтай – әп-әдемі, сүйкімді.

Мұқым дүние – күллі әлем.
Көз құрты – «көз сүзіп, сұқтанып отырған» деген мағынада.
Желбегей – сырт киімді жеңін кимей немесе түймесін салмай иыққа іле салу.
Жақұт – түрлі түсті, көбіне көгілдір-жасыл асыл тас, лағыл.
Шәулі қырандай. Бүркіттің еркегін «шәулі» дейді, «еркек қырандай қайратты» деген мағынада.
Сүт пісірім уақыт – 15 минут уақыт шамасы.

Бір сәт... қарсы алдымдағы теледидар көк байрақты желбегей жамылған Бекзаттың жүзін ап-айқын көрсетті. Самайындағы моншақ-моншақ тер жақұттай мөлдіреді. Осы мезет Бекзат қос білегін көкке біледі. Төрткүл дүние қазақ ұлына сүйсініп, ду ете қалды.

Сүт пісірім уақыттан кейін шаршы алаңға Ермахан Ыбырайымов шықты. Тумысынан оңқай Ермахан солақай тұрып ұрысқанда айызың қанады. 1999 жылғы әлем чемпионы Си-мион қазақ батырымен арыстанша айқасты. Бірақ шәулі қырандай әбден бабына келген Ыбырайымов бет қаратқан жоқ. Сөйтіп, айналасы жарты сағатта жиырма жыл жеткізбеген «алтынның» екеуін бірдей қанжығаға байладық. «Ақ түйенің қарны жарылды» деген осы шығар. Қазақтың спорт тарихы небәрі жарты сағатта алтынмен апталып, күміспен күптеліп, бүйірі толып, жайнап шыға келді.

(Қыдырбек Рысбеқұлы)



1. Мәтін неге «Жиырма жыл күткен жеңіс» деп аталған?
2. «Ақ түйенің қарны жарылды» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. «Алтынмен апталып, күміспен күптеліп» дегенді ше?



2. 2 топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Мәтіндегі етістіктерді салт және сабақты етістікке бөліп жазыңдар.

2-топ. Мәтіндегі етістіктерге өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс жұрнақтарын жалғап, жаңа сөйлемдер құрастырыңдар.



3. Мақал-мәтелдерде іс-әрекет кімнің тарапынан орындалатынын байқандар, етіс түрін ажыратыңдар.

- Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.
- Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.
- Ақылды айтқызбай біледі,
Ақсұңқар қаққызбай іледі.



4. Бекзат Саттарханов туралы деректермен танысып, чемпионымыздың өмірбаянын жазыңдар.



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Олимпиадалар өткен елдер мен қалалар туралы деректер жинап, олимпиада картасын жасаңдар.
2. Қысқы және жазғы олимпиадалар туралы салыстырмалы эссе жазыңдар.

§9. Халықаралық спорт күні



1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар.






2013 жылдың тамыз айының 23-і күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы сәуір айының 6-сын Халықаралық спорт күні ретінде атап өту турасында бірауыздан шешім қабылдады. Бұл күннің ресми атауы – «Даму мен бейбітшілік үшін халықаралық спорт күні». Спорт бейбітшілік пен дамудың құралы ретінде ынтымақтастықты арттырып, төзімділікті, түсіністікті, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейлерде ықпалдастықты күшейтеді. Әлем бойынша аталып өтетін спорт күнінде миллиондаған адам спорттық шараларға, түрлі жарыстарға қатысып, саламатты өмір салтын насихаттауды әдетке айналдырды.

Елімізде спорт күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2003 жылдың 15 қарашасындағы Жарлығына сәйкес тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Спорт саласы Қазақстанда кең қолдауға ие. Еліміздегі бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған саясат спорттың дамуына оң ықпал етуде. Қазақстандық спортшылар соңғы онжылдықтарда халықаралық жарыстарда, Олимпиада ойындарында үздік нәтижелер көрсетіп келеді. Еліміз беделді халықаралық жарыстарды өткізетін орынға айналуда. Бұл – Қазақстандағы спорт мәдениетінің жоғары екендігін бүкіл әлем мойындап отырғанын көрсетеді.

(www.inform.kz)



1. Адамзат өміріндегі спорттың рөлі қандай?
2. Халықаралық спорт күнін белгілеудің қандай қажеттілігі бар деп ойлайсыңдар?
3. Елімізде спорт күні қалай аталып өтіледі?

-  2. Спортшы қандай болуы тиіс? Еріншектік пен жігерсіздік спортшыға тән қасиеттер ме? Ойларыңды жинақтап, спортшыға мінездеме жазыңдар.
-  3. Етіс түрлерін қатыстырып, спорттың бірнеше түрін сипаттаңдар. Спорттың пайдасы туралы қорытынды жазыңдар.
-  4. Мақал-мәтелдерді оқып, өз пікірлеріңді білдіріңдер.
- Денсаулық – зор байлық.
 - Шынықсаң – шымыр боласың.
 - Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар.
-  5. Аудиожазбадан (13. mp3) «Халықты шаттыққа бөлеген қазақ спортшыларының жажап жеңісі» мәтінін тыңдап, автордың көңіл күйін өз сөздеріңмен беріңдер.
-  6. «Спорт бейбітшілік кепілі бола ала ма?» деген тақырыпта дәлелдемелік эссе жазыңдар.

§10. Жүзу спорты

-  1. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңдар.

Суда жүзе білу өмірге өте қажет. Адам баласы ерте заманнан бері суда жүзумен айналысып келеді. Жаздың қапырық, ыстық күндерінде адамдар жүздеп, мыңдап жағажайларға – өзен-көлдердің, теңіздердің жағаларына жиналады. Судың жағасындағы таза, салқын ауа, күннің сәулесі, өсімдіктер дүниесі денсаулыққа өте пайдалы. Әрине, мұның бәрі жақсы жүзе білетін адамдарды ерекше рақаттандырады.

Суға секіру, су шаңғысы, желкенді спорт, есу спорты, суда жүзу сияқты спорт түрлерінде жетістіктерге жету үшін жүзумен тыңғылықты айналысу керек. Суда жүзудің мынадай спорттық әдіс-тәсілдері бар: кроль – еркін жүзу (етпеттеп және шалқалап), брасс – қол мен аяқты екі жаққа қарай сермеу арқылы жүзу, баттерфляй – екі қолды иықтан сермеп жүзу және екі аяқпен бірдей қозғалыс жасау. Спорттық

жүзудің осы түрлерімен шұғылданатын адамдар халықаралық жарыстарда ел намысын қорғай алады.

Шомылу және жүзу дене мүшелерін сыртқы температура әсерінен, салқыннан пайда болатын аурулардан сақтап, төзімді болуға тәрбиелейді. Өзен-көлдерде жүзу, күннің шуағы мен таза ауа адам денесіне күшті әсерін тигізеді.

Судың ішінде адам салмақсыз болатындықтан, денеге көп күш түспейді де, омыртқа жотасы созылады, бұлшық ет талшықтары ұзарады. Соның әсерінен адам тұлғасы сымбаттанып, қимыл-қозғалысы еркін де әсем көрінеді. Олай болса, суда жүзу адамның денсаулығын нығайтады, сонымен қатар денесін шынықтыруға көмектеседі.

(www.balalaralemi.kz)



2. Мәтін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құрыңдар.



3. Мәтіндегі етіс түрлерін ажыратыңдар.

Үлгі: жиналады – ырықсыз етіс.



4. Суретпен танысыңдар. «Кубизм» әдісін пайдаланып, «Жүзу спорты» тақырыбында сұхбаттасыңдар.

Суретте: «Спортшылар бейнесі».

Салыстыр: «Басқа спорт түрлерімен салыстырыңдар».

Болжа: «Елімізде осы спорт түрінің болашағы қандай болмақ?»

Талда: «Жүзу спорты түрлерін талдаңдар».

Жарияла: «Жүзудің пайдасы».

Қорытындыла: «Спорт – денсаулық кепілі».



5. Спорт туралы алған білімдеріңді «INSERT» стратегиясы бойынша жазыңдар.

| V (бұрыннан білемін) | + (жаңа ақпарат) | – (менің ойлағанымға қайшы) | ? (білгім келеді) |
|----------------------|------------------|-----------------------------|-------------------|
| | | | |

VIII

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ. НАУРЫЗ. МОРФОЛОГИЯ

§1. Жеті ата – елтанудың бастауы

1. Мәтінді оқып, әңгіме авторының кім екеніне болжам жасаңдар.

Әкем маған ата-тегімізді үйретуші еді.

- Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.
- Момыштың ұлымын.
- Момыш кімнің баласы?
- Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ, ең алдымен, атымды сұрайтын. Содан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Елтанудың басы осылай басталатынын ол кезде кім білген.

1. Бас кейіпкерге жеті атасын кім үйретті?
2. Қонақтар неге баланың жеті атасын сұрайды?

Жеті атаның өз атаулары бар. Төменнен жоғары қарай: бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата деп аталады. Ал жоғарыдан төмен қарай: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Әрі қарай жүрежат, жегжат, жұрағат, қаймана деп кетеді. Қазақта туыстықтың шегі жоғарыдағы «жеті атамен» аяқталады.

(Зейнеп Ахметова)

Қаймана – еш қатысы жоқ, көлденең, бөгде. Мысалы, қаймана қазақ.

Туажат – бір атадан тараған жетінші ұрпақ, неменеден туған бала.

Аманат – 1. Біреуге уақытша сақтауға я екінші біреуге тапсыруға берілген зат. 2. Орындауға, істеуге тапсырылған міндет.



2. Аудиожазбадан Ж.Әбдіраштың «Жеті ата» өлеңін (14.mp3) тыңдап, жоғарыдан төмен қарай саналатын жеті атаға түсінік беріңдер. Диктордың дауыс ырғағына мән беріңдер.



3. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Өз жеті аталарыңды жазыңдар.

2-деңгей. Мәтіндегі «елтану» сөзіне «Кластер» құраңдар.

3-деңгей. «Жеті атаны білу қажет пе?» деген тақырыпта өз ойларыңды ортаға салып сұхбаттасыңдар.



4. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

- Жеті атасын білмеген жетесіз.
- Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары.
- Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер.
- Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді білер.



5. «Жеті ата» туралы ата-анаңмен әңгіме жүргізіңдер, мақал-мәтелдерді қатыстырып, диалог түрінде жазыңдар.

§2. Сүйінші



1. Мәтіндегі ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің ерекшеліктерін ажыратыңдар.

Аққұл атамыздың немере інісі Дембай ұлды болды. Көп уақыт бала көтермей, нәресте сүймей, әбден қайғырып жүреді екен. Түн ұйқысын төрт бөліп, тілек тілеген кездері болыпты. Содан әйелі толғатып, босанар күні Дембай бүріскен торғайдай үй сыртында бір уыс болып, үнсіз отырып алыпты. Іштегі әйелдердің бірі жүгіріп шығып, «ұлды болдың, сүйінші!» дегенде, Дембай әлгі әйелді құшақтай алып, егіліп жылапты.

Біздің ауылға да сүйінші сұрап, елбе-делбесі шығып, бір бала жүгіріп келді.

– Сүйінші, сүйінші! Де-ем-б-ай кө-ке-ем ұлды болды, – деп, өрең айтты. Содан соң ол Айша әпкеме тілегін білдірді.

– Аққұл атам сізге сәлем жолдады. Айша апа, өзіңіз кіндік шеше, Жантөре жездем өкіл әке болсын деп сұранды...

Біздің үй тайлы-таяғымен көтерілді де, Жантөре мен Айша әпкеме еріп, Аққұлдың ауылына бет алды. Ауылдың ошағынан бұдақтаған түтін молайыпты. Шамасы, шілдеhana тойын бүгіннен бастамақ сияқты.

Тұс-тұстан құтты болсын айтуға келген адамдар мол жиналды. Әйелдер дастарқан көтеріп, мәре-сәре болысып жатыр. Олар жұртқа бауырсақтан шашу шашып, ерекше қуанысады. Той осылай басталып та кетті. Балаға үшінші күн толғанда, Дембай көкпар берді.

Кіндік шеше – жаңа туған нәрестенің кіндігін кескен әйел.
Әкіл әке – жастар қосылғанда туған әкенің орнына әке болатын, қамқор адам.
Шілдеhana – жас сәбидің дүниеге келу құрметіне жасалатын той.

(Бауыржан Момышұлы)



1. Әңгімеде халқымыздың қандай салт-дәстүрлері баяндалған?
2. Салт-дәстүр дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Көкпар деген не? Көкпар қандай жағдайда беріледі?
4. Немере іні деп қандай туысты айтады?



2. «Көкпар» сөзі қайдан шыққан? Мағынасын ашып, анықтама жазыңдар.



Үстеу – қимылдың, іс-әрекеттің әр алуан мезгілдік, мекендік, мөлшерлік, сындық-амалдық белгілерін, болу себебі мен мақсатын т.б. білдіретін сөз табы. Үстеудің мағыналық түрлері: мезгіл, мекен, мөлшер, сын-қимыл, күшейткіш, мақсат, себеп-салдар үстеулері.
Мезгіл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асу уақытын, мезгіл, мерзімін білдіріп, *қашан? қашаннан? қашанғы?* деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл үстеулері мыналар: *бүгін, биыл, қазір, ала жаздай, енді, ертең, таңертең, кешке, күндіз, қыстыгүні, әуел баста, қыстай, жаздай, кеш, әлі, былтыр, ертеден, бүрсігүні, күні бүгін, бағана, күні бойы, әлгінде, таң сәріде, баяғыдан* т.б.



Сүйінші. Қуанышты хабар жеткізуші адам «Сүйінші!» деп келеді. Мұндайда қуанған үй иесі бірден «қалағаныңды ал», – дейді немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады.

Шашу. Бала дүниеге келгенде, келін түскенде, құда келгенде – осындай қуанышты күндерде тәттілермен, күміс тиындармен әйелдер шашу шашады.

Бәсіре – қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны нәрестенің бәсіресі деп атау салты. Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Есейе келе бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі түзу болады.

(Хасенхан Талғаров)



3. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндерден мезгіл мәнді сөздер мен мезгіл үстеулерін тауып жазыңдар.

2-деңгей. *Қыстығүні, бүрсігүні, биыл, былтыр, жаздыгүні* сөздерінің жасалуын анықтаңдар.

3-деңгей. Шілдехана туралы деректер жинап, өткізілу ретін жазыңдар.



4. Мезгіл үстеулерін қатыстырып, өздерің көрген қуанышты оқиғаға байланысты сүйінші хабар туралы сипаттамалық эссе жазыңдар.

§3. Сәлем беру – салтымыз



1. Мәтіннен ауызекі сөйлеуге тән амал-тәсілдерді, сөз қолданыстарын табыңдар.

Таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты аттарын қан сорпа қылған қалпында кешкі екінті кезінде Көкқайнардағы Құнанбай ауылына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған ауылына кеп жетіп еді.

– Қалашылар, қалашылар келеді!

– Анау Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деп тағы бірі үлкен үйге қарай ұмтылысқан.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде, алдарында, үлкен үй мен қонақ үйдің арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр. Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықтан қысылып қалған бала әкесіне қарай тез бұрылды.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады...

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді. Абайдың күткені де сол еді...

Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын, Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді...

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді.

Көрі әжесі – Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде:

– Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

(*Мұхтар Әуезов*)

Екінті – түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл. Бес намаздың бірі.

Соқталдай – үлкен, дәу, еңгезердей.

Қан сорпа қылды – әбден титықтатты, терлетті.

?

1. Өңгімеден сәлемдесудің қандай жөн-жосығын байқадыңдар?
2. Абайды «Телғара» деп атауынан қазақтың қандай әдет-ғұрпы байқалады? Неге оны өз атымен атамаған?
3. Зере әжесінің «жаман неме» деуі неліктен? Немересін қандай сөздермен, қалай еркелеткен?



Мекен үстеулері қимыл, іс-әрекет, амалдардың мекенін, орнын, бағытын білдіріп, *қайда? қайдан?* деген сұрақтарға жауап береді. Мекен үстеулерге мына сөздер жатады: *төмен, жоғары, ілгері, әрі, бері, әрмен, алға, артқа, тысқары, осында, мұнда, кері, арттан, жолшыбай, жол-жәнекей, кейін* т.б.

- ✓ 2. Мәтіннен мезгіл және мекен үстеулерін тауып, мөндес сөздерін жазыңдар.
- 🎧 3. Аудиожазбадан «Сәлемшілер» мәтінінің (15. mp3) алғашқы бөлігін тыңдап, көтерілген мәселені болжандар.
- 🔍 4. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріне қатысты мақал-мәтелдер тауып айтыңдар.
- 🏠 5. Тыңдалым мәтіні бойынша үстеулерді тауып жазып, синонимдік қатарын көрсетіңдер. Ауызекі сөйлеуге тән диалогтерді анықтаңдар.

§4. Үлкендердің сарқыты

- 📖 1. Мәтінді оқып, ауызекі сөйлеуге тән сөз қолданыстарын табыңдар.

Сарқыт

Күздің қоңыр салқын кеші. Есік алдында кітап оқып отыр едім, телефон шылдырлады. Жүгіріп ішке еніп, тұтқаны құлағымға тостым.

– Мамытбек, – деген Баукеңнің таныс, қоңыр дауысын есітіп, тұла бойым шымырлап, жүрегім дүрсілдеп кетті.

– Халің қалай?

– Шүкіршілік.

– Ертең жексенбі, қолың тие ме?

– Тиеді.

– Онда тыңдағын. Өнеугүнгі меркелік ақсақал: «Жолымыз болмай, балаларымыз оқуға түсе алмай жүрді. Сіз бата берген соң оқуға түсті», – деп, мана таңертең үйіме кеп, 50 сом ұсынса бола ма? «Ақсақал, бата еш уақытта сатылмайды. Мен бар болғаны тілектес сөзімді ғана айттым. Ақшаңызды алмаймын. Бізде мұндай әдет жоқ», – десем: «Қолымызды

қақпаңыз. Бұл – біздің ықыласымыз. Алмаймын дегеніңізге келіспейміз. Біз сол ілгергі бабаның жолын қуғандықтан, сізге ат не түйе мінгізуіміз керек еді. Ауыл іргесі алыс. Ырымымызды қабыл алыңыз», – деп, қоштасарда әлгі ақшаны кітаптың арасына салып, үстел үстіне тастап кетті.

...Сен қалам, қағаз сатып алып жүрсің. Жазғаныңды ақша төлеп, тасқа бастырасың. Оның бәрі – шығын. Ақсақалдарда «сарқыт» деген ырым бар. Соның 20 сомын саған сыйлағым келіп отыр. Баяғыда шалдар бір жерден екі-үш сом тапса, дүкенге барып майдалап, балаларға бес, он тиыннан бөліп беріп: «Бұл – үлкен адамдардың сарқыты. Бұдан ешкім байып та, жарлы боп та қалмайды», – дейтін.

Уақыт тапсаң, ертең келгін. Жақсылық жасау қолымнан келмесе де, ешкімге зияндық жасамау керек деген ұстанымымды білесің, – деп Баукең әңгімесін аяқтады.

Ертеңінде Баукең екеуміз кездестік.

– Мынау – саған деген сарқытым, – деп, қарсы болғанымға қарамай, 20 сомды жан қалтама салды...

(Мамытбек Қалдыбай)



1. Ақсақалдың батырға ықылас білдіруінің себебі неде?
2. Сарқыт қандай жағдайларда беріледі?
3. Батыр Бауыржанның ұстанымы туралы не айтасындар?



2. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндегі мезгіл және мекен мәнді сөздерді теріп жазып, үстеулерді ажыратыңдар.

2-деңгей. «Ата-бабаның жолы» дегенді қалай түсінесіңдер? Пікір білдіріңдер.

3-деңгей. «Көгентүп», «Байғазы» дәстүрлері туралы мәлімет тауып, диалог құрастырыңдар.



3. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзетіндер, редакциялаңдар.


Сарқытынішу. Қазақ дәстүрін де бір туар ұлы адамдардың ел билеген жұртқа қадірлі игі жақсылардың асының сарқытын ішу әдеті болған. Бұл «сол кісінің жақсы қасиеттері жұғады» деген нанымсенімге байланысты істелген ырым.

(Әбдуәли Қайдар)

- ✓ 4. Мәтіннен салт етістіктерді тауып сабақты етістікке, сабақты етістіктерді салт етістікке айналдырыңдар.

Үлгі: Бата сатылмайды – батамды сатпаймын.

- 🏠 5. Өз беттеріңмен ізденіп, сөзжұмбақты шешіңдер. Ерекше қатардан шыққан сөзге түсінік беріп, ол туралы өз пікірлеріңді жазыңдар.



1. Ер балаға арнап жасалатын той.
2. Жаңа туған балаға атап берілетін төл.
3. Сырттағы адамға арнап сақталатын дәм.
4. Біреудің өтініші, тапсыруға берген заты.
5. Қуанышты хабарды жеткізуші адамның сөзі.
6. Көші-қонмен байланысты дәмге шақыру дәстүрі.

§5. Қазақтың дастарқаны

- 📖 1. Мәтінді оқып, стильдік ерекшелігіне мән беріңдер.

Дәм таттыру

Қазақтар асты «дәм» деп атайды. Халық арасында біреуді еске алғанда «дәмдес болып едік», «үйінен дәм татып едік» деп, ренжігенде, өкпелегенде «дәм-тұзым атсын», «дәм-тұзыма салдым» дейді. Бұл сөздердің ұлт тұрмысы мен өмір жолында, таным-түсінігінде, наным-сенімінде өзіндік дара орны бар. Өйткені әр қазақ өздерінің жақын-жуығы мен ілік-жегжаттарына ғана емес, ел сыйлаған белгілі, құрметті азаматтарға,



қадірлі ақсақалдарға, ана-әжелерге өз үйінен арнайы дәм татқызуды үлкен мұрат, адамдық парыз деп санаған және ол жолдан күні бүгінге дейін тайған жоқ. Тек таныстар емес, кез келген жолаушыға, бейтаныс кісіге де дәм татқызбай жібермеген. Себебі ұлт ұғымында дәмде, аста, тамақта кие, қадір-қасиет, ырыс-береке, тірлік бар деген терең түсінік тым ертеден-ақ қалыптасқан. Дәм таттырудың қоғамдық, әлеуметтік, елдік істерде қызметі өте зор болған. Ең алдымен, әдейі шақырып дастарқаннан дәм татқызу – ата салт, қазақи тәртіп әрі жол-жоралғы, әдеп. Екіншіден, ол – сыйлаудың, аса құрметтеудің, жақсы көңілдің айғағы. Үшіншіден, қай жерде де, қандай күнде де сыйласып, қорған, қамқор, тілектес бола жүрудің кілті. Дәмдес болған адамдар бір-біріне ел дәстүрі бойынша қиянат жасамайды, жоғалғанын іздеседі, табысына қуанады. Қуаныш, қайғысына да ортақтас болады. Бұл – ғасырлар бойы санаға сіңген салиқалы салт, бұлжымас әдет. Демек, дәм татқызу, дәм тату – таза адамгершілік, достық, бірлік белгісі және куәсі. Бұл жақсы үрдіс халықпен бірге жасайды.

(«Қазақтың дарқан дастарқаны»)



1. Дәм таттырудың қандай мәні, маңызы бар?
2. «Ғасырлар бойы санаға сіңген салт» дегенді қалай түсінесіңдер?



Мақсат үстеулері қимыл, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіріп, *не мақсатпен?* деген сұраққа жауап береді. Мақсат үстеуге жататын сөздер көп емес. Олар: *әдейі, жорта, қасақана, әдейілеп* т.б.



Ерулік – дәстүрлі халықтық жоралғының жарқын үлгісі. Жаңадан көшіп келген, жапсарлас қонған отбасына бұрыннан отырған көршілері қонақасы беріп, ықылас-пейіл білдіреді. Ерулік беру арқылы ауыл тұрғындары жаңа көршілерін өздеріне етене жақындастыруды, бөтенсіретпеді де көздейді. Ерулік қысқы соғымның сүбелі мүшелерінен (қазы-қарта, жал-жая т.б.) пісіріледі немесе қой сойылып шақырылады.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



2. «Артық болмас білгенің» мәтінін негізге алып, «қонақасы», «сыбаға» дәстүрлеріне анықтама беріңдер.



3. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндердегі ақпаратты негізге алып, мақсат үстеулерімен 4 сөйлем жазыңдар.

2-деңгей. Мәтіндердегі негізгі ойды білдіретін мақал-мәтелдер тауып жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

3-деңгей. «Қазақтың дастарқаны» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.



4. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Үйде үлкендер жоқта аяқ астынан алыстан қонақтар келді делік. Қонақтарды қалай қарсы алып, қалай күтесіңдер?



5. Дастарқанға берілетін бата түрлерін жазып, жаттап алыңдар.

§6. Жолашар, тоқымқағар



1. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Стилін анықтаңдар.

Қазақ атам қашанда қара жолды қадірлеп, жолаушыны құрметтеген. Жол мен жолаушыға байланысты ырым-жоралғыларды, дәстүрлерді қалыптастырған. Сол ырым-тыйымдардың, жоралғы-дәстүрлердің әрқайсының ізгі тілеуі, ақ ниеті бар. «Жолы болсын», «сапары сәтті болсын», «жолы ашық болсын» деп, алыс жолға жүретін адамға «жолашар», «жолаяқ» деп аталатын дәстүрді жасап, шығарып салады. Адамы жолаушы жүретін отбасы бір малын сойып, ауылдағы үлкен-кішіге дастарқан жаяды. Қариялар жолаушыға арнап, бата береді. Бата адамға рухани күш-қуат береді, көңілге – медеу, жүрекке – сенім. Ал сенім – ұлы күш.

Жас адамның қара шаңырағына, үлкен үйлеріне кіріп, тізе бүгіп, дәм ауыз тиіп шығатын салт және бар. Жолаушының анасы не апа-қарындасы бір жапырақ нанның шетінен тістетіп алып қояды. Бұл «дәм тартып, отбасына есен-сау оралсын» деген ниеттен шыққан. Кейін жолаушы келгенде сол нанды қатып қалса да жейді. Сонымен, жолаушыны бүкіл ауыл аттандырып салады.

Сапар барысында жолаушының межелеген жеріне жетуі, одан ойға алған ісін орындап, сау-сәлемет үйіне оралуы –

өзіне де, айналасына да зор қуаныш. Сол мерейлі күнге үмітпен қараған отбасы «ай жүрсе де, аман оралсын, ел-жұртына қайта қауышуға жазсын» деп, «тоқымқағар» дәстүрін жасайды. Жолаушының келер мезгілі таяғанда не кешіге бастағанда әйелдер жағы дастарқан әзірлеп, ауылдастарын шайға шақырады. Үйден тоқым алып шығып, «жолда ұзақ жүріп, тоқымың шаң болып қалыпты ғой» деп, қағып-сілкіп ырымдайды.

Жолаушы сапардан келгенде үлкен-кіші алдынан шығып, атын ұстап, сәлемдесу – ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз. Қазір көбінесе «келуіңізбен» деп жатады. Бұл да тұжырымды, қысқа сөз. Ең бастысы, дәстүр жалғасып жатыр.

(Зейнеп Ахметова)



1. Жол мен жолаушыға қатысты ырым-жоралғылар сендерге қандай ой салды?
2. Жолашар, жолаяқ дәстүрлері қандай тілектен туған?
2. Тоқымқағар деген не? Ол қалай жасалады?



2. Жолаушыға айтылатын тілектерді бөліп жазыңдар.

| Шығарып салғанда | Күтіп алғанда |
|------------------|---------------|
| | |



Мөлшер үстеулері қимыл, іс-әрекет, амалдың немесе сынның көлемдік дәрежесін, мөлшерін, шама-шарқын білдіріп, *қанша? қаншалық? қаншама? қаншамалап?* кейде *қалай? қалайша?* деген сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеулеріне төмендегі сөздер жатады: *сонша, осыншама, мұнша, сондайлық, анағұрлым, бірін-саран, онша, едәуір, бірталай, бірқыдыру, біраз, соншалық, мұншама, неғұрлым, соғұрлым, әжептәуір, қыруар, талай* т.б.



3. Төмендегі мөлшер үстеулерімен және мөлшер мәнді тіркестермен сөйлем құраңдар.

Сонша уақыт, мұншама халық, әжептәуір үлкен, айшылық алыс жер, ат шаптырым жер, қозы көш жер, сүт пісірім уақыт, қамшының сабындай қысқа ғұмыр.



- Жолға қоқыс төкпейді, ол – тыйым.
- Жолға дәрет сындырмайды, жуынды төкпейді, бұлар – күнә.
- Тікен, тас секілді нәрселерді жолдан алып тастау керек, бұл – сауап.

(Зейнеп Ахметова)



4. Үстеу түрлерін қатыстырып, өздерің білетін бір салт-дәстүр туралы жинақы мәтін жазыңдар.

§7. Қауышу күні



1. Мәтінді оқыңдар, осы мейрам туралы бұрын оқыған мәліметтеріңмен бөлісіңдер. Авторына сілтеме жасаңдар.

Көрісу («амал мерекесі» деп те аталады) – Қазақстанның батыс өңірі мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында сақталған ежелгі дәстүр. Осы аймақ тұрғындары 14 наурызды «Көрісу күні» деп атайды. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Ағайын-туыс, көрші-қолаң бір-біріне «жасың, жылың құтты болсын!», «жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, бір-бірін асқа шақырып, амандық-саулық, құт-береке тілейді.



Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептермен 14 наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс.

(«Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясынан)



1. Көрісудің қандай мәні бар?
2. Көрісу мейрамының бүкіл Қазақстанда тойлануына қалай қарайсындар?
3. Амал мерекесінің Қазақстанның батыс өңірінде ғана сақталуының себебі неде деп ойлайсындар?



2. Оқылым мәтіні негізінде мезгіл, мекен, мақсат мәнді үстеулерге 5–6 мысал жазындар.

Үлгі: Жастар таң сәриден (мезгіл үстеуі) үлкендермен көрісуге шықты.



Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы түркітілдес мемлекеттер мен халықтардың мәдениеті мен өнерін дамыту жөніндегі халықаралық ұйымның (ТҮРКСОЙ) бастамасымен 2010 жылы 21 наурыз күнін «Халықаралық Наурыз күні» деп белгілеу туралы қаулы қабылдаған. БҰҰ деңгейінде мерекелене бастаған Наурыз мейрамы осылайша тек қана бауырлас түркі халықтары арасында тойланумен шектеліп қалмай, халықаралық мереке ретінде әлем халықтарының басын қосып, жақындата түсерлік ұлық мерекеге айналып отыр.

Ал ЮНЕСКО 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне кіргізді.



3. «Артық болмас білгенің» мәтініндегі көтерілген мәселені, негізгі ойды анықтап, қорытынды жасаңдар. «Пирамидалық талқылау» стратегиясын қолданыңдар.



4. Ата-анаң мен ата-әжеңе, ұстазыңа Наурыз мейрамына орай құттықтау хат жазыңдар.



5. Көрісу мерекесі өзің тұратын өңірде тойлана ма? Бұл мерекенің маңызы бар ма, әлде тойламай-ақ қойса да бола ма? Екі топқа бөлініп, пікір таластырыңдар.



6. «Наурыз мейрамы қай елдерде тойланады?» деген тақырыпта радиожаңалықтарына хабар дайындаңдар.

§8. Ұлт мейрамы

1. Мәтінді оқып, стильдік және жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.

Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ да мейрам етеді. Бірақ олардың бәрін салыстырғанда, Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, айрықша дәлелді. Неге десеңіз, наурыздың ескіше тоғызында, жаңаша жиырма екісінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ көрпесін жамылып, ұйқыда жатқан табиғаттағы жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге болады.



Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малмен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыста қандай қысылса, жазда сондай жазылады. Шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын. Жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін.

(Міржақып Дулатов)



1. Наурыз мерекесін қай ұлттар тойлайды?
2. Мәтінде ауызекі сөйлеуге тән қандай тілдік бірліктер қолданылған?



2. Аудиожазбадан (16. mp3) «Ұлыстың ұлы күні» мәтінінің алғашқы бөлігін тыңдап, көтерілген мәселені болжандар. Мәтінді толық тыңдап, «Наурыз қандай күн?» деген сұраққа жауап ретінде «Кластер» құрыңдар.



Сын-қимыл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жасалу амал-тәсілін, сынын, бейнесін білдіріп, *қалай? қайтіп? қалайша? кімше?* деген сұрақтарға жауап береді. Сын-қимыл үстеуге мына сөздер тобы жатады: *ақырын, тез, шалқасынан, әзер, оқыс, дереу, өзінше, зорға, қапыда, лезде, үнемі, бостан-бос, емін-еркін, ерекше, өзгеше, көйлекшең, тікелей, ретімен, жүресінен, кезекпен, жайымен, астыртын, жасырын, үстіртін, бірден, біржола, шала-пұла, зым-зия, бетпе-бет, қолма-қол, жападан-жалғыз* т.б.



3. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетіп, редакциялаңдар.

Наурыз мейрамын да мал соймайды жалпы қан шығармайды «Өсер төлге көбейер түлікке кесірі тиеді мал басы кеми-ді» деген тыйым бар. Сонымен бірге Ұлыс күні шаш-тырнақ алмайды өйткені адамның қара тырнағынан бастап әрбір тал-түгіне дейін жаңарып түлейді жаңадан жан кіреді Наурыздың бірінші күні кір жумайды жолға шықпайды құрылыс бастамайды іс тікпейді Аңға шығып мылтық атпайды саятшылық жасап құс салмайды қақпан-тұзақ құрмайды. Өйткені бұл күн тіршілік әлемінің тойы.

(Зейнеп Ахметова)



4. Сын-қимыл үстеулерін қатыстырып, Наурыз мейрамында алтыбақан тепкен жастардың іс-қимылдарын сипаттаңдар.

Үлгі: Жастар алтыбақанға кезекпен шығып, ақырын тербетіле бастады...



5. Төмендегі сұрақтарға мезгіл, мекен, мөлшер, мақсат, сын-қимыл үстеулерін қатыстырып жауап беріңдер.

1. Қазақ халқы Наурыз мейрамын қалай күтеді?
2. Ол – қандай мейрам?
3. Наурызды қай халықтар тойлайды?
4. Табиғатта қандай өзгерістер болады?
5. Наурыз мейрамына қатысты қандай салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар бар?

§9. Наурыздағы бата-тілектер

1. Мәтінді оқып, көркем сөйлеу мен ауызекі сөйлеуге тән ерекшеліктерге назар аударыңдар.

Жұрт көктемгі егіске қамдана бастады. Көкем балта-балғасы қолынан түспей, соқа-саймандарын жөндеумен жүр.

Әр үйдің алдында үлкен қара қазан асылып, наурыzkөженің иісі шығады. Ырыс алды, кеңшілік басы, молшылық жолы осы наурыzkөжеден басталатындай, бұл күні еш әйел қазанына таршылық жасаған емес. Қайда барсаң да, қатығы мол бидай көжеге қарық боласың. Ел жаңа жылын, жарқын кезеңін осылайша ашық пейіл, ақжарқын көңілмен қарсы алады екен.

Онсыз да қонақжай халқымыз, әсіресе наурыз күні қабақ шытқан емес. Қай үйге болсын қаймықпай кіріп, қалаулы қонағындай төрінен орын аласың. Ел топ-тобымен қыдырыстап, дастарқан үстінде ортақ тілектерін тоғыстырады.

– Аман-есен Наурызға жеткізгеніңе шүкір, Алла. Көрер күніміз, еститін жырымыз бар екен де. Келесі Наурызға да төрт көзіміз түгел жетейік, – десетін.

Келген қонақтар наурыzkөжені салт бойынша түгелдей тауысып шығуы керек. Кейбір әзілқой әйелдер осындайда құрбы-құрдастарын аспен «жазалауға» тырысатын. Өзінің қалжыңдасып жүрген адамына наурыzkөжені үлкен шараға құйып әкеледі. Әлгі құрдасы азаптанып отырып, шарадағы көжені әрең тауысар еді. Өзгелері күлкіге қарық болатын. Оның үстіне дастарқан иесі құрбысына тілек айтқан болып әзілдейді.

– Іше ғой, көкжалым, іше ғой. Тілегімнің зор екенін көрдің ғой. Өзгелерден артық деп, жөнің бөлек деп, сыбағанды асырып отырмын. Несібең алдындағы шарадағы дәннің санынан да артық болсын, – деп күледі.



– Ниетіңе рақмет, айналайыным. Бұл жақсылығыңды ұмытпаспын, – деп булыға міңгірлейді. Қасындағы кісілер одан сайын күлкіге мәз.

– Тезірек алсаңшы, суып қалады ғой. Бағың суымасын десең, наурызкөжені ыстықтай ішер болар, – деп қоймайды әйел.

Жігіт көжені ұрттай береді, ұрттай береді. Ол осылайша көжемен арпалысып отырғанда, өзгелері күлкілі әңгіме айтып, қызықты шежіре қозғап, өн салатын. Салтанат алды басталғанын сезіп, бала-шаға шексіз қуанушы едік.

(Бауыржан Момышұлы)



1. Наурыз мерекесінде қандай ас әзірлейді?
2. Наурыз мерекесінің басты нышаны деп нені айтуға болады?



2. Оқылым мәтіні бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Әңгімеде кездесетін бата-тілектерді теріп жазыңдар.
 - 2-деңгей. Мәтінге ат қойып, жоспар құрыңдар.
 - 3-деңгей. Қазіргі Наурыз мейрамы туралы шағын мәтін жазыңдар.



3. Ғаламтор желісінен М.Мақатаевтың «Наурыз» өлеңін Р.Рымбаеваның орындауында тыңдап, әнімен үйреніп алыңдар.



4. Оқылым мәтінінен үстеулерді тауып, мағыналық түрлерін ажыратыңдар, синонимдік қатарларын түрлендіріңдер.



5. Достарыңды Наурыз мерекесімен құттықтап, құттықтау хат жазыңдар.



6. Наурыз мерекесімен бірге жүретін нышандары – Қыдыр түні, наурызкөже, наурыз төлі, наурыzkөк (құс), наурызша (қар), наурызшешек (гүл) туралы мәліметтер қарастырып, таныстырылым жасаңдар.

IX

ӘЛЕМДЕГІ ІРІ КІТАПХАНАЛАР. МОРФОЛОГИЯ

§1. Кітапхана мен кітаптың маңызы

1. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Жақсы кітап – жан азығы

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білімнің биік белестеріне жетелейтін де кітап. Француз жазушысы Дени Дидро: «Адамдар кітап оқуын қойса, ойлауын да қояды», – деген. Ал дана халқымыз: «Кітап – қазына», – деген.



Кітап оқыған адамның ақыл-ойы, білім-парасаты кітап оқымаған адамға қарағанда әлдеқайда жоғары болады екен. Олар қоғам өміріне белсенді араласып, үнемі ізденісте жүретін көрінеді. Мұны ғалымдардың зерттеулері де растап отыр.

Бүгінгі жастар бос уақытында немен айналысады? Көзіміз көріп жүргендей, олардың көпшілігі түрлі әлеуметтік желілердегі, ғаламтордағы жаңалықтармен танысып, жұлдыздардың жеке парақшаларын ақтарумен уақыттарын өткізіп жатыр. Бұл, әрине, көңілге кірбің ұялатады. Уақыттарын өздеріне керексіз дүниелерге арнағанша, кітап оқуға жұмса, құба-құп болар еді.

Бүгінде кітап оқу үшін бар жағдай жасалған. Кітапханаға бармай-ақ, ғаламтордан оқу мүмкіндігі пайда болды. Оқитын кітабын телефонға жүктеп алып, кез келген жерде, кез келген уақытта оқуға болады. Тек кітап оқуға деген ықылас болса болғаны.

(Рысгүл Мәтжанқызы)



1. Дени Дидроның кітап туралы пікірімен келісесіңдер ме?
2. Кітап оқудың ойлаумен байланысын қалай түсіндіруге болады?
3. Халқымыз кітапты неге қазынаға балаған?
4. «Жақсы кітап – жан азығы» дегенді қалай түсінесіңдер?



2. Екі топқа бөлініп, төменде берілген мерекелерге жоба құраңдар. Жобада қамтылатын мәселелер:
- жобаны ұйымдастырушылар мен қатысушыларды анықтау;
 - шараның мақсаты мен жоспарын айқындау;
 - күтілетін нәтиже.

1995 жылы Парижде өткен Бас Ассамблея конгресінің шешімімен 23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні болып белгіленді.

Ал 1967 жылдан бастап Балалар кітабы бойынша халықаралық кеңестің шешімімен Данияның әлемге әйгілі ертегішісі Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орай 2 сәуір «Әлемдік балалар кітабы күні» болып белгіленген.



3. Оқылым мәтінінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп алып, жинақы мәтін түрінде жазыңдар.



4. Өз мәтіндеріндегі үстеудің түрлерін ажыратыңдар.



5. Мектеп кітапханасы немесе өзің оқырманы болып табылатын кітапхана туралы кітапханашыдан сұхбат алып, диалог түрінде жазыңдар.

§2. Кітап күні



1. Аудиожазбадан (17. mp3) «Кітап туралы ой» мәтінін тыңдап, негізгі ойды жетекші сұрақтар арқылы анықтаңдар.



1. «Кітап – жаһанның басты жаңалығы» деген пікірмен келісесіңдер ме?
2. Кітаппен достасудан қашқақтап, әр парағын жұлып, қор қылып ұстайтын адамдар туралы не ойлайсыңдар?
3. Мәтін авторының құрбысы сияқты барлық кітапқа аянышпен, жанашырлықпен қарайтын достарың бар ма?
4. «Шын достықтың, ізгі ниеттің, терең ойдың, асыл сөздің қадірін бағалай алмағанымыз ұят қой!» Осы сөздер сендерге қандай ой салды?



2. Достарыңмен ең соңғы оқыған кітаптарың туралы сұхбаттасыңдар.



Себеп-салдар үстеулері қимыл, іс-әрекет, амалдың болу, болмау себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіріп, *не себепті? неге?* деген сұраққа жауап береді. Себеп-салдар үстеулерге жататын сөздер мыналар: *босқа, амалсыздан, бекерге, текке, лажсыздан, құр босқа, шарасыздан, жоққа* т.б.



3. «Кітап – досың, ұстазың, кеңесшің, ақылшың» тақырыбында жинақы мәтін жазыңдар.



4. Жинақы мәтінге себеп-салдар үстеулерін қатыстырыңдар.



5. Берілген даналық сөзді жаттап алыңдар.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым – кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

(Абай Құнанбаев)



6. Абайдың өлеңіне қатысты түсіндірме (комментарий) жазыңдар.

| Абай сөздері | Түсіндірме (комментарий) |
|--------------|--------------------------|
| | |

§3. Жеке кітапхана



1. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Негізгі ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Академик Мекемтас Мырзахметовпен сұхбат

– Мекемтас аға, алғаш оқыған кітабыңыз есіңізде ме?

– Авторын ұмытыпшын, латын әрпімен жазылған «Сырлы арал» деген кітап екені есімде. Батыстан тәржімаланған көркем шығарма болатын. Ең қызығы, әлгі кітапты күндіз оқып аяқтай алмай, түнде айдың жарығымен қарағанмын.

– Сіздің кітапханаңыз бар ма?

– Жалпы, үш жерде кітапханам бар. Алғашқы кітапханам – Түркістан қаласында. Онда 6 мыңға жуық кітап бар.

2001 жылы Таразға қоныс аудардым, мұндағы үш бөлмелі пәтерімнің бір бөлмесі кітапханаға айналды. Кітап көп жиналды. Бұл кітапханамды (6 мың кітап) М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіне тарту еттім.


– Бұл бір біткен іс екен.

– Үшінші кітапханамды кейінгі жылдары Алматыда жинақтадым. Мұның қоры да екі-үш мың. Қарап отырсам, балалық шағымнан кітап жинаппын. Қолыма тиын түссе, кітап алатынмын.

– Ұлы тұлғалардың талайының көзін көріп, сөзін естідіңіз. Солардың қаншасынан кітапқа қолтаңба ала алдыңыз?

– Алғаш рет Сәбит Мұқановтан қолтаңба алғанмын. Ташкентте Қазақ әдебиетінің онкүндігі өтті. Жиынға Сәбит Мұқанов келген екен. Сәбең берген сол қолтаңбалы кітап менде әлі сақтаулы тұр. Баукең де бірнеше кітапқа қолтаңба қалдырған. Мұхтар Әуезовтің де қолтаңбасы бар менде. Басқа да ірі тұлғалар қолтаңба берген...

(«Кітап патшалығы» журналынан)

 2. Кітапханашы мен оқушының диалогін оқып, екі мәтіннің тақырыптық, мазмұндық, тілдік ерекшелігін салыстырыңдар.

– Сәлеметсіз бе, Райхан Сәбитқызы!

– Сәлемет бол!

– Кітапханаға жазылып, кітап алсам бола ма?

– Әрине, болады. Мына қағазға аты-жөніңді, оқитын мектебіңді, сыныбыңды, мекенжайыңды жазып бер.

– Жаздым. Кітап қарасам бола ма?

– Алдымен, кітапхана ережесімен танысуың керек. Біздің кітапхананың ережесі: кітапты таза ұстау, жыртпау, уақытында қайтару. Ережелермен келісесің бе?

– Келісемін.

– Онда ережелермен танысқаныңды растап, қол қой. Сосын кітап таңдауыңа болады.

– Рақмет.

– Біздің кітапхананың белсенді оқырманы болады деп сенемін.



1. Академик Мекемтас Мырзахметов туралы қандай деректер білдіңдер? Академик сонша кітапты қалай жинаған?

2. Қолтаңба деген не, оны кімдер береді?
3. Кітапханадан жиі кітап алып оқисыңдар ма? Кітапхана ережесін бұзған кездерің болды ма?



3. Академик Мекемтас Мырзахметов туралы мәтіндегі өмірбаяндық деректерді пайдалана отырып, жинақы мәтін жазыңдар.



4. Өз мәтіндеріңде үстеулерді қолданыңдар. Мағыналық түрлерін ажыратыңдар.



5. Алғашқы мәтінде аты аталған жазушылардың бірінің өмірбаянымен танысып, олардың кітапқа құмарлығы туралы деректер келтіріңдер.



6. Марал мен Бекеннің сұхбатындағы пунктуациялық қателерді түзетіндер. Маралдың пікірін жалғастырып жазыңдар.

Марал. Кітапханаға соңғы рет қашан бардың?

Бекен. Кітапханаға! Есімде жоқ ұмыттым.

Марал. Ұят екен? Мен аптасына кем дегенде бір рет баруды әдетке айналдырдым.

Бекен. Тым көп емес пе!

Марал. Жоқ...

§4. Ең үлкен, ең кіші, ең қымбат, ең ауыр кітаптар



1. Мәтінді түсініп оқыңдар. Мәтінде көтерілген мәселені анықтауға бағытталған үш сұрақ, үш жауап дайындаңдар.

Әлемдегі ең ауыр кітап – Лондондағы Британ мұражайында сақтаулы тұрған географиялық атлас. Атластың ұзындығы бір метрден асып түседі, ал салмағы – 320 килограмм.

Әлемдегі ең үлкен кітап Нидерланд астанасы Амстердамдағы мұражайлардың бірінде сақтаулы тұр. Бұл кітап «Теңіз ережелерінің жинағы» деп аталады. Кітаптың ұзындығы – орта бойлы адамнан сәл биік, ені – 4 метр, қалыңдығы – жарты метрге жуық.

Әлемде ең кіші он екі кітап бар. Олардың көлемі бір ас қасыққа сыяды. Олар: Құранның миниатюралық басылымы; 12 мың сөзден құралған ағылшын тілінің сөздігі; Галилейдің шығармалары (пошта маркасының жартысындай шамада, онда – 208 бет); «Жаңа өсиет», 1896 жылға дейін жер жүзіндегі ең кіші басылым болып саналған шағын кітапша; британ (шотланд) ақыны, фольклортанушы Роберт Бернс өлең-жырларының томдығы (пергаментке басылған); француз және неміс анықтамалығы; Моисей заңдары кітабы (ежелгі еврей тіліндегі ең кіші кітап); «Гита» үнді кітабы (санскритте); Ирландия және Шотландия әндерінің жинағы (нотасымен); Франция Конституциясы (томдықтың әрбір мұқабасы алтынмен жиектелген); бас бармақ тырнағының көлеміндей кітап – АҚШ-тың 16-Президенті Авраам Линкольннің басылымы.

Франциялық Жозеф Форе жарыққа шығарған әмбебап «Апокалипсис» кітабы әлемдегі ең қымбат кітап болып саналады. Оның құны ескі франкпен (француз валютасы) 100 миллионға бағаланған. Кітап Париждегі қазіргі заманғы өнер мұражайының көрмесіне қойылған, салмағы – 120 килограмм.

Белгілі өзбек ақыны Әлішер Науаидің өлеңдері жібек қағазға жазылып, кітаптың әрбір беті алтын өрнектермен өшекейленген.

(«Кітап патшалығы» журналынан)



1. Кітап туралы тағы қандай қызықты мәлімет білесіңдер?
2. Ең кіші, ең ауыр, ең үлкен, ең қымбат кітаптарды шығаруда қандай мақсат көзделді деп ойлайсыңдар?
3. Кітаптар неге қымбатқа бағаланған?




Күшейткіш үстеулер заттың сындық қасиетін және қимыл, іс-әрекеттің белгі-сапасын, мөлшер-көлемін күшейтіп не солғындатып көрсету үшін қолданылады. Күшейткіш үстеулерге мына сөздер тобы жатады: *ең, тым, өте, аса, орасан, нағыз, әбден, мүлдем, кілең, өңкей, дәл, керемет, әрең, сәл, тіпті, нақ* т.б.


2. Күшейткіш үстеулерін қатыстырып, оқылым мәтіні негізінде 4–5 сөйлем жазыңдар.

-  3. Берілген ойды түсініп оқыңдар.

Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның аражігін айнытпай танып білуге үйретеді. Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!


(Нұрсұлтан Назарбаев)

-  4. «Ғибратты сөз» айдарында берілген пікір негізінде «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

-  5. Оқылым мәтінін пайдаланып, кітап туралы ойларыңды «Бес сау-саққа» жазыңдар. Күшейткіш үстеулерді қолданыңдар.

Бас бармаққа – ең жақсы нәрсе;
 Балаң үйрекке – баса назар аударатын мәселе;
 Ортан терекке – ең көп сандық дерек және оның маңызы;
 Шылдыр шүмекке – қосымша ақпарат;
 Кішкентай бөбекке – ең аз сандық дерек, оның маңызы;
 Алақанға – қорытынды.

§5. Александрия кітапханасы

-  1. Мәтінді оқып, стилін ажыратыңдар.

Александрия кітапханасы

Александрия қаласының негізі Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлқарнайынның) өмірімен б.з.д. 332–331 жылдары қаланды. Александрия аз уақыттың ішінде өркениет пен дүниежүзілік сауданың, ғылым мен өнердің алып орталығына айналады. Македонскийдің жорығынан түскен олжаның барлығы тікелей осы қаланың мұқтажына жұмсалды. Соның нәтижесінде әлемнің жеті кереметінің бірі – Александрия шамшырағы, патша сарайы, театр мен стадион, кітапхана, мұражай дүниеге келді.

Кітапхананың негізін қалап, дамытқан, қайта жаңғыртқан Македонскийдің қолбасшысы Птолемей Сотер (Құтқарушы) мен оның ұлы Филадельф бұл қаланы дүниенің

рухани астанасы еткісі келді. Олар аты әйгілі ғалымдар мен ақындардың, философтардың, дәрігерлердің, сәулетшілердің барлығын осында алдыртып, ғылыми мектеп ұйымдастырды. Ғұламалардың еш алаңсыз ғылыммен айналысуына барлық жағдай жасалды. Олар сол ғимаратта тұрды, сол жерде зерттеу жұмыстарын жүргізді, сондағы оқу залдарында шәкірттеріне дәріс оқыды.

Филадельфтің патшалығы тұсында кітапханада 4 мың том қолжазба мен 90 мың түпнұсқа, 700 мың томнан тұратын папирустар болған деседі. Қолжазбаларды қалпына келтіретін арнайы шеберхана болған. Көшірмешілер кітаптарды көшіріп жазып, данасын көбейтіп отырған. Александрияға келген әрбір көпес кітап сыйлауға міндетті болды.

Бұл тұстағы ғалымдар ақсүйектерден де жоғары бағаланып, патша дәрежелес өмір сүрген. Александрияда ең үлкен лауазым иесі кітапханашы болды. Солардың бірі – Гипатия Александрия кітапханасы отқа оранған кезде бүлінген қолжазбаларды қайта қалпына келтіріп, кітапхананы сақтап қалды. Ғалымның кітапқа деген адал қызметі оның есімін тарихта мәңгілікке «кітапханашы» етіп қалдырды.

Ең ежелгі кітапхананың бірі – Александрия кітапханасы екі рет өртенген. Кітапхананың жер бетінен мүлде жойылуының нақты себебі әлі зерттеліп болған жоқ. Адамзат баласының бір-бірімен жүргізген соғыстары нәтижесінде бір кездері өркениет орталығы болған кітапхана жермен-жексен болды.

XX ғасырдың соңында ЮНЕСКО ұйымы көптеген елдермен бірлесіп, кітапхананы қайта қалпына келтірді, кітап қоры толықтырылды.

(rnpb.kz)



1. Александрия кітапханасының тарихынан қандай әсер алдыңдар?
2. Ғұламалардың патша дәрежелес өмір сүргені нені білдіреді?
3. Сендердің ойларыңша, сондай үлкен кітап қорын сақтап қалу үшін адамзат не істеуі керек еді?

2. Оқылым мәтінінен үстеулерді тауып, мағыналық түрлерін анықтаңдар.



3. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетіп, редакциялаңдар.

Білім бар жерде кітап көбейеді. Кітап бар жерде білім өркендейді. Кітапханаларға деген көз қарас сол қоғам мүшелерінің білімге деген көз қарасының өлшеуі болып саналады. Кітап білім байлығы ғана емес рухты оятатын ойсананы өсіретін қымбат қазына кітапхана сол қазынананың алтын дінгегі Халқымыздың рухани мәдени ойсанасының қалыптасуы мен дамуында кітап хананың атқарар рөлі ерекше.



4. Оқылым мәтіндегі ақпараттармен кестені толықтырыңдар.

| | |
|---|--|
| Александрия кітапханасының негізін қалаушылар | |
| Кітапхананың негізі қаланған уақыт | |
| Сол кездегі кітапхана қоры | |
| Кітаптың жиналу жолы | |
| Ең жоғары лауазым иесі | |
| Кітапхананы жаңғыртудағы ЮНЕСКО-ның рөлі | |



5. Александрия кітапханасы туралы қосымша мәліметтер қарастырып, қызықты 5 дерек жазыңдар. Үстеу түрлерін ажыратыңдар.

§6. Отырар кітапханасы



1. Мәтінді оқып, ондағы негізгі мәліметтерді анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Отырар кітапханасы

Жібек жолы бойымен кіре тартқан көпестер ең құнды сыйлық ретінде Отырар әкіміне кітап сыйлауды дәстүрге айналдырды, тіпті бұл мемлекеттік рәсім ретінде қабылданып, ресми сипат алды. Бұқаралық ғұлама Рузбехан: «Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды тек қала тұрғындары ғана емес, шалғайдағы Сығанақ қаласының тұрғындары да пайдаланып отырды», – деп жазады.

Әлемнің екінші үлкен білім бұлағы – Отырар кітапханасы Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде жоғалып кетті. Бұрын

Фараб аталған бұл қаладан тек ислам әлеміне емес, күллі дүниежүзіне аты мәшһүр, әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан оқымыстылар шыққан-ды. Солардың ішіндегі ең атақтысы – біздің ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби. Ол әлемнің екінші ірі кітапханасында білім нәрімен сусындап өсті. Мұнда ежелгі сына жазуымен жазылған туындылар мен папирус орама қағаздарынан бастап, ортағасырлық еуропа, араб және қытай ғалым-оқымыстыларының шығармаларына дейін жинақталған. Міне, осындай кітап қоры өте бай кітапхана шапқыншылардың аяғына тапталады. Бұл – 1218 жыл болатын.

Алайда моңғол әскерінің Отырарды 6 ай бойы қоршауы кезінде кітапхана құпия түрде жер астына жасырылған дейтін дерек бар. Бірақ оның нақты қай жерге жасырылғаны жөнінде ешкім білмейді. Отырар кітапханасын табу үшін археологиялық қазба жұмыстары әлі де жүргізіліп жатыр.

Әйгілі Отырар кітапханасының ата-бабамыз мекен еткен алып аймақта ілім дөнін сепкен киелі жер болғаны – ақиқат.
(*baq.kz*)



1. Отырар кітапханасына кітап қалай жиналған?
2. Отырар кітапханасы неге әлемдегі екінші үлкен кітапхана атанған? Біріншісі қайсы?
3. Сендердің ойларыңша, Отырар кітапханасы табылуы мүмкін бе?



2. Оқылым материалы негізінде «Отырар кітапханасы» туралы жинақы мәтін жазыңдар.



3. Үстеулерді қатыстырып, ерте заман кітапханалары туралы 7–8 сөйлем жазыңдар.



4. Ғаламтор мен энциклопедиялардан ізденіп, Отырар кітапханасы туралы қосымша мәліметтер жинаңдар. Болашақ мақаланың тезисін жазыңдар.



5. Өздерің тұратын елді мекендегі, ықшамаудандағы не ауылдағы кітапхана туралы шағын мәтін (сөз саны – 80) жазыңдар.

§7. Ақсақ Темір кітапханасы



1. Аңызды түсініп оқындар. Алдыңғы сабақтағы мәтінмен (тақырыптық, мазмұндық, тілдік ерекшеліктерін) салыстырындар.

Ақсақ Темір жаулап алған елдердің халқын қырып, қалаларын қиратып, мал-мүлкін талан-таражға салғанымен, сол елдердің ғұламаларын, өнерпаз ұсталарын өзінің астанасы Самарқандқа әкеліп, осы қаланы безендіргені белгілі. Самарқандтың Темірдің тұсында, шынында да, көрікті қала болғаны осы күнде де танылады.

Күндерде бір күн Темір кітапханасына келіп отырып, бас ғұламасын шақыртыпты.

– Қарт, тыңда! – деп бастайды сөзін. – Менің де өлер шағым таяу, оны өзім сезіп жүрмін. Ажал жеткен күні жаным тыныштық табар. Бірақ мына кітапхананың тағдыры маған үлкен уайым болып, маза бермей жүр. Мына асыл кітаптарды қандай қиындықпен жинағанымды білесің. Дүние жаралғаннан бергі адамзат ақылының ең қадірлі, ең жақсы, ең қымбатты туындыларын өз сарайыма жинау үшін қаншама күшқайрат жұмсадым. Тілегіме жеттім. Бірақ жолына жанымды қиып жинаған байлығым – кітапханам мен өлгеннен кейін тозаңға айнала ма деп қорқамын. Егер менімен жауласатын жауымның мен өлгеннен кейін кітапханамды сақтайтынына көзім жетсе, бар байлығымды қиналмай-ақ, қарсыласпай-ақ соған берер едім.

Темір ең сенімді деген адамдарын шақыртады. Оларды түн ішінде тауға алып барып, бір қуыстан үңгір қаздырады. Сөйтіп, тоғыз түн дегенде бір үлкен үңгір дайын болады. Кітапханадағы кітаптарды соған жиырма жеті күнде тасып болады. Үңгірдің аузын таспен бітеп, үстін топырақпен көмеді. Темір сол топырақтың үстіне етпетінен жатып ұзақ жылағаннан кейін түрегеліп:

– Дүниеда жауыздық пен надандық жойылғанша жер астында жатындар, кісі көзіне түспеңдер, – деп қоштасады.

Темірдің қабірі Самарқандтың қақ ортасында. Ай толған түндерде ол қабірінен шығып, ұйықтап жатқан еліне:

– Дүниеда жауыздық жойылып болды ма? Адамзат арасында адалдық, әділдік орнады ма? Адамдардың бір-біріне туыс болар күні туды ма? Жасырған қазынамды халыққа

қайтаратын уақыт жетті ме? – деп айғайлайды екен. Сонда жан-жақтан:

– Жоқ, жер жүзінде жауыздық әлі баяғыдай, бәрі де нандықтың құшағында, – деген жауап естіген соң, Темір ашуланып, жерді бір теуіп, көріне қайта барып жатады екен. Жер сол Темірдің тепкенінен сілкінеді екен дейді.

(*Ғалым Ахмедов*)



1. Ақсақ Темір деген кім? Ол туралы не білесіңдер?
2. «Әлемнің басқыншысы» атанған Әмір Темірдің қала мәдениетін дамытуы, кітапхана қорын толықтыруы сендерге қандай ой салды?
3. Сендердің ойларыңша, Ақсақ Темірдің сұрағына «иә» деп жауап беретін күн туа ма?



2. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді синонимдерімен алмастырып, жинақы мәтін жазыңдар.



3. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-деңгей. Мәтінге жоспар құрыңдар, ат қойыңдар.
 - 2-деңгей. Мәтінде кездесетін үстеулерді мағыналық топтарға жіктеңдер.
 - 3-деңгей. Аңыз-әңгіменің түйіні туралы пікір жазыңдар.



4. «Сократтық семинар» әдісі бойынша мәселені талқылаңдар. Оқылым мәтініндегі аңыз әңгіменің шындыққа жанасатын тұстары қайсы деп ойлайсыңдар? Шындыққа жанаспайтын тұстары бар ма?



5. Кітаптың ең асыл қазына екендігі туралы дәлелдемелік эссе жазыңдар.

§8. Конгресс кітапханасы



1. Мәтінді оқыңдар. Алдыңғы тақырыптағы мәтінмен салыстырып, мазмұндық және тілдік ерекшеліктерін анықтаңдар.

Конгресс кітапханасы

АҚШ Президенті Джон Адамс мемлекеттің астанасын Филадельфиядан Вашингтонға ауыстыру туралы заңға қол

қойған кезде, яғни 1800 жылы 24 сәуірде, осы ірі кітапхана құрылды. Осы заңда: «Конгреске қажетті кітаптар сатып алу үшін 5 мың доллар бөлінді», – деп жазылған. Заңда кітапхананы тек басқарушы органдар пайдалануға құқылы екендігі айтылған. Сондықтан кітапхана «Конгресс кітапханасы» деп аталған. Бастапқыда кітап қорында 740 кітап болса, 1801 жылы Томас Джефферсон Президент болып сайланған соң, кітапхана қоры көбейді.

1850 жылдары Конгресс кітапханасына министрлерге, кейбір ведомстволардың жетекшілеріне, жоғарғы соттың мүшелеріне, саяси партиялардың қадірменді азаматтарына, танымал ғалымдар мен АҚШ-тың жазушыларына, танымал журналистеріне кіруге рұқсат берілді.

1870 жылғы Конгресс кітапханасының жетекшісі Эйнсорт Рэнд Споффордтың белсенділігімен мемлекеттік деңгейде заң қабылданды. Бұл заң бойынша, АҚШ-тың аумағында ашық баспада жарияланған кітаптың 1 данасы міндетті түрде Конгресс кітапханасына берілуі тиіс. Сонымен қатар кітапхана қорына қаржылай көмектесуге және кітаптарды, мерзімді басылымдарды беруге жеке тұлғалар мен қоғам бірлестіктерін тартуға ынталандыру іс-шаралары қарастырылды.

1930 жылы кітапхана ұлттық статусқа ие болды. Бұл статус АҚШ-тың бюджетінен бірінші кезекте кітап қорын жинақтауға мүмкіндік берді.

Қазір Конгресс кітапханасының 1460 орынды 18 оқу залы бар. Кітапхана туристер келіп, саяхат жасайтын орынға айналды.

(«Кітап патшалығы» журналынан)



Коллекция – жиынтық, топтама.

Конгресс (лат. *Congressus* – кездесу, жиналыс) – АҚШ-тағы және Латын Америкасы елдерінің көпшілігіндегі заң шығарушы орган (парламент).

?

1. Кітапхана неге Конгресс кітапханасы атанған?
2. АҚШ Президенттерінің кітапханаға ерекше қамқорлық танытуы неліктен деп ойлайсыңдар?



2. Қазіргі таңда әлемдік үштікке кіретін ірі кітапханалар туралы ізденіп, мәліметтер жинаңдар. Бір кітапхананың тарихын қысқаша баяндаңдар.



3. Үстеулерді қатыстырып, берілген деректерді қайта жазыңдар.

- Конгресс кітапханасындағы кітап сақталған сөрелердің ұзындығы – 850 шақырым.
- Кітапханадағы жалпы ресурс қоры 130 миллионнан астам.
- Конгресс кітапханасындағы басылымдар 470-тей өлі және тірі тілдерде берілген.
- Кітапханадағы құндылықтардың қолжазба қоры – 58 млн.
- Карталар мен атластар коллекциясы – 4,8 млн.
- Бірқатар оқырмандар диванда жатып, келесі тобы көгалда отырып кітап оқиды. Оларды оятуға не ескерту жасауға болмайды. Өйткені кітапхана оқырманға қашанда қолайлы жағдай жасауды міндет еткен.

(«Кітап патшалығы» журналынан)



Конгресте – Наурыз мерекесі

2010 жылғы 17 наурызда АҚШ-тағы Конгресс кітапханасында түркі халықтарының төл мерекесі – Наурыз мейрамына арналған дипломатиялық қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты шараны ұйымдастыруға Ұлыстың ұлы күнін атап өтетін елдердің Вашингтондағы елшіліктері атсалысты.

Осы шарада қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері жайлы материалдар қойылған стенд меймандар назарына ілікті. Мерекелік кеште еліміздің АҚШ-та білім алып жатқан бірқатар жастары өнер көрсетті.



4. Емле ережелеріне сүйеніп, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетіп, редакциялаңдар.

Кітап маған тақтан да қымбат деген Шекспир. Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол дейді Баус. Кітап сенің асыптаспайтын асыл досың. Кітаппен дос болған адам ой өрісі кең сөз мәдениеті жоғары саналы жанжақты болып тәрбиеленеді. Кітап әлемдегі құпиясы мол ұлы ғажайыптардың бірі дейді М.Горький. Кітаппен дос болған адам ғана оның құпиясын ашып, ғажабын танып біле алады.



5. Тақырып бойынша «Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісімен сұрақтар жазыңдар.

§9. Франция Ұлттық кітапханасы



1. Мәтінді оқып, тақырыбы мен мазмұнын, тілдік ерекшеліктерін талдап, стилін анықтаңдар.

Франция Ұлттық кітапханасы – Еуропадағы ең ежелгі кітапханалардың бірі. Қорының көлемі жағынан әлемнің алып кітапханалары қатарында. 1368 жылы негізі қаланған корольдік кітапхана патша сарайы – Луврда (XVII ғ. бастап мұражай) қызмет көрсете бастаған. Кітапхананың алғашқы қорында 1200 жазба болған. Париж кітапханасының негізін қалаған Карл V ғалымдардың кітапханада емін-еркін жұмыс жасауына жағдай туғызды.



Интендант – мемлекеттің басқару жүйесіндегі лауазымдық тұлға, басқарушы, меңгеруші.

1368–1369 жылдары кітапхана патшаның бұйрығы бойынша Лувр қорғанындағы Соколина мұнарасына көшірілді.

XVII ғасырда кітапхана Луврдан басқа ғимаратқа көшіріліп, кітапханаға оқырмандардың еркін кіруіне мүмкіндік беріледі. Кітапхана қоры 300 мың томға дейін жетті. Людовик XII кітапхананы Блуа қорғанына көшіріп, кітапхана қорын Орлеан герцогінің, ата-бабаларының жинағымен толықтырды, сондай-ақ италиян ақыны Петрарканың кітапханасынан да кітаптар алынды. Людовик XIV патшалық құрған кезеңде корольдік кітапханаға бірқатар маңызды кітаптар мен қолжазбалар сыйлыққа берілді. Кітапхананың негізгі жетекшілігі патшалық ғимараттың бас интенданты ретіндегі Кольбердің қолында болды.

Қазір Франция Ұлттық кітапханасы латынның «L» әрпі пішініндегі төртбұрышты мұнаралардан тұрады. Мұнаралар бір-біріне қарама-қарсы қарап, ашық тұрған кітапқа ұқсайды. Осы ашық кітаптар ішінде кітапхана залдары

орналасқан. Кітапхана жобасы – адамзаттың асыл ойы мен шығармашылығының айнасы.

(«Кітап патшалығы» журналынан)



1. Мәтінде аталған Лувр туралы не білесіңдер? Ізденіп көріңдер.
2. Кітапхананың алғаш Луврда ашылуы нені білдіреді?
3. Француз патшаларының кітапханаға жасаған қамқорлығын қалай түсінесіңдер?



2. «Инсерт» әдісімен оқылым мәтіні бойынша қорытынды жазыңдар.

| V (бұрыннан білемін) | + (жаңа ақпарат) | – (менің ойлағаным қайшы) | ? (білгім келеді) |
|----------------------|------------------|---------------------------|-------------------|
| | | | |



3. Франция кітапханасы туралы мәліметтермен кестені толықтырыңдар.

| | |
|------------------|--|
| Орналасқан орны | |
| Жинақ көлемі | |
| Оқырмандар саны | |
| Басқа да ақпарат | |
| Веб-сайт | |



4. Оқылым мәтіні негізінде «Үш қадамды сұхбат» стратегиясы бойынша 3 түрлі сұрақ, пікір айтып талқылаңдар.



5. Үстеулерді қатыстырып, өздеріңнің кітапханаға барған не қызық кітапты оқыған сәттегі көңіл күйлеріңді жазыңдар.

§10. Қытай Ұлттық кітапханасы




1. Мәтінді оқыңдар. Негізгі ақпараттарды анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Қытай Ұлттық кітапханасын Чиң әулетінің (1644–1911) соңғы императоры Пу И 1909 жылы қыркүйек айында құрды. Көлемі мен кітап қоры жөнінен «әлемдік үштікке» кіреді, АҚШ-тың Конгресс кітапханасы мен Франция Ұлттық

кітапханасынан кейінгі үшінші орынды алады. Жалпы көлемі 250 мың шаршы метр аумақты алып жатыр. Ал оқырмандар саны бойынша, бұл – әлемдегі ең үлкен кітапхана. Мұнда бір мезгілде сегіз мыңдай оқырманды қабылдап, оларға алты жүз мыңға жуық кітап ұсынылады.

2007 жылдың соңына дейін Қытай Ұлттық кітапханасында сақталған кітап қорының саны – 26 миллион 310 дана. Мұнда өте көне қолжазбалардың 270 мың нұсқасы сақталса, әдеттегі көне жазбалар 1 миллион 640 мың данаға жеткен. Әлем халықтарының 115 тілінде жазылған көне кітаптар кітапхананың жалпы қорының 50% -ын құрайды. Біріккен Ұлттар Ұйымы мен шетел үкіметі басылымдары да осы жерден табылады.



Кітапханада қазіргі заманға сай озық технология белсенді қолданылуда. Ұлттық кітапхана оқырмандары 10 мыңнан астам электронды кітаптың мазмұнын ұялы телефон не кабельді теледидар арқылы оқу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Қытай Ұлттық кітапханасының жаңа ғимаратында оқырмандар залы, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған залдар және мәжіліс залдары бар. Сондай-ақ дәмхана, музыкалық зал, кинотеатр және кітап дүкені тұрақты жұмыс істейді.

(Ерсін Нәсін)



2. «Болжау кестесіне» мәтін туралы болжам мен қорытынды пікір (2 сөйлемнен кем емес) жазыңдар.

| Мәтін бөлімдері | Қандай мәселе көтеріледі? (Не болады?) | Қандай мәселе көтерілді? (Не болды?) |
|-----------------|--|--------------------------------------|
| | | |



Қытайлар – әлемдегі ең оқымысты халық. Ғаламтор кітапханалар мен кітап дүкендерінің орнын баса алмайды. Қытай Ұлттық кітапханасының оқу залдарында қашанда құжынаған халық, жиын.



3. Үстеудің барлық түрін қатыстырып, әлемдегі ең үлкен үш кітапхана туралы 7–8 сөйлем жазыңдар.

4. Қытай кітапханасы туралы мәліметтермен кестені толықтырыңдар.

| | |
|------------------|--|
| Орналасқан орны | |
| Жинақ көлемі | |
| Оқырмандар саны | |
| Басқа да ақпарат | |
| Веб-сайт | |

5. «Семантикалық карта» әдісімен әлемдегі ең ірі үш кітапхана туралы білгендеріңді жинақтап, салыстырыңдар.

§11. Қазақстан кітапханалары

1. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы 1931 жылы 12 наурызда құрылған. 1931 жылдың 5 мамырынан оқырмандарға қызмет көрсете бастады. Кітапхананың алғашқы директоры – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов. Ол кітапхана қызметінің негізгі міндеті ретінде «Қазақстандағы барлық баспа басылымдарын жинақтау» туралы мәселе көтерді. Кітапхана осы уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін қазақ халқының және Қазақстан халықтарының жазба мәдениетін жинақтап, сақтаушы мемлекеттік ұлттық кітап қоймасы қызметін атқарып келеді. Кітапханаға 1991 жылдың 9 желтоқсанында «Ұлттық кітапхана» дәрежесі берілді. Жыл сайын 1 млн-нан астам оқырман келіп, 2 млн данаға жуық кітап оқылады. Оларға 1,5 мың орындық 14 оқу залы қызмет көрсетеді. ҚР Ұлттық кітапханасы халықаралық кеңістікте әлемдегі ірі кітапханалардың бірі ретінде танымал. Кітапхана ғимараты 1971 жылы арнайы жобамен салынған. Алматы қаласындағы отандық сәулет өнерінің озық үлгілерінің бірі ретінде



мемлекеттік маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



2. Құжаттармен танысып, ресми стильде жазылғанын дәлелдеңдер. Алғашқы мәтінмен (тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшеліктерін) салыстырыңдар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының құрылу тарихына байланысты қаулылар

Верный қалалық думасы

Л.Н. Толстой атындағы кітапхана-оқу залын ашу туралы

ШЕШІМ

«Ағарту саласы жанашырлары» қоғамының қаражатына Л.Н.Толстой атындағы кітапхана-оқу залы ашылсын.

31 желтоқсан 1910 жыл.

Қол қоюшы

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

Орталық Атқару Комитеті Президиумының

«Мемлекеттік көпшілік кітапханасын ашу» туралы

ҚАУЛЫСЫ

1. Л.Н.Толстой атындағы кітапхана-оқу залы Қазақ ССР-нің Мемлекеттік көпшілік кітапханасы болып қайта құрылсын.
2. Кітапханаға «Республикалық кітап қоймасы» мәртебесі берілсін.
3. Кітапхана директоры болып Ораз Жандосов тағайындалсын.

12 наурыз 1931 жыл.

Қол қоюшы



1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы қайда орналасқан?

2. Өздерің оқырман ретінде жазылған кітапхананың тарихын білесіңдер ме?



3. Жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып, кітапхананы жаңа кітаптармен толықтыру туралы қаулы жазыңдар.



4. Кітап оқуды әдетке айналдыруға бола ма? Ресми сөздер мен дайын тіркестерді орынды қолданып, сұхбаттасыңдар.



5. Үстеудің мағыналық түрлерін пайдаланып, кітапхананың адамзатқа пайдасы туралы жинақы мәтін жазыңдар.



6. Қазақстандағы кітапханалар тізімін жасап, атауы бойынша ол кітапхананың кімдерге арналғанын, қандай бағытта жұмыс істейтінін кестеге түсіріңдер.

| Атауы | Орналасқан жері | Жұмыс бағыты |
|---|-----------------|--------------------------------|
| ҚР Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасы | Алматы қаласы | Ғылыми қызметкерлерге арналған |
| | | |



7. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзетіп, редакциялаңдар.

Қазіргі таңда жан жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі мектеп кітапханасы. Біздің мектептің кітапханасы үлкен жарық. Мұнда әдеби және ғылыми қыруар кітап бар. Кітапханаға оқырмандар өте көп келеді. Олар осы заманға сай ақпарат құралдарын кеңінен қолдана алады.

Оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие беру қазіргі мектеп кітапханасының ең маңызды міндеттерінің бірі.



8. Жоғарыдағы жазылым мәтінінен үстеулерді тауып, мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңдар.



9. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Өз өңіріңдегі кітапханада өткен іс-шараның бірі жөнінде шағын мақала (сөз саны – 70) жазыңдар.

2. Кітап туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жазып келіңдер. Авторына сілтеме жасаңдар.

§1. Ғылым және білім

1. Мәтіндерді оқып, салыстырыңдар, қолданылған тілдік құралдары арқылы стилін, жанрын анықтаңдар.

I

Ғылым дегеніміз – табиғат пен қоршаған ортаның құпияларын білу мен игеруге бағытталған адамның саналы әрекетінің жемісі. Ғылымның негізгі мақсаты – ақиқатқа жету.

Ғылым ежелгі заманда Қытайда, Үндістанда, Грекияда пайда болды. Ұзақ уақыт бойы ғылым баяу дамыды. Тек XVI–XVII ғасырлардан бастап Батыс Еуропада ғылым қуатты күшке айналып, индустриялы қоғамның құрылуы мен дамуына септігін тигізді. Содан бері ғылым іс-тәжірибемен тығыз байланыста, қоғамның тікелей өндіргіш күшіне айналды.

(«Қазақстан» энциклопедиясынан)

II

Шынында да, ғылым деген не? «Жұрт білімді ғылыммен жиі шатастырады. Бұл – тұрпайы түсінбестік. Ғылым тек білім ғана емес, бұл сонымен қатар сана, яғни білімді пайдалана білушілік», – дейді В.О.Ключевский. Ендеше, ғылымға бару үшін, алдымен, білім жинай білу керек. Өткен дәуірлердің сырын жан-жақты, терең білмей, білім жоқ. Онда бүгінгінің көп сырлары мен қырлары өз жұмбағын ашпақ емес. Соларды санамен жүйелеп, кілтін тауып пайдалана білу – ғылымға апарар бірден-бір адастырмас дұрыс жол.

(Мырзабек Дүйсенов)

III

Білім ал!

Біле алмаса тылсым сырын ғаламның,

Хайуаннан несі артық адамның?

Не нәрсенің табу үшін лажын,

Алдыменен, оқып білген лазым.
 Әлем түні Күнмен ғана түрілген,
 Адам жаны жарық алар ілімнен!
 Білімсіз жан аттай алмас бір адым,
 Ата-ананың ақтай алмас мұратын.
 Шыңыраудай шындық сырын кім ұғар?
 Ұғу үшін ілім ізде, білім ал!

(Хамза Хакимзада)



1. Ғылым деген не? Оның білімнен қандай артықшылығы бар?
2. «Білімсіз жан аттай алмас бір адым» деген пікірмен келісесіңдер ме?



Тыныс белгілері – айтайын деген ойды жазуда нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді айқын білдіру мақсатында интонациялық, мағыналық, грамматикалық ұстанымға сай қолданылатын шартты белгілер.

Тыныс белгілерін дұрыс қоюда, алдымен, **интонациялық** ұстанымға сүйенеміз. Сөзіміз екінші біреулерге түсінікті, құлаққа жағымды болу үшін сөздерді мәнеріне келтіре қолданып, тиісті әуенмен айтамыз. Жазғанымыз түсінікті болу үшін тиісті тыныс белгілерін дұрыс қою қажет. Интонация ауызекі тілдің құралы болса, пунктуация – жазу тілінің құралы.

Мысалы:

1. *Жеңіл сөз желге ұшқан тозаңдай жоқ болады.*
2. – *Жоғары өтпейсіз бе?*
 – **Жоқ! Болады** (осы жер).

Қою қаріппен жазылған сөздердің айтылуына мән берсеңдер, тыныс белгілерінің мағына ажырату қызметіне көз жеткізуге болады.



2. Мәтіндердегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер. Әр түріне үш мысалдан жазыңдар.



3. Мәтіндердегі негізгі ақпаратты түсіндіріп, «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар. Жұпта бір-біріңмен талқылаңдар.

| Дәйексөз (цитата) | Түсіндірме (комментарий) |
|---|--------------------------|
| ҒЫЛЫМ – адамның саналы әрекетінің жемісі. | |
| | |



4. Ғылым мен білімнің ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы көрсетіңдер.



5. Мақал-мәтелдерді толықтырып, тыныс белгісін қойып жазыңдар, мағынасын түсіндіріңдер.

- Оқусыз ... жоқ
- Білімсіз ... жоқ
- Оқу ... құдық қазғандай
- Ғалыммен жақын болсаң ... жетер
- Залыммен жақын болсаң ... кетер
- Ақыл азбайды ... тозбайды
- Күш ... де
- ... – теңіз, ... – қайық



6. Төмендегі мәтін сөйлемдерін ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

Кітаптар тарихы адамзат пайда болғаннан басталады ең алғаш тасқа қашалып жазыла бастаса екі мың жыл өткеннен кейін қағазға басылып адам санасының өскенін дамығандығын дәлелдей түсті әлемде кітап көп санына жету қиын болар сірә дегенмен әлемге аты әйгілі Google Books ұжымы 2010 жылы әлемдегі кітаптар санын анықтамаққа бел буыпты Google Books ұйымының бағдарламашыларының блогінде жарияланған ақпаратқа сенсек әлемде 129 864 880 кітап бар екен.

§2. «Ғылым таппай мақтанба»



1. Өлеңді оқып, көркем сөйлеудің стильдік ерекшелігін анықтаңдар.

Арман мен ақыл

– Шіркін-ай, күйші болсам,
Бал тамған бармағынан!
– Шіркін-ай, биші болсам,
Шығып бір арманымнан!
– Шіркін-ай, әнші болсам,
Кәдімгі күміс таңдай!

– Шіркін-ай, батыр болсам,
Айбаты арыстандай!
– Шіркін-ай, ғалым болсам,
Тілдескен даналықпен!
Әлемге мәлім болсам,
Ашқан көп жаңалықпен!

Көзіңнен күлімдеген
Бір ұшқын сезіп пе ең сен!
Алдымен, «білім» деген –
Бәйгеден озып келсең.
Актердің, ақынның да
Жанына ғылым – қорек.

Бүгінде батырдың да
Өзіне білім керек.
Оқудың озатына
Арман да таяу болар.
Білімнің боз атына
Мінбеген жаяу қалар.
(Қадыр Мырза Әлі)



1. Сендер кім болуды армандайсыңдар? Ол армандарыңа білімсіз жете аласыңдар ма?
2. «Білімнің боз аты» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Ақынның «барлық адамға білім керек» деген сөзіне қосыласыңдар ма?



Тіліміздегі тыныс белгілері сан жағынан онша көп емес, бірақ мағыналары, қолданылатын орындары жағынан алуан түрлі. Қолданылу орнына қарай тыныс белгілері екіге бөлінеді:

1. Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері: (нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...));
2. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері: (үтір (,), нүктелі үтір (;), қос нүкте (:), тырнақша (« »), сызықша (–), үтірлі сызықша (,–)).

Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері даралаушы қызмет атқарса, сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері ажыратушы, ерекшелеуші қызмет атқарады.



2. Сөйлем соңында даралаушы тыныс белгілері дұрыс қойылған ба?

Компьютер, ұялы телефон, ғаламтор желісі деп, бүгінде «ұстазымызды» ұмытып барамыз! Том-том кітап құшақтап, кітапханаға жиі баратын адамдарды сирек кездестіреміз қазір? Бұрынғыдай мерекелерде үлкен мәртебемен бір-бірімізге кітап сыйламаймыз да. Тіпті кітап мазмұнына мән бермей, оны сәнді безендірмей, қалай болса солай шығарып, қадірін түсіріп жатамыз. Содан оны кім оқиды... Ал әдемі безендірілген, өзіңді еріксіз қызықтыратын көркем шығарманың бағасы сәл қымбаттау болса, ақшаны сылтауратып, алуға қимай кете барамыз! Өмірдің бұралаң ағысына,

заманның бұрынғыдан өзгеруіне байланысты ғой бәрі? Түсінемін. Не десек те, нағыз жанашырымыз, ұстазымыз, досымызды жоғалтып алмайық. Қайта оның жандануына, өз қуатына еніп, тез таралуына қол ұшын беріп, онымен достасуға шақырайық? Болашақ ұрпаққа аманат етейік, достар.

(yvision.kz)



3. Ғаламтор желісінен Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін тыңдап, ақын өсиетін өз сөздеріңмен баяндаңдар.



4. Өлеңдерді пайдалана отырып, «Ғылым не үшін керек?» деген тақырыпта пікір жазыңдар, сұхбаттасыңдар.



5. Төмендегі мәтіндегі сөйлемдерді ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

Адамзат баласы өз дамуының ұзақ жолында жеміс-жидек теріп аң аулап егін егіп мал өсірудің металл қорытудың сырларын ашты сөйте жүріп өмірлік мол тәжірибе жинақтады әр алуан еңбек құралдарын қару жарақтарын жасады осы тіршілік қамы адамға болмыс туралы ойлауға ойлануға мүмкіндік берді

Дүлей табиғат адамдардың әр құбылыстың киесі бар деген сенімін тудырды

Кие деген не деп сұрады Алмаш

Ол алғашқы қауым адамдарының сол кездегі ақыл-ой, санасының жемісі

(Мырзабек Дүйсенов)



6. Техникалық құралдар мен ғаламтор ұстазды алмастыра ала ма? Өз ойларыңды «Дербес пікір жазу» тәсілімен талдаңдар.

| | | |
|---|--|--|
| 1 | Өзіндік пікір (1 сөйлем) | |
| 2 | Дәлел (2 сөйлем) | |
| 3 | Өз пікірін айғақтайтын мысал (2 сөйлем) | |
| 4 | Өз пікіріне қарсы дәлел (1 сөйлем) | |
| 5 | Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал (1 сөйлем) | |
| 6 | Қорытынды (2 сөйлем) | |

§3. Ғылым мен таным



1. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар.

Ғылым – ақиқатты білу әдісі, адамның білім алуын жүйелеу және тексеру бағытындағы қызметінің түрі. Негізгі мақсаты – ақиқатқа жету; табиғат, қоғам, ойлау заңдылықтарын ашу.

Ал таным дегеніміз не? Ақыл-парасат, сана-сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі – өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ұмтылысы. Адам айналасындағы дүниені, әлемді танып-білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды. Өзінің орнын, басқа адамдармен қарым-қатынасын белгілейді. Таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, оның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше, танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады.

(malimetter.kz)



1. Ғылым мен танымның адам өміріндегі рөлі қандай?
2. «Таным – адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы» дегенді қалай түсінесіңдер?



2. «РАФТ» стратегиясы бойынша танымал ғалымға хат жазыңдар.

| | |
|---------------|--|
| Рөл | |
| Аудитория | |
| Форма (пішін) | |
| Тақырып | |



3. Төмендегі мәтіндегі сөйлемдерді ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

Мені кішкентай кезімнен оқытқан, әріпті, санауды үйреткен әкем ол ауған соғысының ардагері еді жұмысқа жарамсыз болғандықтан көп жыл төсек тартып үйде жатты бар уақытын маған арнады өйткені менің алдымдағы бауырларым есейіп кеткен болатын бес-алты жасымнан «физик боламын», «ғалым боламын» деген мақсатпен емес, тек «оқу керек,

оқығанда да беспен оқу керек» деген ой болды өсе келе «Не үшін оқу керек?» «Не үшін жақсы оқу керек?» деген сауалдарға жауап іздей бастадым.

(*el.kz*)



4. Өздерің білетін бір ғалымнан ғылымға қалай келгені туралы сұхбат алыңдар (немесе ғаламтордағы сұхбаттардың бірін жазып алыңдар). Ғалымның айтқан ақыл-кеңестері негізінде нұсқаулық жазыңдар.

§4. Ғылыми ізденіс



1. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Ғылыми ізденіс дегеніміз – шығармашылық үдерістің барып тұрған биігі, шыңы. Олай болса, бұл жолда қызмет істеудің өзі де қызғылықты нәрсе, өйткені шын шығарма – адамның ойына қанат бітіріп, бойына қызу беретін нәрсе. Демек, ғылыми ізденіс дегеніміздің өзі, шын мәнісінде, табиғаттың әлі ашылмай, тұңғығында жатқан ақиқатын, сырын іздеп табу болып табылды. Ал ақиқатты іздеп табу үшін, сол ақиқатты іздеуші ғалымның өзі мейлінше адал, ақиқатшыл болуға тиісті. Ондай адам, ең алдымен, өз қара басының алдында адал болуы керек.

Ғалым қашанда адалдықпен ғана өзінің жарқын жетістіктеріне жете алады. Ғылымға адалдық, ғалымның өз басының адалдығы – қазіргі таңда да аса қажет құндылық. Ғылыми ақиқат үшін Джордано Бруно, Галилео Галилей мен Николай Коперниктер қандай азапты тағдыр кешті... «Білім инемен құдық қазғандай» деген халық даналығының астарында ғылым жолының ауырлығын меңзеп отырғанын ұғыну қиын емес. Олай болса, жас ғалым, Абайша айтқанда, «неге ғашық, неден қашық» болуы керек. Көкейкесті мәселе осыдан өрбиді.

(*Ебіней Бөкетов*)



1. Ғылыми ізденіске не түрткі болады деп ойлайсыңдар? Ғылымның мақсаты не?
2. Ғылым жолында азап көрген тағы қандай ғалымдарды білесіңдер?
3. Ғалым не себепті адал болуы тиіс?



2. Ғұлама ғалым әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген пікірімен келісесіңдер ме? Өз ойларыңды «ПОПС» формуласымен дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ... »

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны былай түсіндіремін ... »

Үшінші сөйлем. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »

Төртінші сөйлем. «Қорыта келгенде, ...»



Нүкте – жазуда аяқталған ойды білдіретін шартты белгі. Нүкте дұрыс қойылмайтын болса, сөйлем түсініксіз болып шығады не нүктенің қойылмауынан екінші бір мағына туындауы мүмкін.

Нүкте мынадай орындарда қойылады:

1. Нүкте аяқталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемнен соң қойылады. Мысалы: *Бүгін жаңбыр жауды.*
2. Басқы әріптерінен қысқарған кісі аттарынан соң нүкте қойылады. Мысалы: *А.Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны.*
3. Пьесаларда әрбір кейіпкердің аты-жөнінен соң нүкте қойылады. Мысалы: *Қасым. Әкел бері!*
4. Цифрлар арқылы таңбаланатын санамалы нөмірлерден кейін нүкте қойылады (осы мәтінге қараңыз).
5. *Тағысын тағы (т.т.), тағы сол сияқты (т.с.с.), тағы басқа (т.б.)* деген сөздер қысқартылып жазылғанда, олардан соң нүкте қойылады. Мысалы: *Киім, ыдыс-аяқ т.с.с. керек-жарақтарымызды алдық.*
6. Екпінсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерден соң нүкте қойылады. Мысалы: *Сәредегі кітапты әперші.*



3. Өлеңдерді көшіріп жазып, тыныс белгілерін қойыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

Оқу білім жанған шырақ ойласаң

Үйренерсің іздеп көрсең қоймасаң

Қу өнерді бу беліңді жігер сал

Пайда аларсың қаужанарсың тоймасаң

(Жүсіпбек Аймауытов)

Оқыса бала деген сұңқар болар

Жүзден жүйрік мыңнан да тұлпар болар

Қиыр ұшып қиыннан тоят тілеп
Көрінген жан құрметтер іңкәр болар
(Нарманбет Орманбетұлы)

Мысалы дүние теңіз ғылым кеме
Кемесіз терең суға түсем деме
Толқыны тауға ұқсаған мына заман
Сезе ме мұны даңғой жаһил неме

Жаһил – надан, білімсіз.

(Әріп Тәңірбергенов)



4. Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар. Тыныс белгілерінің қойылуына мән беріңдер.

1. Қандай ғылым салаларын білесіңдер?
2. Жаратылыстану ғылымдарына қай ғылым салалары жатады? Гуманитарлық ғылымдарға ше?
3. Ғылымның қай саласына (жаратылыстану, гуманитарлық) бейімің бар?



5. Джордано Бруно, Галилео Галилей, Николай Коперник туралы мәліметтер қарастырып, хабарлама жасаңдар.

§5. Технологиялар: бүгін және ертең



1. Мәтінді оқып, тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

Ғылым мен технологиялар біздің өмірімізді механизмдерге, құрылғыларға және аспаптарға толтырды. Бар-жоғы бірнеше онжылдық бұрын CD-плеерлер, спутниктік теледидар, ойын қосымшалары болмады дегенге сену қиын. Техникалық прогресс керемет жылдамдықпен алға жылжуда, неғұрлым жетілдірілген және тиімді техникалар пайда болуда.

Технологиялар қолданыстағы нұсқаларды ескіртіп, жиі жаңарады. Мысалы, 50 жылдан астам уақыт музыкалық жазбаларды ойнату үшін винильді дискілер пайдаланылды. Магнитті таспалар бірнеше жыл қолданылды. Осыдан 30 жыл бұрын эстафетаны компакт-дискілер қабылдап алды. Дыбысты электронды микрочиптерге сақтайтын МРЗ-плеерлердің пайда болғанына 20 жылдай уақыт болды.

Электроника – ғылымның өте тез дамып келе жатқан салаларының бірі, ал электронды чиптер барған сайын кішірейіп, тез және өндіргіш бола бастады. Технологиялар әлемі тез және неғұрлым тиімді механизмдерді жасауды жалғастыруда.

(«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан)



1. Өміріміздің механизмдерге, құрылғыларға және аспаптарға толуы туралы не ойлайсыңдар?
2. Адам істейтін жұмыстың бәрін техникалық құралдардың атқаруы неге әкеп соғуы мүмкін?
3. Елу жылдан кейінгі өмірді қалай елестетесіңдер?



Сұрақ белгісі жауап алу мақсатында қойылады. Сұрақ белгісі мынадай жолдармен жасалған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады:

1. *Ма, ме, ба, бе, па, пе, ша, ше* сұраулық шылауларының қатысуы арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден соң сұрақ белгісі қойылады: *Астанаға барасың ба?*
2. Сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады: *Кім келді? Қашан келді?*
3. *Болар, шығар* көмекші етістіктерінің қатысуы арқылы жасалған сөйлемдерден соң қойылады: *Сен де баратын шығарсың?*
4. *Ғой* шылауы мен *ә* одағайының тіркесуі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады: *Әкеміз келсе ғой, ә?*
5. Сұрау интонациясымен айтылған хабарлы сөйлемдерден соң қойылады: *– Маған бұл қиын. – Қиын? Мүмкін емес.*
6. Құрамында бірнеше сөйлемі бар құрмалас сөйлемнің соңғы жай сөйлемі сұраулы болса, сөйлемнің соңына сұрақ белгісі қойылады: *Қас қарайды, жолаушылар кешікті, не болды екен?*



2. Оқылым мәтіні бойынша сұрақ белгісінің 6 ережесіне сәйкес 6 сұрақ жазыңдар. Сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.



3. Мәтіндегі «техника», «технология», «электроника» сөздеріне түсіндірме сөздіктердің көмегімен анықтама беріңдер. Технология жетістіктерінің бірінің дамуы туралы ақпарат жинаңдар. Оны жасаған адамның өмірбаянын жазыңдар.



Дүниедегі алғашқылар

- Алғашқы рентгенді 1895 жылы Вильгельм Рентген тапты.
- Алғашқы компьютерді 1895 жылы Чарльз Бэбидж ойлап тапты, Дижитал компьютерді 1944 жылы Гарвард университеті, ал дербес компьютерді (PC) 1981 жылы «IBM» компаниясы құрастырды.
- Алғашқы теледидарды 1926 жылы Джон Логи Бэрд жасады.
- Алғашқы телефонды 1876 жылы Александр Грэм Белл жасап, ұсынды.

(balalaralemi.kz)



4. Жоғарыдағы мәліметтерді толықтырып, жаңа деректер қосыңдар.

| Өнертабыс | Ашылған жылы | Негізін қалаушы |
|-----------|--------------|-----------------|
| | | |



5. «Информатика» оқулығына сүйеніп, сандық компьютерлердің даму кезеңдерін 7–8 сөйлеммен сипаттаңдар. Тыныс белгілерін дұрыс қойыңдар.

§6. Жаңа технологиялар



1. Мәтіндерді оқып, жаңа технологиялар туралы ой бөлісіңдер.

Технология жаңалықтары

I

Қала экологиясын жақсарту мақсатында автокөлік орнына велосипедтерді пайдалану Франция, Нидерланд сияқты елдерде кеңінен таралған. Бангкоктік «Lightfog Creative and Design» компаниясының жобалаған ауа тазартқыш Red Dot велосипеді «Жоба» сыйлығын жеңіп алды. Бұл велосипед ауаны ластануымен қоса ауаны тазартатын көлік болып табылады.

II

Ең әуелі LCD («Liquid crystal display» – кристалды бейнебет) теледидарлар шықты. Одан кейін LED («Light-emitting diode» – жарық диоды) және OLED («Organic Light-Emitting Diode» – органикалық жарық диоды), қазіргі кезде 3D (3-dimensional – стереобейнелі) теледидарлары шықты.

Ендігі кезек – голографиялық теледидарлар болмақ. Бүгінге дейін тек ғылыми-фантастикалық фильмдерде ғана көріп жүрген бұл технология жуық арада кең түрде таралмақ.

III

Ерекше түрдегі ойлап табылған телефонның арқасында мылқау мен керең адамдар да телефонмен хабарласа алады. «Фокус» журналының жаңа санында жарияланған хабарламаға қарағанда, хабарласулар ишарат тілімен атқарылмақ. Телефонға орнатылған камера қолдың іс-қимылдарын түсіріп алып, ерекше бір жазумен бұларды сөйлесу түріне аударады. (www.balalaralemi.kz)



1. Технологиялардың дамуын тұрмыста кездесетін қандай заттардан көруге болады? Мысал келтіріңдер.
2. Қалай ойлайсыңдар, жаңа технологиялар адам өмірін жеңілдетуге қызмет ете ме?



2. Оқылым мәтініндегі негізгі мәліметтерді үлгі бойынша кестеге түсіріңдер.

| Атауы | Сипаттамасы | Ұқсас технологиялар | Олардан артықшылығы |
|--------------------|--------------|---------------------|------------------------|
| Red Dot велосипеді | ауатазартқыш | қарапайым велосипед | экологиялық тиімділігі |



| Леп белгісі айрықша эмоциямен айтылатын сөйлемдерден соң қойылады. | |
|---|---|
| Леп белгісінің қойылатын орындары | Мысалдар |
| Ерекше эмоциялы хабарлы сөйлемнен соң | – Мына кітапхана керемет екен! |
| Ерекше эмоциялы сұраулы сөйлемнен соң | – Тоқан-ай, естідің бе сен! (М.Айымбетов) |
| Ерекше эмоциялы бұйрықты сөйлемнен соң | Жат жерде көргеніңе бола өршеленбе, қайта тәубеңе кел! (Ә.Кекілбаев) |
| Ұран, үндеу мәнді сөйлемдерден соң | Ұлттық құндылықтарымызға қиянат жасамайық! (К.Әбішев) |
| Ерекше эмоциямен айтылған одағай сөздерден немесе одағайлы, қыстырмалы сөйлемдерден соң | – Уа, әділетті ханым-ай! – Бесе, бәйге біздің жігіттікі ғой! (І. Есенберлин) |

Леп белгісі айрықша эмоциямен айтылатын сөйлемдерден соң қойылады.

| Леп белгісінің қойылатын орындары | Мысалдар |
|---|---|
| Ерекше эмоциямен айтылған қаратпа сөздер мен сөйлемдерден соң | – Ассалаумағалейкүм, ағасы! – деп қолын ұсынып сәлемдесті. – Әлейкүмассалам! Жол болсын, жігітім! – деді Жұмағали оның қолын алып... |



3. Ғаламтор көздерінен жаңа технология жаңалықтары туралы материалды көріп, ондағы негізгі ақпараттарды жазыңдар. Алдыңғы деректермен салыстырыңдар.



4. Технология жаңалықтары туралы 10 лепті сөйлем құрастырыңдар.

Үлгі: Велосипедтің ауаны тазартатыны қандай жақсы!



5. Үй жағдайында қолданылатын технология жетістіктері туралы ақпарат жазыңдар.

§7. Бүкіләлемдік көрмелер тарихынан



1. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар.

Бүкіләлемдік көрмелер тарихы

Бүкіләлемдік көрмелер тарихы 1851 жылы Лондонда өткізілген «Барлық халықтардың өндірістік жұмыстарының ұлы көрмесінен» басталды. 1928 жылы 22 қарашада Парижде көрме қызметін реттеу мақсатында Халықаралық көрме бюросы (ХКБ, оған 166 ел мүше) құрылды.

1851 жылы Лондонда көрмені өткізу үшін Хрусталь сарайы салынды. 1855 жылдан бастап халықаралық көрме қалашықтары салына бастады. 1893 жылғы Чикагодағы «Ақ қала» – осындай қалалардың алғашқы қарлығашы.

Бүкіләлемдік көрмелерде ұсынылған өнерлер арасында маңызды орын сәулетке берілді. Көрмені қабылдаған қалалар бірегей ғимараттар салуға тырысты: Брюссельдегі Атомиум,

Барселонадағы Монжуич Ұлттық сарайы, Париждегі Эйфель мұнарасы...

Инновация – жаңашылдық.
Концепция – тұжырым.

1960 жылдардан бастап жаңа технологиялар дәуірі басталды.

1962 жылғы Сиэтлдегі Бүкіләлемдік көрменің тақырыбы – «Ғарыш дәуіріндегі адам». 1967 жылғы Канаданың Монреаль қаласындағы павильонда көрермендерге ғарыш кемелері ұсынылды.

Жетпісінші жылдары жаңа технологиялар қарыштап дамыды: микропроцессорлар, компьютерлер, Интернет байланысы, көлік түрлері түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жаһандану үрдісі бүкіл адамзатты қамтыды.

«EXPO-1985» Бүкіләлемдік көрмесі жапондық Цукуба қаласында өтті. Көрменің тақырыбы – «Адам тұрмысын жақсарту үшін ғылым мен технологияларды дамыту». Көрме техникалық және технологиялық жетістіктерді көрсетуге арналған ашық халықаралық алаңға айналды.

(bnews.kz)



1. Бүкіләлемдік көрме өткізу не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
2. Осындай көрмелер нәтижесінде қандай технологиялар өмірімізге енді?



2. Оқылым мәтіні бойынша көрмелердің негізгі бағыттарын кластерге түсіріңдер, қосымша ғаламтор дереккөздерін пайдаланыңдар.



EXPO (ЭКСПО) сөзі ағылшынның Exposition (көрме) сөзінен қысқартылып алынған, өзінің аты айтып тұрғандай, «экспонат» деген сөзден шыққан. Қазақшаласақ, жәдігер болады, яғни ол – жер жүзін мекендеген барша халықтардың өмірдің түрлі саласында қол жеткізген жетістіктерін, жәдігерлерін көрсететін алаң. Онда ЭКСПО-ның кезекті таңдаған тақырыбына орай жұрттың бұрын-соңды жеткен жетістіктері көпшілік назарына ұсынылады.

Мысалы, 1862 жылы Лондонда болған ЭКСПО-да жұрт алғашқы тігін машинасымен танысқан. 1876 және 1893 жылдардағы Филадельфия мен Чикаго (АҚШ) ЭКСПО-сында жұрт назарына тұңғыш телефон аппараты және алғашқы электр қуатымен жарықтандыру жүйесі ұсынылған. Ал енді

бүгінде әлем жұртшылығы қолданып жүрген «телевидение» деген сөзді қолданысқа 1900 жылы Париждегі көрме кезінде орыс инженері Константин Перский ендірген екен.

- 3. Мектепте «Өнертапқыш-2019» байқау-көрмесі өтетіні туралы хабарландыру жазыңдар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.
- 4. Ресми сөздер мен дайын тіркестерді, терминдерді орынды қолданып, «Бүкіләлемдік көрмелердің адамзат тарихындағы рөлі қандай?» деген тақырыпқа сұхбаттасыңдар.
- 5. Ғылым мен техника жетістіктерін тарату мен оларды ел игілігіне жұмсаудағы ЭЖСПО көрмесінің рөлі туралы «Дербес пікір жазу» тәсілімен жазып шығыңдар.

| | | |
|---|--|--|
| 1 | Өзіндік пікір (1 сөйлем) | |
| 2 | Дәлел (2 сөйлем) | |
| 3 | Өз пікірін айғақтайтын мысал (2 сөйлем) | |
| 4 | Өз пікіріне қарсы дәлел (1 сөйлем) | |
| 5 | Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал (1 сөйлем) | |
| 6 | Қорытынды (2 сөйлем) | |

§8. Болашақ технологиялары

- 1. Мәтіндерді оқыңдар. Екі топқа бөлініп, мәтінде көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Аспан пойызы

Қытайдың Циндао қаласында «Аспан пойызы» деген атауға ие болған ең жылдам әуе пойызы сынақтан өткізіле бастады. Инженерлердің сөзінше, кішкентай рельсті жолда тұрақты магниттермен жабдықталған электр қозғалтқыштардың жаңа технологиясы қолданылады. Олар өзге көлік түрлеріне қарағанда ерекше: қуаттылығы жоғары, шағын көлемді, шудың деңгейі төмен және салмағы жеңіл.



Пойыз кіші рельспен жерден 5–10 метр биіктікте жүреді. Оның құрамы 5 вагоннан тұрады және 510 жолаушыны сыйғыза алады. Орташа жылдамдығы – сағатына 70 шақырым.

(stan.kz)

Ұшатын автокөлік

Американың «Terrafugia» компаниясы әлемде бірінші болып ұшатын автокөлік жасап шығарды. Автокөлікті аспанға алып шығатын TF-X қондырғысы өзінің алғашқы аэродинамикалық сынағын бастап кетті.



Өндіріс орны жаңа көліктің 2018 жылы жаппай шығарыла бастайтынына сенімді болып отыр. Құрастырушылардың айтуынша, көліктің 300 аттың күшіне тең екі жылжымалы қанаты бар. Солардың көмегімен TF-X сағатына 322 шақырымдық жылдамдықпен ұша алады. Ұшу кезінде машинаны автопилот басқарады. Жүргізушісі компьютерге тек баратын жерді айтса, жетіп жатыр. Ұшатын автокөлік жолаушыны қонатын нүктеге барынша қысқа жолмен өзі алып барады.

(stan.kz)

Көп нүкте – мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгісі. Белгілі бір себептермен ойдың аяқталмай қалғандығын немесе айтылмақшы пікірдің толық айтылмағандығын білдіру үшін қойылады.

| Көп нүктенің қойылатын орындары | Мысалдар |
|--|---|
| Ой аяқталмағанда немесе бір ой келесі оймен байланысқа түспей шашыраңқы айтылғанда | – Төре... Тақсыр... (Ж.Аймауытов) |
| Дәйексөз не өзге де мысалдар қысқартылып алынғанын білдіру үшін | Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... (А.Жұбанов) |
| Сөйлеушінің көңіл күйіне байланысты қысылып, ойы бөлініп, дауыс ырғағында үзіліс болғанда (булығып сөйлей алмау, ой бөлініп кету, сөйлеушінің сөзін аяқтатпай бөліп жіберу т.б.) | – Бәрі де аман... бәрі де орынша... рақмет... (М.Қожахметова) |



| Көп нүктенің қойылатын орындары | Мысалдар |
|--|--|
| Сөйлеуші сөйлеп келе жатып айтайын деген сөзі есіне түспей, ұмытып қалса, соны кенеттен еске түсіргенде | – <i>Өткен жұмада біздің үйге дәрігер келіп еді ғой, әкесінің аты... емес пе? (Х.Ерғалиев)</i> |
| Санамалап айтылып жататын бірыңғай мүшелердің барлығын айта бермей, олардың кейбіреуін айтып жатудың артық екендігін білдіру үшін | <i>Қызылорда өңірінде арпа, күріш, тары... өсіріледі. (С.Мұқанов)</i> |
| Сөйлеуші қолданған анайы, тұрпайы сөздің орнына | <i>Әйтпесе мен мына-ның ... танытатын едім. (І.Есенберлин)</i> |
| Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі, көп нүкте) мәтіндегі сөйлемді бөліп көрсетіп, сөйлем шекарасын белгілейді. Жазылғанды дұрыс түсінуге көмектесіп, сөйлемді тиісті интонациямен оқуға және қабылдауға ықпал етеді. | |

2. Ресми сөздер мен дайын тіркестерді, терминдерді орынды қолданып, оқылым мәтініндегі жаңалықтар туралы үш қадамды сұхбат жүргізіндер.
3. Көркем шығармалардан көп нүктенің қойылатын орындарына байланысты мысалдар табыңдар. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер.
4. Сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қойып, келесі сөйлемді бас әріппен жазыңдар.

XXI ғасырды «Технологиялардың даму заманы» деп айтсақ болады робот, ақылды үй, ұялы телефон, сымсыз құлаққап, смартфон мен ноутбуктар жылдан жылға жаңарып, жетілуде келешекте бұл техника құралдарының одан да жетіле түсетіні – түсінікті нәрсе болашақта роботтардың көбеюі, транспорттың өзі жүруі мүмкін сонда адам еңбегі керексіз болып қалады сондықтан қоғам талабына сай адамдардың ой-өресі мен зияткерлігі болуы тиіс.

(www.elzhastary.kz)



5. «Менің арманымдағы көлік» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

§9. IT көшбасшылары

1. Мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

I

Билл Гейтс – АҚШ кәсіпкері әрі қоғам қайраткері, бағдарламалық қамтамасыз ету саласының әлемдік көшбасшысы болып табылатын «Microsoft Corporation» компаниясының негізін қалаушысы. Билл мен Мелинда Гейтстер – қайырымдылық қорының төрағалары.

Билл Гейтс – «Forbes» журналы бойынша әлемдегі екінші бай адам. Оның байлығының ең биік шыңы 120 млрд долларға дейін жеткен. Microsoft жүйелері әлемде пайдаланылатын компьютерлердің 93% -ында орнатылған.



II

Стивен Пол Джобс – американдық өнертапқыш және кәсіпкер. «Apple» корпорациясының негізін қалаушы. Аталған компания электронды нарыққа iPod музыка ойнатқышын шығарды. 2007 жылдан iPod-тың барлық мүмкіндіктерімен телефон функциясы біріктіріліп, сенсорлы қалта телефоны – iPhone жарыққа шықты. Мұндағы мобильді браузер моделі мобильді Интернет әлемінде нағыз төңкеріс жасады. 2010 жылы 27 қаңтарда Сан-Францискода Джобс iPad Интернет планшетін таныстырды. Ал 2011 жылы 2 наурызда iPad-2 ұсынылды. Стив Джобс – әлемдегі тамаша табысқа жеткен IT-индустриясының данышпаны.



(massaget.kz)



1. IT дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Компьютерсіз қазіргі қоғамды елестету мүмкін бе?
3. Басқа қандай IT көшбасшыларын білесіңдер?



2. Оқылым мәтіндерін және басқа да ғаламтор деректерін пайланып, «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар. Жұпта бір-бірінмен талқылаңдар.

| Компания атауы | Өнімдері |
|----------------|----------|
| | |



3. Аталған кісілердің бірімен кездессеңдер, не жайлы сұрар едіңдер? Жұптасып сұхбаттасыңдар.



4. IT көшбасшысымен диалогті жазыңдар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



5. Сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойларыңды таратып жазыңдар.

1. Болашақта қандай жаңалық ойлап табуды армандайсыңдар?
2. Сендер ойлап тапқан жаңалықтың атауы қай тілде болады?
3. Ғылым мен бизнесті ұштастырудың маңызы қандай?

§10. «ЭКСПО-2017» Астанада



1. ЭКСПО жаңалығын оқи отырып, әр елдің көрмеге ұсынған жаңа технологиялары жайлы ой бөлісіңдер.

«ЭКСПО-2017» күнделігінен

«ЭКСПО-2017» көрмесіндегі Малайзия павильонында күннен қуат алып, энергия үнемдейтін қала шамдарын көре аласыз. Ол «Q-RAY LED Streets» деп аталады.

«Бұл – көше шамдары. Ол энергияны 50% -ға үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ көше шамы жарықты 30% -ға артық бөледі. Шамның қуаттылығы – 150, 250, 400, ал

кішкентайы – 70 ватт. Энергия үнемдегіш шамдар энергияны күн панельдері орнатылған электр стансысынан алады. Ал электр стансысы көше шамдарына жақын аумақта орналасады. Қазіргі таңда Малайзия бұл өнімін Аустралияға сата бастады», – дейді олар.

(baq.kz)



1. Астанадағы «ЭКСПО» көрмесінің тақырыбы не?
2. «ЭКСПО-2017» көрмесінің Қазақстан үшін маңызы мен экономикалық тиімділігі қандай деп ойлайсындар?



2. Ақпарат көздерін пайдаланып, «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы сұхбаттасындар. Ресми сөздер мен дайын тіркестерді, терминдерді қолданындар.

Сұхбат сұрақтары:

1. Көрменің Астанада өткізуі туралы шешім қашан және қайда қабылданды?
2. Көрмеге дайындық жұмыстары қалай жүргізілді?
3. Көрме қанша уақытқа созылды?
4. Көрмеге қанша ел қатысты?
5. Көрме тақырыбы қалай аталады және ол неге арналған?
6. Көрме өз мақсатына жетті деп ойлайсың ба?



3. Төмендегі жаңа технология жетістіктерін кестеге жазындар. Осы тізімді өздерің жалғастырындар.

| Атауы | Сипаттамасы | Ұқсас технологиялар | Олардан артықшылығы |
|-------|-------------|---------------------|---------------------|
| | | | |

1. Сағатқа орналастырылған флеш карта ақпарат тасымалдай алады. USB құрылғысы арқылы сағатты компьютерге жалғап, мәліметті оңай тасымалдай аласыз және өзіңізбен бірге де алып жүре аласыз.

2. «Оқ өткізбейтін кеудеше» дегенде есімізге тек полиция қызметкерлерінің киетін қалың киімдері (бронезжилет) түседі. Енді бұдан былай қалың, қолайсыз киімдерді кияудің еш

қажеті жоқ. Салмағы 3 кг болатын кеудеше оқ өткізбейді әрі пышақпен де кесілмейді.

3. Үрленетін динамикті кресло. Әуен тыңдап, креслода рақаттанып отырғыңыз келсе, бұл жиһаз нағыз сізге арналған. Қалаған уақытта үрлеп, үстіне отыруға болады немесе желін шығарып тастап, жинап қоюға да болады. Динамиктер екі құлаққа естілетіндей күйде креслоның жоғарғы бөлігіне орналастырылған. Қалаған уақытта ipod, mp3 құралдарына қосып, ән тыңдауға болады.

(www.balalaralemi.kz)

- ✓ 4. Төмендегі етістіктерге етіс жұрнақтарын жалғап, сол сөздермен сөйлем құрастырыңдар. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.

Айт. Сат. Жаса. Іл. Сал. Көр. Хабарла. Әкел. Сыйла.

- 📝 5. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, төмендегі сөйлемдерді толықтырыңдар.

Бүкіләлемдік көрмелер Лондонда, ..., ..., ... өткізілген.

Көрме өткен қалаларда ..., .., ... секілді сәулет ескерткіштері бой көтерген.

«ЭКСПО-2017» ... қаласында өтті.

Астанадағы ЭКСПО-ға ұсынылған болашақ энергия көздері мыналар: ..., ..., ..,

Ғылым мен ... біздің өмірімізді құрылғылар мен аспаптарға толтырды.

XXI ғасырда жаңа технологиялар қарыштап дамыды: ғалымдар ..., .., .., ... ойлап тапты.

- 🏠 6. Астанада өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы ізденіп, кестені толтырыңдар.

| Көрменің тақырыбы | Көрмеде ұсынылған жаңа ғылыми технологиялар | Көрмедегі Қазақстан павильоны | Көрменің еліміз үшін маңызы |
|-------------------|---|-------------------------------|-----------------------------|
| | | | |

§11. Артық болмас білгенің



1. Берілген мәліметтермен танысып, өзара ой бөлісіңдер. Тілдік құралдары арқылы мәтіндердің стилін анықтаңдар.

- Комсат байланыс спутниктері радиобағдарламалар, телефон қоңыраулары, теледидар арналары сияқты ақпаратты алу үшін құрылған. Әдетте олар шығып жатқан радиотолқындар түрінде спутникке түседі. Спутниктер дабылдарды күшейтеді және сәулелерді кері қарай радиотолқындар түрінде жібереді. Ақпаратты өте алыс қашықтыққа жеткізеді немесе оны үлкен аумақтағы көптеген қабылдағыштарға бағыттайды. Спутниктердің көбі геостационарлы орбиталарда орналасқан.
- Радиотарату байланыс спутниктері радиобағдарламаларды және теледидарлық арналарды тарату үшін үлкен аумақтағы көптеген радиоқабылдағыштарға арналған радиоабылдарды жібереді.
- Жер шары байланыс спутниктерімен қоршалған, телекоммуникациялық сымдармен, оптикалық талшықты кабельдермен оралған және радио, қысқа толқындармен тізілген. Телекоммуникациялық желі телефон байланысын, радио және телетаратуды, компьютер деректерін беруді қамтамасыз етеді.
- Соңғы он жыл ішінде ұялы телефондар кірпіш мөлшерінен қолдың бас бармағына дейінгі мөлшерге кішірейіп, едәуір ықшамды бола бастады.
- Дәрігерлер көшіргіштердің сан қилы түрлерін пайдаланып немесе эндоскоптың көмегімен дененің ішін көре алады. Эндоскоп «жеңіл операциялар» деп аталатын лазерлі сәуле көмегімен жарақатты емдейтін операциялар өткізуге мүмкіндік береді.



2. Оқылым мәтінінде берілген ақпаратты графикалық мәтін (кесте, сызба не диаграмма) түрінде жазыңдар.



3. Ресми сөздер мен дайын тіркестерді, терминдерді орынды қолданып, оқылым мәтінінде айтылған құрылғылардың пайдасы мен зияны туралы сұхбаттасыңдар.



4. Төмендегі сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендіріп, өздеріңді сынап көріңдер.

Компьютерлік сауаттылығың қандай?

| | | |
|---|--|----------------|
| Компьютерлік серверлердің бүкіл әлемдік желісі қалай аталады? | | монитор |
| Microsoft компаниясының негізін қалаған адам кім? | | Марк Цукерберг |
| 2004 жылы Facebook әлеуметтік желісін құрған кім? | | Билл Гейтс |
| Компьютердің беті қалай аталады? | | Қазнет |
| 1998 жылы Лэрри Пейдж және С.М.Брин қандай компанияны құрды? | | Интернет |
| Интернет желісінің қазақстандық сегменті қалай аталады? | | Google |
| Интернетте қазақ тілінде алғашқы сайт нешінші жылы пайда болды? | | 1971 |
| Алғашқы электрондық хат нешінші жылы жіберілген? | | 1998 |
| «Менің бар арманым – жердің әр тұрғыны үшін жеке компьютер жасап шығару». Кімнің сөзі? | | Рей Томлинсон |
| Евгений Касперский 1989 жылдың қазан айында өзінің компьютерінен бірінші рет қандай вирусты анықтады? | | Билл Гейтс |
| Электрондық поштаны жасаған ғалым кім? | | смартфондар |
| Телефонды байланыс қызметі бар қалталы компьютер түрі қалай аталады? | | Cascade |



5. Болашақта адам өмірін жақсартатын қандай құрылғы ойлап табар едіңдер? Өз ойларыңды жинақы мәтін түрінде жазыңдар.

ГЛОССАРИЙ

- 1. Көркем сөйлеу** – әдеби тіл нормасын сақтап, ойды бейнелеп, әсерлі етіп жеткізу. Түрлі тілдік құралдар – мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздер, теңеулер т.б. қолданылады. Оған мұғалімнің сөйлеуін, диктордың, журналистің, жазушының сөзін жатқызуға болады. Көркем шығармалар көркем сөйлеу тіліне негізделеді.
- 2. Ауызекі тіл, ауызекі сөйлеу** – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеу алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындықтан, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі сақтала бермейді. Қаратпа, қыстырма сөздер, ым-ишара көп қолданылады.
- 3. Жинақы мәтін** бастапқы мәтіндегі негізгі ойды, басты идеяны сақтап сығымдау (компрессия) барысында пайда болады.
- 4. Сипаттамалық эссе** адамның, жердің, заттың бейнесін сипаттау мақсатында жазылады. Оқырманға сипатталған затты елестетеді.
- 5. Келісу-келіспеу эссесінде** автор өз көзқарасын дәлелдейді.
 1. Екі-үш сөйлеммен өз көзқарасын жазады. Дәлелі болуы керек.
 2. Басқалардың қарсы пікірін және оған неге келіспейтін жазады.
 3. Қорытынды жазады. Бұл мәселеге қатысты екі түрлі пікір болғанын айтып, өз пікірін нақтылайды.
- 6. Дәлелдемелік эссе** оқырманға автордың өз ойын дәлелдеп, айтылған ойға оқырманның көзін жеткізу мақсатында жазылады.
- 7. Хабарламалық эссе** – автордың жеке көзқарасын бірінші жақта баяндайтын эссе түрі.

8. **Өмірбаян** – оқуға түсу, қызметке кіру, жұмысқа тұру, қызмет ауыстыру және т.б. жағдайларда жазылатын ресми құжат. Онда жеке адамның өмір жолындағы маңызды мәліметтер рет-ретімен хронологиялық тәртіппен беріледі. Өмірбаянда адамның толық аты-жөні, туған жылы, айы, күні, ұлты, білімі, оқыған оқу орындары, отбасы жағдайы, қоғамдық-саяси қызметі, өмірбаян толтырған кездегі жұмысы, мекенжайы көрсетілуі міндетті.
9. **Аргументативті эссе** қарама-қайшылық тудыратын тақырыптарға жазылып, аргументтерімен бірге беріледі.
10. **Салыстырмалы немесе кереғар эссенің** мақсаты екі немесе одан да көп мәселелердің қарым-қатынастарын, айырмашылықтар мен ұқсастықтарын таратып жазу.
11. **Ресми стиль** ісқағаздарда, нұсқау хаттарда, бағдарламаларда, қатынас қағаздарында т.б. кеңсе құжаттарында қолданылады. Оның арнайы құрылымы болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 1: Адам. – Алматы, 2009.
5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 2: Табиғат. – Алматы, 2013.
6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 3: Қоғам. – Алматы, 2013.
7. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007.
8. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2003.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.
10. Қазақстан қорықтары мен ұлттық бақтары. Жинақ. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
11. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005.
12. Ибрагимов Қ. Қазақ тілі. – Алматы: Шың-Кітап, 2010.
13. Жетісу энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2004.
14. Жұмаділов Қ. Әңгімелер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1968.
15. Мұратбеков С. Шығармалары. – Алматы: Ан Арыс, 2013.
16. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Шығармалары. – Павлодар, 2003.
17. Балалар энциклопедиясы. 1-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2008.
18. Әлемде талай қызық бар. Ғажайып құбылыстар. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006.
19. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Санат, 2005.
20. Ахметова З. Бабалар аманаты. Естелік-эссе. – Алматы, 2017.
21. Ахметова З. Шуақты күндер. – Алматы, 2008.
22. Ақ бата. – Алматы: Өнер, 2002.
23. Сейіт Кенжеахметұлы. Қазақтың салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. – Алматы, 1994.
24. Қазақ ұлттық ойындары. Құрастырғандар: Тайжанов С., Қасымбек С. – Алматы, 2004.
25. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2012.
26. Асанова Б. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы. – Алматы: Қыздар университеті, 2014.
27. Сұрақ және жауап. Энциклопедия. – Алматы: Алматыкітап, 2007.
28. Құралұлы Б. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: Өнер, 1997.
29. Наурыз: жаңғырған салт дәстүрлер. 4-кітап: Қазақ балуандары. Құрастырған Қазыбаева М. – Алматы, 1991.
30. Нұрмаханов Ә. Жекпе жек. – Алматы: Жалын, 1985.

Электрондық қорлар

- | | |
|---|--|
| 1. https://kk.wikipedia.org/wiki | 10. http://abai.kz/post/16794 |
| 2. kitaphana.kz › Articles | 11. bbs.elarna.com/kitap |
| 4. olke.kz/index.php?option=com | 12. kaztrk.kz/news/portal |
| 5. http://adebiportal.kz/kz/news | 13. http://old.el.kz |
| 6. http://massaget.kz | 14. https://egemen.kz/article |
| 7. www.qazaquni.kz | 15. uzdikter.biz/pedagog... |
| 8. www.inform.kz | 16. https://baq.kz/kk/news |
| 9. www.uniface.kz/index | 17. http://www.azattyq.org |

Иллюстрациялық материалдар сілтемелері

- <https://ppt-online.org>. «Әлемнің жеті кереметі» онлайн-презентация. Дайындаған: Азамат Лұқпанов.
- <http://snkjsp.blogspot.com>. Блог методического объединения учителей гуманитарных предметов. Автор: Дмитрий Смоленцев.
- <https://dergachev-va.livejournal>. Мақала: «Олимпийские игры. От Древней Греции до Сочи». Автор: Владимир Дергачев.
- <https://massaget.kz>. Мақала: «Александрия шамшырағы туралы біле жүрелік». Дайындаған: Жасұлан Исакаев.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki>. Сурет: А. Ғалымбаева_Bір_кесе_қымыз_1967_ж..jpg.
- <https://thenortheasttoday.com>. Мақала: «Inclusion of Kabaddi in Olympics». Дереккөзі: Written by Bijoy Sharma.
- <http://bukmekerov.net>. Мақала: «Как делать ставки на херлинг?». Автор: Александр Ч.
- <https://1kr.ua/news>. Фото: Первый Криворожский.
- <http://krasota-i-sport.ru>. Мақала: «Три метра над уровнем батута». Автор: Мария Недбайлова.
- alimbek_ulan. Бозжыра. Фото: Ұлан Әлімбек
- <http://www.oinet.kz>. Мақала: «Абайсызда жоғалған «алтын асық». Автор: Ғалымжан Елшібай.
- <https://tengrinews.kz>. Мақала: «Организовать занятия спортом для офисных работников предложил Ермахан Ибраимов».
- <http://www.chinafile.com/reporting-opinion/media/american-students-china-its-not-authoritarian-we-thought>
- <https://www.newsonelplace.com/article/6951671607/suspended-railway-coolest-system>
- <https://www.designboom.com/technology/flying-car-roundup-08-16-2016/>
- <https://www.kursiv.kz/news/vlast/kitaj-podderzit-kazahstan-v-provedenii-ekspo-2017>

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| Алғы сөз | 3 |
| I. Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография | 4 |
| §1. Бурабай ұлттық саябағы | 4 |
| §2. Алтынемел ұлттық саябағы..... | 6 |
| §3. Бозжыра, Шарын шатқалдары..... | 9 |
| §4. Хан Тәңірі шыңы..... | 11 |
| §5. Түркістан | 14 |
| §6. Сауыр-Тарбағатай | 16 |
| §7. Барсакемелес қорығы туралы аңыз | 18 |
| II. Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика | 21 |
| §1. Ұлттық құндылықтар бастауы | 21 |
| §2. Туған жер – тұғырым | 23 |
| §3. Тіл – халық қазынасы | 25 |
| §4. Қазақтың салт-дәстүрі – ұлттық құндылығы | 27 |
| §5. Туған тарихың – түп тамырың..... | 29 |
| §6. Ұшқан ұя..... | 31 |
| §7. Әке – тірегің, ана – жүрегің..... | 33 |
| §8. Ұл – ұлт болашағы, қыз – ұлт намысы..... | 34 |
| III. Әлемнің жеті кереметі. Лексикография | 37 |
| §1. «Жеті ғажайып» сыры..... | 37 |
| §2. Египет пирамидалары | 39 |
| §3. Семирамида бағы..... | 41 |
| §4. Артемида ғибадатханасы | 43 |
| §5. Салтанатты Галикарнас | 45 |
| §6. Родостағы алып мүсін..... | 46 |
| §7. Зевс мүсіні | 48 |
| §8. Александрия шамшырағы | 50 |
| IV. Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Лексика | 52 |
| §1. Астана келбеті – ұлт келбеті | 52 |
| §2. Астана – болашақтың қаласы | 54 |
| §3. Халықаралық Астана әуежайы..... | 56 |
| §4. Ел қуаты – елорда экономикасы | 58 |
| §5. «Бәйтерек» монументі | 60 |
| §6. Астана – бейбітшілік қаласы | 63 |
| §7. Астана мұхитбағы..... | 65 |
| §8. Қазіргі заманғы өнер мұражайы | 67 |
| §9. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры..... | 68 |
| §10. Қазақ ұлттық өнер университеті | 70 |

| | |
|--|------------|
| §11. Астана циркі..... | 73 |
| V. Тарихи тұлғалар. Лексика | 75 |
| §1. Үш жүздің төбе биі – Төле би..... | 75 |
| §2. Абылай хан..... | 78 |
| §3. Бала Абайдан дана Абайға дейін | 79 |
| §4. Ұлбике ақын | 81 |
| §5. Күй атасы – Құрманғазы | 83 |
| §6. Ахметтің даналық тағылымы..... | 85 |
| §7. Алаш қайраткері – Міржақып Дулатұлы | 88 |
| §8. Әлихан Бөкейхан – ұлт көсемі | 89 |
| §9. Ер есімі – ел есінде..... | 92 |
| §10. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев..... | 94 |
| §11. Қазақтың тұңғыш суретші қызы – Айша | 96 |
| §12. Қазақ киносының саңлағы | 98 |
| VI. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология | 100 |
| §1. Су – тіршілік көзі..... | 100 |
| §2. Судың да сұрауы бар..... | 102 |
| §3. Судың түсі қандай?..... | 104 |
| §4. Қазақстанның ішкі сулары. Өзендер | 107 |
| §5. Таулардан өзен ағар сарқыраған | 108 |
| §6. Қазақстан көлдері..... | 109 |
| §7. Қазақстандағы теңіздер | 112 |
| §8. Жаңбырменен жер көгерер..... | 114 |
| §9. Сумен байланысты аңыз-әңгімелер..... | 116 |
| §10. Су иесі – Сүлеймен..... | 117 |
| VII. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология | 120 |
| §1. Спорт – өнер | 120 |
| §2. Ұлттық ойындар | 122 |
| §3. Олимпиада – спорт шыңы | 124 |
| §4. Тезірек, биігірек, күштірек!..... | 126 |
| §5. Қазақ балуандары..... | 128 |
| §6. Тұңғыш олимпиада чемпионы атанған қазақ | 130 |
| §7. Бокс саңлақтары..... | 132 |
| §8. Сидней олимпиадасының чемпиондары | 135 |
| §9. Халықаралық спорт күні | 137 |
| §10. Жүзу спорты..... | 138 |
| VIII. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология | 140 |
| §1. Жеті ата – елтанудың бастауы..... | 140 |
| §2. Сүйінші..... | 141 |
| §3. Сәлем беру – салтымыз | 143 |
| §4. Үлкендердің сарқыты | 145 |

| | |
|---|------------|
| §5. Қазақтың дастарқаны..... | 147 |
| §6. Жолашар, тоқымқағар | 149 |
| §7. Қауышу күні..... | 151 |
| §8. Ұлт мейрамы..... | 153 |
| §9. Наурыздағы бата-тілектер | 155 |
| IX. Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология | 157 |
| §1. Кітапхана мен кітаптың маңызы | 157 |
| §2. Кітап күні..... | 158 |
| §3. Жеке кітапхана..... | 159 |
| §4. Ең үлкен, ең кіші, ең қымбат, ең ауыр кітаптар | 161 |
| §5. Александрия кітапханасы..... | 163 |
| §6. Отырар кітапханасы..... | 165 |
| §7. Ақсақ Темір кітапханасы | 167 |
| §8. Конгресс кітапханасы..... | 168 |
| §9. Франция Ұлттық кітапханасы | 171 |
| §10. Қытай Ұлттық кітапханасы | 172 |
| §11. Қазақстан кітапханалары | 174 |
| X. Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация | 177 |
| §1. Ғылым және білім..... | 177 |
| §2. «Ғылым таппай мақтанба» | 179 |
| §3. Ғылым мен таным..... | 182 |
| §4. Ғылыми ізденіс | 183 |
| §5. Технологиялар: бүгін және ертең..... | 185 |
| §6. Жаңа технологиялар | 187 |
| §7. Бүкіләлемдік көрмелер тарихынан | 189 |
| §8. Болашақ технологиялары | 191 |
| §9. IT көшбасшылары..... | 194 |
| §10. «ӘКСПО-2017» Астанада | 195 |
| §11. Артық болмас білгенің | 198 |
| Глоссарий..... | 200 |
| Пайдаланылған әдебиеттер..... | 202 |



Электрондық нұсқа

Оқулық басылым

**Ермекова Тыныштық Нұрдәулетқызы
Отарбекова Жәмила Керімбайқызы
Тоқтыбаева Гүлжанат Бураханқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық

| | |
|-----------------------------|--|
| Суретшілері | А.Айтжанов, А.Хақимжанова, Ә.Төлебиев, Д.Қдыров, С.Пернебаева |
| Картограф | Б.Қожахметов |
| Бас редакторы | Қ.Қараева |
| Редакторы | Н.Абдижапшарова |
| Корректоры | А.Қолғанатова |
| Техникалық редакторы | В.Бондарев |
| Көркемдеуші редактор | Е.Мельникова |
| Суретші-бездіруші | О.Подопригора |
| Мұқабаның дизайны | В.Бондарев |
| Беттегендер | Г.Илишева, Т.Макарова, Л.Костина |

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 03.07.17 берілді. Басуға 04.06.18 қол қойылды. Пішімі 70 x 100^{1/16}. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16,77. Таралымы 30000 дана.

Артикул 806-003-001к-18